

МКҚК «Балғын» балабақшасы

«Бекітемін»

Балабақша меңгерушісі:

Т.Жақыпбекова



Перспективалық жоспар

Кіші «Құлыншақ» тобы

2021 – 2022 оқу жылы

	Қыр- күйек	«Менің балабақшам»	«Менің достарым»	«Менің сүйікті ойыншықта- рым»	«Жиһаздар»
--	-----------------------	-------------------------------	-----------------------------	---	-------------------

Өтпелі тақырып	«Менің балабақшам»	Күні:03.09.21ж Тақырыбы: «Бала, бала,балапан». Мақсаты: Музыка тыңдауға қызығушылықты және түрлі жанрлы музыкалық шығармаларды: эн, полька, марш, вальс, баяу және көңілді әндер тыңдау ережесін сақтауды қалыптастыру. Дене мүшелерін игеріп, қолды, аяқты қимылдата тырып әуенмен бірге қимылдар жасауға үйрету. Ырғақпен ілесе қимыл жасауға дағдыландыру.	Күні: 10.09.21ж Тақырыбы: «Айгүл қонақта». Мақсаты: Әннің мағынасын түсіну, қоңыраулардың жоғары және төмен дыбысталуын, фортепианоның дыбысталуын, түрлі ырғақты, түрлі музыкалық аспаптарда орындалған таныс әуендерді тыңдау. Музыкаға деген ынтасын арттыру, музыка әуеніне сәйкес қимыл жасай білуге үйрету.	Күні: 14 .09.21ж Тақырыбы: «Қуыршақпен билейміз». Мақсаты: Ән айтуға қызығушылықты, тәрбиешінің дауыс ырғағына еліктеу, әннің сөздері мен жеке буындарды айту, созылыңқы дыбысталуға еліктей отырып ересекпен қосылып ән айту. Қуыршақ арқылы балалардың музыкаға қызығушылығын, қабілетін арттыру. Күні: 17.09.21ж Тақырыбы: «Қуыршақпен билейміз». Мақсаты: Ән айтуға қызығушылықты, тәрбиешінің дауыс ырғағына еліктеу, әннің сөздері мен жеке буындарды айту, созылыңқы дыбысталуға еліктей отырып ересекпен қосылып ән айту. Қуыршақ арқылы балалардың музыкаға қызығушылығын, қабілетін арттыру. Ойыншық көмегімен қимыл-қозғалыс жасай білуге үйрету.	Күні: 21 .09.21ж Тақырыбы: «Көңілді сылдырмақтар». Мақсаты: Әннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп орындау, ырғақты бейнесі мен динамикасын дәл беру, әннің кіріспесін, басын, қайырмасын ажырату. Күні: 24.09.21ж Тақырыбы: «Көңілді сылдырмақтар». Мақсаты: Әннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп орындау, ырғақты бейнесі мен динамикасын дәл беру, әннің кіріспесін, басын, қайырмасын ажырату.

	Қазан	«Менің отбасым ата-аналар еңбегі»	«Менің көшем»	«Үйдегі және көшедегі қауіпсіздік»	«Алтын күз»
Өтпелі тақырып «Менің отбасым»		Күні: 01 .10.21ж Тақырыбы: «Менің әжем» Мақсаты: Әнді сахналауда қимылдардың жеке элементтері қолдану, күрделі емес қимылдар бірізділігін есте сақтау. Музыканы тыңдауды, еске түсіру қабілеттерін дамыту, ояту, ырғақты сезіну.	Күні: 08.10.21ж Тақырыбы: «Қарандаршы далаға» Мақсаты: Музыка және әннің мазмұнына қарай би қимылдарын шеңберде тұрып орындау. Көңілді шат-шадыман музыка арқылы тыңдауға, естуге ынталандыру. Қимылдық ойын арқылы ән айту сезімін ояту.	Күні: 12.10.21ж Тақырыбы: «Жаңбыр жауды себелеп» Мақсаты: Әнді жеке және топпен айту, әуеннің жеке екпінін және ырғақты дұрыс жеткізу дағдыларын қалыптастыру. Ауа райының құбылыстарымен байланыстыра білуге, музыкалық қабілеттерін арттыруға дағдыландыру. Күні: 15.10.21ж Тақырыбы: «Жаңбыр жауды себелеп» Мақсаты: Әнді жеке және топпен айту, әуеннің жеке екпінін және ырғақты дұрыс жеткізу дағдыларын қалыптастыру. Ауа райының құбылыстарымен байланыстыра білуге, музыкалық қабілеттерін арттыруға дағдыландыру	Күні: 19.10.21ж Тақырыбы: «Күз ырғағы» Қайталау. Мақсаты: Созылыңқы дыбысталуға еліктей отырып ересекпен қосылып ән айту. Музыка ырғағына баулу, ойната отырып көңіл күйін көтеру. Күні: 22.10.21ж Тақырыбы: «Күз ырғағы» Қайталау. Мақсаты: Созылыңқы дыбысталуға еліктей отырып ересекпен қосылып ән айту. Музыка ырғағына баулу, ойната отырып көңіл күйін Көтеру.
	Қараша	«Өзім туралы»	«Дұрыс тамақтану, дәрумендер»	«Өзіңе және өзгелерге көмектес»	«Біз күштіміз, ептіміз»

Өтпелі тақырып	«Дені саудың- жаны сау»	Күні:05.11.21ж Тақырыбы: «Кел балақан» Мақсаты: Музыка тыңдауға қызығушылықты және түрлі жанрлы музыкалық шығармаларды ән полька,марш, вальс,баяу көңілді әндер тыңдау ережесін қалыптастыру. Ырғақты сезінуге, «жәй және тез» «ақырын және қатты» ұғымдарын түсінуге үйрету.	Күні:12.11.21ж Тақырыбы: «Күзгі бақта» Мақсаты: Ән айтуға қызығушылық-ты сазгердің дауыс ырғағына еліктеу,әннің сөздері мен жеке буындарды айту. ән арқылы, ойын арқылы балалардың қызығушылығын арттыру,күзгі бақ туралы түсінік беру.	Күні:16 .11.21ж Тақырыбы: «Менің, анам тамаша» Мақсаты: Әннің сөздері мен жеке буындарды айту,созыңқы дыбысталуға еліктей отырып, ересекпен қосылып, ән айту.Музыка қабілетін дамыту, ырғақты қимылдарды есте сақтау,эстетикалық сезімге тәрбиелеу. Күні:19.11.21ж Тақырыбы: «Менің, анам тамаша» Мақсаты: Әннің сөздері мен жеке буындарды айту,созыңқы дыбысталуға еліктей отырып, ересекпен қосылып, ән айту.Музыка қабілетін дамыту, ырғақты қимылдарды есте сақтау,эстетикалық сезімге тәрбиелеу.	Күні: 23.11.21ж Тақырыбы: «Ормандағы сұр көжек» Мақсаты: Музыканың сүйемелдеуімен жүру және жүгіру, қол ұстасып, жұптасып, шеңбермен жүру. Ырғақты сезіне білуге,ән тыңдауға баулу,әуен ырғағымен қимыл қозғалыс жасау дағдыларын қалыптастыру, көңіл күй сезімін ояту. Күні: 26.11.21ж Тақырыбы: «Ормандағы сұр көжек» Мақсаты: Музыканың сүйемелдеуімен жүру және жүгіру, қол ұстасып, жұптасып, шеңбермен жүру. ырғақты сезіне білуге,ән тыңдауға баулу,әуен ырғағымен қимыл қозғалыс жасау дағдыларын қалыптастыру, көңіл күй сезімін ояту.
----------------	-------------------------	--	--	--	---

	Жел- тоқ- сан	«Менің Қазақста- ным»	«Туған өлкем»	«Астана – отанымыздың жүрегі»	«Тәуелсіз Қазақстан»
Өтпелі тақырып «Менің Қазақ таным»		Күні: 03.12.21ж Тақырыбы: «Көңілді барабан» Өнді жеке және топпен айту, әуеннің жеке екпіннің және ырғақты дұрыс жеткізу дағдыла-ын қалыптастыру. Әуенді тыңдауға есту, есіне сақтау қабілетін, ырғақты ажыратуға баулуды жалғастыру, барабанда ойнауға үйрету.	Күні: 10.12.21ж Тақырыбы: «Біз өмірдің гүліміз!» Музыка тыңдауға қызығушылықты және түрлі жанрлы музыкалық шығармаларды: ән, полька, марш, вальс, баяу және көңілді әндер тыңдау. Музыкаға деген сезімдерін ояту, «бәсең» және «көтеріңкі» дыбыстарды айту-ға дағдыландыру. Патриоттық сезімін ояту.	Күні: 14.12.21ж Тақырыбы: «Желбірейді жа-лауша» Өнді күш түсірмей табиғи дауыспен, дауысты жылдамдатпай, жеке сөздерді айқайламай айтуды қалыптастыру. Ырғақпен нық басып жүруге, әуенді сезіне білуге баулу. Би қимылдарын қайталап көрсетуге дағдыландыру. Күні: 31.12.21ж Тақырыбы: «Желбірейді жа-лауша» Өнді күш түсірмей табиғи дауыспен, дауысты жылдамдатпай, жеке сөздерді айқайламай айтуды қалыптастыру. Ырғақпен нық басып жүруге, әуенді сезіне білуге баулу. Би қимылдарын қайталап көрсетуге дағдыландыру.	Күні: 21.12.21ж Тақырыбы: «Біз балдырған» Әннің сөздері мен жеке буындарды айту, Созыңқы дыбысталуға еліктей отырып, ересекпен қосылып ән айту. Ән арқылы төлдердің қимылдарын жасай білуге үйрету. Күні: 24.12.21ж Тақырыбы: «Біз балдырған» Әннің сөздері мен жеке буындарды айту, Созыңқы дыбысталуға еліктей отырып, ересекпен қосылып ән айту. Ән арқылы төлдердің қимылдарын жасай білуге үйрету.

	Қаң- тар	«Айналамыз- дағы Өсімдіктер»	«Жануарлар әлемі»	«Құстар – біздің досымыз»	«Ғажайып қыс»
Өтпелі тақырып «Табиғат әлемі»			Күні: 14. 01. 22ж Тақырыбы: «Ботақан» Мақсаты: Музыкалық шығарманы эмоциямен қабылдау. Мазмұнды музыкалық ойындарда қимылдардың сипатын беру. Өн арқылы үй жануарларының енесін, төлін ажырата білуге үйрету.	Күні: 18.01.22ж Тақырыбы: «Шымшық» Мақсаты: Музыканы тыңдай білуді , таныс әндерді және оларға тән ерекшеліктерін тани білуді қалыптастыру. Балалардың үй жануарларына деген сүйіспеншілігін арттыру, музыкалық қабілеттерін дамыту. Күні: 21.01.22ж Тақырыбы: «Шымшық» Мақсаты: Музыканы тыңдай білуді , таныс әндерді және оларға тән ерекшеліктерін тани білуді қалыптастыру. Балалардың үй жануарларына деген сүйіспеншілігін арттыру, музыкалық қабілеттерін дамыту.	Күні: 25.01.22ж Тақырыбы: «Қаршақыз бізде қонақта» Мақсаты: Музыканы тыңдай білуді таныс әндерді және оларға тән ерекшеліктерін тани білуді қалыптастыру. Есте сақтау қабілетін дамыту, ырғақты сезіну. Күні: 28.01.22ж Тақырыбы: «Шырша мен ойыншықтар». Мақсаты: Қимыл қарқынын өзгерте отырып қимылдау, бір-біреулеп, жұптаса отырып би қимылдарын орындау, жануарлардың би қимылдарын ұқсату. Музыканы есте сақтау, кейіпкерлерді иллюстрация және әңгіме бойынша танудағыларын қалыптастыру.

	Ақ- пан	«Өлі табиғат кұбылыстар»	«Көліктер»	«электроника әлемі»	«Мамандық тың бәрі жақсы»
Өтпелі тақырып «Бізді қоршаған әлем»		Күні: 04.02.22ж Тақырыбы : «Күн мен Жанбыр» Мақсаты: ән айтуды уақытныда бастап, аяқтау; алға шығып немесе қалып қоймау, кідірісті сақтау. Ойы арқылы көңілді, көңілсіз әуендерді тыңдау, сезінуге баулу.	Күні: 11.02.22ж Тақырыбы : «Көңілді пойыз» Мақсаты: Дербес ойындар мен әрекеттер кезінде ойнаған аспаптардан дыбыстар шығаруға талпыну. Ойын арқылы балалардың есту, сезіну, ән айту қабілеттерін қалыптастыру. Ойыншық кейіпкерлер арқылы шығармашылыққа баулу.	Күні: 15.02.22ж Тақырыбы: «Сылдырмақтар » Мақсаты: Музыкалық шығарманы эмоциямен қабылдау. Музыкаға деген қызығушылығын арттыру, ән айту іскерлігін дамыту, сылдырмақты ырғақты сезіне ойнауға дағдыландыру. Күні: 18.02.22ж Тақырыбы: «Сылдырмақтар » Мақсаты: Музыкалық шығарманы эмоциямен қабылдау. Музыкаға деген қызығушылығын арттыру, ән айту іскерлігін дамыту, сылдырмақты ырғақты сезіне ойнауға дағдыландыру.	Күні: 22.02.22ж Тақырыбы: «Кел,билейік» Мақсаты: музыканы тыңдай білуді, таныс әндерді және оларға тән ерекшеліктері н тани білуді қалыптастыру. Музыканы тыңдауды, еске түсіру қабілеттерін дамыту, ояту, ырғақты сезіну. Күні: 25.02.22ж Тақырыбы: «Кел,билейік» Мақсаты: музыканы тыңдай білуді, таныс әндерді және оларға тән ерекшеліктері н тани білуді қалыптастыру. Музыканы тыңдауды, еске түсіру қабілеттерін дамыту, ояту, ырғақты сезіну.

	Нау- рыз	«Қазақстан халқының салттары мен дәстүрлері»	«Ертегілер елінде. Театр әлемі»	«Өнер көзі халықта»	«Нұр төккен, гүл көктем»
--	---------------------	---	--	--------------------------------	---

Өтпелі тақырып	«Салттар мен фольклор»	Күні:04.03.22ж Тақырыбы: «Әжем келді ауылдан» Мақсаты: Әже арқылы балаларға наурыз туралы мәлімет беру, балаларды музыка ырғағына сай қимыл жасауға үйрету.Әнді жеке және топпен айту,әуеннің жеке екпінін және ырғақты дұрыс жеткізу дағдыларын жеткізу.	Күні: 11.03.22ж Тақырыбы: «Лағым» Мақсаты: музыканы есте сақтау, кейіпкерлерді иллюстрация және әңгіме бойынша тану дағдыларын қалыптастыру. Шапалақтау және бір уақытта аяқпен тарсылдату жар-тылай отыру, аяқ-тан аяққа тербелу.	Күні: 15.03.22ж Тақырыбы: «Әлди-әлди ақ бөпем» Мақсаты: әндерді үйреніп айту және ересектердің қимылдарына еліктеп, қиялдағы аспапта сүйемелдеу. Дене мүшелеріне қатысты қолдың саусағын санауды әрі атай білуді үйрету. Оны музыка үніне қосып айтуға дағдыландыру. Күні: 18.03.22ж Тақырыбы: «Әлди-әлди ақ бөпем» Мақсаты: әндерді үйреніп айту және ересектердің қимылдарына еліктеп, қиялдағы аспапта сүйемелдеу. Дене мүшелеріне қатысты қолдың саусағын санауды әрі атай білуді үйрету. Оны музыка үніне қосып айтуға дағдыландыру.	Күні: 25.03.22ж Тақырыбы: «Көктем гүлі көрікті» Мақсаты: музыка сипатына сәйкес қозғалады, музыка басталғаннан қимылдарды бастайалады. Әуенге ілесе жеңіл би қимылдарын (тербелу, бір орында айналу) жасауға үйрету, көктем мезгілі туралы түсінік беру. Күні: 29.03.22ж Тақырыбы: «Көктем гүлі көрікті» Мақсаты: музыка сипатына сәйкес қозғалады, музыка басталғаннан қимылдарды бастайалады. Әуенге ілесе жеңіл би қимылдарын (тербелу, бір орында айналу) жасауға үйрету, көктем мезгілі туралы түсінік беру.
----------------	------------------------	--	---	---	---

	Сәуір	«Аялайық гүлдерді»	«Ас атасы – нан»	«Жәндіктер мен қосмекенділер әлемі»	«Еңбек бәрін жеңбек»
--	--------------	-------------------------------	-----------------------------	--	-------------------------------------

Өтпелі тақырып	«Біз еңбекқор баламыз»	Күні: 01.04.22ж Тақырыбы: «Әңгелек» Мақсаты: Музыканы есте сақтау, кейіпкерлерді иллюстрация және әңгіме бойынша тану дағдыларын таныстыру. Музыкаға деген сезімдерін ояту, «бәсен» және «көтеріңкі» дыбыстарды айтуға дағдыландыру.	Күні: 08.04.22ж Тақырыбы: «Бесік жыры» Мақсаты: Музыканы тыңдай білуді, таныс әндерді және оларға тән ерекшеліктерін тани білуді қалыптастыру.Бесік жыры арқылы балалардың анаға деген сүйіспеншілігін ояту, музыкалық қабілеттерін арттыру.	Күні: 12.04.22ж Тақырыбы: «Ормандағы көбелектер» Мақсаты: Музыканың сүйемелдеуімен жүру және жүгіру, қол ұстасып, жұптасып, шеңбермен жүру. Бірғақты сезіне білуге, ән тыңдауға баулу, әуен ырғағымен қимыл қозғалыс жасау дағдыларын қалыптастыру, көңіл күй сезімін ояту. Күні: 15.04.22ж Тақырыбы: «Ормандағы көбелектер» Мақсаты: Музыканың сүйемелдеуімен жүру және жүгіру, қол ұстасып, жұптасып, шеңбермен жүру. Бірғақты сезіне білуге, ән тыңдауға баулу, әуен ырғағымен қимыл қозғалыс жасау дағдыларын қалыптастыру, көңіл күй сезімін ояту.	Күні: 19.04.22ж Тақырыбы: «Құлыншақ» Мақсаты: Ұйымдастырылған оқу іс – әрекеті кезінде үйренген әнді айта отырып, сәйкес қимылдарды қайталау. Балаларды үй жануарлармен, оның төлдермен таныстыру. Ән арқылы жан-жануарларды тани білуге, сүйе білуге тәрбиелеу. Дыбыс биіктерін ажыратуға үйрету. Күні: 22.04.22ж Тақырыбы: «Құлыншақ» Мақсаты: Ұйымдастырылған оқу іс – әрекеті кезінде үйренген әнді айта отырып, сәйкес қимылдарды қайталау. Балаларды үй жануарлармен, оның төлдермен таныстыру. Ән арқылы жан-жануарларды тани білуге, сүйе білуге тәрбиелеу. Дыбыс биіктерін ажыратуға үйрету.

	Ма- мыр	«Достық – біздің тірегіміз, халықтар достығы»	«Әрқашан күн сөнбесін»	«Көңілді жаз»	«Мен жасай аламын»
--	--------------------	--	-----------------------------------	----------------------	-----------------------------------

Өтпелі тақырып	«Әрқашан күн сөнбесін!»	Күні: 06.05.22ж Тақырыбы: «Ағайынбыз, бәріміз!» Мақсаты: Әнді жеке немесе топпен айту, әуеннің жеке екпінін және ырғақты дұрыс жеткізу дағдыларын қалыптастыру. Ырғақпен нық басып жүруге, әуенді сезіне білуге баулу. Би қимылдарын қайталап, көрсетуге дағдыландыру	Күні: 13.05.22ж Тақырыбы: «Айгөлек» Мақсаты: Ұйымдастырыл-ған оқу іс – әрекеті кезінде үйренген әнді айта отырып, сәйкес қимылдарды қайталау.Балаларды үй жануарлармен, оның төлдермен таныстыру. Ән арқылы жан-жануарларды тани білуге, сүйе білуге тәрбиелеу.Дыбыс биіктерін ажыратуға үйрету.	Күні:17.05.22ж Тақырыбы: «Менің мысығым» Мақсаты: Әнді жеке немесе топпен айту, әуеннің жеке екпінін және ырғақты дұрыс жеткізу дағдыларын қалыптастыру. Әуенді тыңдауға, есте сақтау қабілеттерін арттыруға, ырғақты ажыратуға үйрету.Әуеннің ырғағына сай жәй басып жүруге, жүгіруге дағдыландыру. Күні: 20.05.22ж Тақырыбы: «Менің мысығым» Мақсаты: Әнді жеке немесе топпен айту, әуеннің жеке екпінін және ырғақты дұрыс жеткізу дағдыларын қалыптастыру. Әуенді тыңдауға, есте сақтау қабілеттерін арттыруға, ырғақты ажыратуға үйрету.Әуеннің ырғағына сай жәй басып жүруге, жүгіруге дағдыландыру.	Күні:24.05.22ж Тақырыбы: «Қошақаным » Мақсаты: Әнді жеке немесе топпен айту, әуеннің жеке екпінін және ырғақты дұрыс жеткізу дағдыларын қалыптастыру. Әуенді тыңдауға, есте сақтау қабілеттерін арттыруға, ырғақты ажыратуға үйрету.Әуеннің ырғағына сай жәй басып жүруге, жүгіруге дағдыландыру. Күні:27.05.22ж Тақырыбы: «Қошақаным » Мақсаты: Әнді жеке немесе топпен айту, әуеннің жеке екпінін және ырғақты дұрыс жеткізу дағдыларын қалыптастыру. Әуенді тыңдауға, есте сақтау қабілеттерін арттыруға, ырғақты ажыратуға үйрету.Әуеннің ырғағына сай жәй басып жүруге, жүгіруге дағдыландыру.
--	---	--	---	--	---

МКҚК «Балғын» балабақшасы

«Бекітемін»

Балабақша меңгерушісі:

Т.Жақыпбекова



Күнделікті жоспар

Кіші «Құлыншақ» тобы

2021 – 2022 оқу жылы

Күні: 03 .09. 21ж

Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Музыка

Тақырыбы: «Бала, бала балапан»

Мақсаты: Музыка тыңдауға қызығушылықты және түрлі жанрлы музыкалық шығармаларды: ән, полька, марш, вальс, баяу және көңілді әндер тыңдау ережесін сақтауды қалыптастыру. Дене мүшелерін игеріп, қолды, аяқты қимылдата тырып әуенмен бірге қимылдар жасауға үйрету. Ырғақпен ілесе қимыл жасауға дағдыландыру.

Көрнекілігі: Балалардың суреті

Билингвалды компонент: Балалар – дети

Сабақтың барысы: Балалар көңілді музыка үнімен залға кіреді. Шеңбер бойымен жүреді. Орындарында тұрып шаттық шеңберін жасайды. Әуенмен бірге айналады, жеңіл үнді музыкамен секіреді. Әуен тоқтағанда бірге тоқтап, қимыл жасауды үйренеді. Музыка жетекшісі балаларға суреттер көрсетеді. Суреттер бойынша сұрақтар қояды. Балалар сұрақтарға жауап беруге тырысады.

«Бала, бала, балапан» әні (И.Нүсіпбаев, Ж. Смақов) орындалады. Әнді орындау барысында алдымен алақанды, содан соң саусақтарды әуенмен көрсетеді. Екінші шумағында (топ- топ басайық) деген сөзге келгенде аяқты топылдатады. Ән бірнеше рет қайталанатын. **«Көңілді ырғақ» ойыны.** Әуен ойналғанда балалар қолдарын шапалақтайды, әуен тоқтағанда қолдарын жасырады. Аяқты топылдатып, қолды жоғары көтеруге тырысады. Әуен аяқталғанда аяқтарын жасыруға талпынады.

Халық әні «Еркем-ай» әуені ойналғанда балалар аяқтарын топылдатады да, әуен тоқтағанда аяқтарын жасырып отыра қалады. Музыкаға ілесіп қимыл жасап, көзге ерекшеленген балаларды атап өту және мадақтау.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: музыканы тыңдай білуді. Қызығушылығы мен ынтасын арттыру.

Игереді: музыка әуенімен қолдарын, саусақтарын, аяқтарын көрсетуді игереді.

Меңгереді: музыка үнімен ілесіп аяқ-қолды қимылдатуға дағдыланады.

Күні: 10.09. 21ж

Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Музыка

Тақырыбы: «Айгүл қонақта»

Мақсаты: Өннің мағынасын түсіну, қоңыраулардың жоғары және төмен дыбысталуын, фортепианоның дыбысталуын, түрлі ырғақты, түрлі музыкалық аспаптарда орындалған таныс әуендерді тыңдау. Музыкаға деген ынтасын арттыру, музыка әуеніне сәйкес қимыл жасай білуге үйрету.

Көрнекілігі: Балабақшаның суреті.

Билинвалды компонент: Дос – друг.

Сабақтың барысы: Музыка жетекшісі балаларды көңілді әуенмен қарсы алады. Балалар, бүгін сендерді қуыршақ күтіп отыр. Кәне, бәріміз қуыршақ Айгүлге жүруді, жүгіруді көрсетейік. Балаларға бірінің соңынан бірі жүруді үйретеді. Аяқтарыңды нық басып, тізіліп жүріңдер. Музыка тоқтағанда жүрістеріңді тоқтатыңдар. Әуенге ілесіп жүреді, әуен тоқтағанда, тоқтайды. Жеңіл әуенмен жүгіреді. «әуен ойнағанда жүгіресіңдер, - деп ескертеді. Музыка жетекшісі қуыршақты алдына алып отырып, әнді орындайды. «Жүгіреміз, жүгіреміз» (Г. Абдрахманова). Балалар, Айгүл өзімен бірге қимыл жасауды өтініп отыр. Айгүл: «Бір, екі, алақай» дегенде алақан соғасындар.

Ал келіңдер, келіңдер,

Мені қуып жетіңдер, - деп, ойынға шақырады.

Ал қанекей қашыңдар,

Тез-тез аяқ басыңдар, - деп балаларды Айгүл қуа жөнеледі. Музыка жетекшісі балалардың көңіл-күйіне қарай ойынды қайталайды. Балалар қуана жүгіріп, музыка әуенімен Айгүлден қашуға тырысады. Балалар қуана ілесіп, ойынды қайталайды.

Балалар, бізге бүгін кім келді? Қуыршақ Айгүл келді. Балалардың жүрісіне, ойынына ризашылығын білдіреді. Айгүл: Балалар, мен сендерге ризамын, сендер өте тез жүгіре алады екенсіңдер. Жарайсыңдар! Балалар Айгүлмен қол бұлап қолдасады.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: әуенге сай қимыл жасауды

Игереді: музыканы тыңдап, қуыршақ Айгүлмен билеуді, ойнауды игереді.

Меңгереді: әуенмен ілесе жүгіруді, жүруді, қашуға дағдыланады.

Күні: 14 -17.09.21ж

Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Музыка

Тақырыбы: «Қуыршақпен билейміз»

Мақсаты: Ән айтуға қызығушылықты, тәрбиешінің дауыс ырғағына еліктеу, әннің сөздері мен жеке буындарды айту, созылыңқы дыбысталуға еліктей отырып ересекпен қосылып ән айту. Қуыршақ арқылы балалардың музыкаға қызығушылығын, қабілетін арттыру. Ойыншық көмегімен өймыл-қозғалыс жасай білуге үйрету.

Көрнекілігі: Ойыншықтардың суреті.

Билингвалды компонент: Ойыншықтар – игрушки.

Сабақтың барысы: Балалар музыка залына әуенмен кіреді. Музыка жетекшісімен амандасады. Жеңіл музыка әуенімен жүгіреді. Қолдарын жоғары көтеріп, қолды білезік буынынан қозғалтады. Әуенге ілесіп қимыл жасайды. Әуен тоқтағанда бірге тоқтау керек. Жеңіл музыка үнімен аяқты жеңіл көтеріп жүреді. Қолдың басты буынынан бұрып қимыл жасайды. Қимылды әуенге ілесе жасайды.

«Қуыршақпен билейміз» әні орындалады.

«Ұйықтап жатыр дамылдап,

Әлди, әлди, әлди-ай» - деген жеріне келгенде дауысты бәсеңдетіп, балаларды да тыныштық сақтауға шақыру керек. Қуыршақ ұйқыдан оянып, би билей бастайды. Ән қайталанып айтылғанда қуыршақ орнына өздері билейді. «Қол созыңдар, балалар, ля-ля-ля», - деген жерінде қолдарын шапалақтауды ұсынады.

- Балалар, Ақмарал сендерді көңілді ойынға шақырып тұр.

«Қуып жет» ойыны ойналады. Қуыршақ Ақмаралды тәрбиеші көтеріп жүгіреді. Ойын керісінше қайталанады.

- Бүгін бізге кім қонаққа келді?
- Балалар жауап беруге тырысады.

Ақмарал сендерге рақмет айтып отыр. Келесі жолы тағы да келіп, сендермен бірге ойнаймын деп отыр. Ақмаралмен қоштасайық, - деп қол бұлғап, балаларды шығарып салады.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: музыкамен тербетілуді, тыныштық сақтауды білуі керек.

Игереді: тыңдауды, қайталауды, қуыршақты ұстауды.

Меңгереді: музыка үнімен бірге ілесе қимылдар жасауды, музыка тоқтағанда бірге тоқтауды, қуып жетуді, қашуды.

Күні: 21 – 24.09.21ж

Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Музыка

Тақырыбы: «Көңілді сылдырмақтар.»

Мақсаты: Бубенмен, сылдырмақпен, бірқалыпты ырғақты, түрлі бейнелік-ойын қимылдарын бере отырып заттар мен қимылдар жасау. Ойыншықтар арқылы балалардың музыкаға деген сезімдерін ояту. Балалардың есту қабілетін арттыру.

Көрнекілігі: Сылдырмақтың суреті

Билингвалды компонент: Сылдырмақ-погремушка

Сабақтың барысы: Балалар музыка залына әуенмен кіреді. Музыка ырғағымен бірінің соңынан бірі тізіліп, аяқты нық басып жүреді, жүгіреді. Алдымен сылдырмақтың суретін көрсетіп, сұрайды: Балалар жауап бере алмаса, музыка жетекшісі өзі айтады.

-Кәне, қазір бәріміз сылдырмақты қолға алып, сылдырлатайық.

«**Көңілді сылдырмақтар**» әні (И. Сапарбай, А. Тоқсанбаев). Музыка жетекшісі әнді орындап береді.«Сылдыр-сылдыр,сылдырмақ, Сөлейтіндей былдырлап»- деген сөздер айтылғанда балалар сылдырмақты сырдырлатады. Әннің үшінші шумағында:

«Балалар қайда кетті екен,

Бұл маңайда жоқ па екен», -деген жерінде балаларға сылдырмақты алдарына қойып, екі қолымен бетін жабуды сұрайды.

«Ортада әлі ойын бар,

Кәне, шыға қойыңдар», - деген сәтте балалар сылдырмақты қолына алып, сілкілейді.

- Сонымен, бүгін біз қандай ойыншықпен ойынадық, көрсетіндерші?

Ойыншық сендерге ұнады ма?

Іс-әрекет кезінде жақсы қатысқан баланы атап өту. Ілесе алмаған баланы да мадақтап, келесі жолы жақсы орындайтынын атап көрсетеді.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: музыканы тыңдап, есте сақтауды, әнді ілесе айтуды.

Игереді: музыка ырғағымен сылдырмақты ұстап сылдырлатуды.

Меңгереді: музыканы тыңдап, бірге қимыл жасай біледі, музыкамен ілесе ойнауға дағдыланады.

Күні: 01 .10.21ж

Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Музыка

Тақырыбы: «Менің әжем»

Мақсаты: Әнді сахналауда қимылдардың жеке элементтері қолдану, күрделі емес қимылдар бірізділігін есте сақтау. Музыканы тыңдауды, еске түсіру қабілеттерін дамыту, ояту, ырғақты сезіну.

Көрнекілігі: Әженің суреті.

Билингвалды компонент: Әже – Бабушка

Сабақтың барысы: Музыка жетекшісі балаларды қарсы алады, амандасады. Әже немересіне қарап тұрған суретті көрсетеді. Өлең оқиды:

*«Еркем әнім, ертеңім,
Елжіреткен көркемім.*

Ертеңіме ертегі

Шежіремді шертемін», - деп әжесі немересіне өлең оқып беріпті.

Балалар өлеңді тыңдап, әже суретіне қарайды. Музыка жетекшісі:

- Ал балалар, балалар,

Шеңберге тұра қойыңдар.

«Кел, балақан» әнін айтып,

Қайталайық, балалар.

Ән айту: «Кел балақан» Әже қолындағы қоржынымен кіреді.

- Амансыңдар ма, балаларым! Мен сендерге «**Күз жомарт**» **әнін** орындап берейін, ал сендер тыңдаңдар. Музыка жетекшісі әнді қосыла айтып, бірге ырғақпен шапалақтауды ұсынады.

- балаларым, балғындарым, тағы қандай өнерлерің бар?

Музыка жетекшісі: Біздің ұлдарымыз «**Шабандоз**» **биін** үйренгісі келеді, - деп билеуді ұсынады, үйретеді.

Әже: Онда қыздарым маған келсін, мен оларға «**Қара жорға**» **биін** үйретеді. Ал енді менің қоржынымда не бар екен, өздерің алып көріңдер. Балалар билегісі келгенін көрсетеді, шабады, қамшыны ұстауды, орындыққа отырып шабуды үйренеді. Қыздар әженің қасына отырып қимылдап, қолмен, басымен иілуді үйренеді.

Әже: - сау болыңдар, сендер жақсы биледіңдер, ойнадыңдар, менің «Күз жомарт» әнімді қайталап жүріңдер.

Музыка жетекшісі балалардың жақсы қатысқанын айтып мақтайды. Балалар жақсы қатысып, көңіл күйлері көтеріледі.

Балалар әжемен қоштасады.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: Әуенді қайталауды, тыңдауды, әнді айтуды.

Игереді: қамшы ұстауды, асық алуды, салуды.

Меңгереді: шабуды, орнына отыруды, қолдарымен қимыл жасауды.

Күні: 08.10.21ж

Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Музыка

Тақырыбы: «Қараңдаршы далаға»

Мақсаты: Музыка және әннің мазмұнына қарай би қимылдарын шеңберде тұрып орындау. Көңілді шат-шадыман музыка арқылы тыңдауға, естуге ынталандыру. Қимылды ойын арқылы ән айту, сезімін ояту.

Көрнекілігі: Алтын күздің суреті.

Билингвалды компонент: Алтын күз – Золотая осень

Сабақтың барысы: Музыка жетекшісі балалармен амандасады және ойынға шақырады. Музыканың сүйемелдеуімен «Көңілді саусақтар» қимылды әуенін орындайды. Балалар еркін жүріп залға кіреді, амандасады. Балалар, қараңдаршы далада жапырақтар жерге түсіп, түстері сары түске айналған. Яғни, күз мезгілі. «**Сарыжайлау**» күйін тыңдатады.

Ән үйрену: «Күз келгенде» (Қ.Қуатбаев)

Ойын: «Кім жылдам» Екі бала ортаға шығады. Қолдарында себет болады. Белгілі бір уақыт арлығында сарғайған жапырақтарды жинауы тиіс. Кімнің себетінде көп жапырақ болса, сол жеңімпаз.

- балалар біз бүгін қай жыл мезгілімен таныстық? - Күз мезгілі.

Сабақты қорытындылау. Мақтау, мадақтау.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: музыка ырғағын түсініп, сезіммен тыңдап, жетекшінің қимыл-әрекетін жасай біледі.

Игереді: музыка ырғағымен қимылдауды игерді

Меңгереді: қолдарын еркін қимылдату, жинау, жүру, отыру, тұруды меңгеру.

Күні: 12 – 15.10.21ж

Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Музыка

Тақырыбы: «Жаңбыр жауды себелеп»

Мақсаты: Әнді жеке және топпен айту, әуеннің жеке екпінін және ырғақты дұрыс жеткізу дағдыларын қалыптастыру. Ауа райының құбылыстарымен байланыстыра білуге, музыкалық қабілеттерін арттыруға дағдыландыру.

Көрнекілігі: Күз мезгілінің суреті.

Билинвалды компонент: Жаңбыр - Дождь

Сабақтың барысы: Музыка залында музыкалық дыбыс шығарады.

Үйренген қимылдарды таныс әуенге ілесіп орындайды.

Күн болып жанайық,

Жаңбыр болып жауайық,

Гүл болып жайнайық,

Жүгіріп- жүгіріп алайық.

Музыка жетекшісі жаңбырдың суретін көрсетеді. Балаларға «жаңбыр» сөзін қайталатады.

- Жаңбыр қалай жауады? Тырс-тырс-тырс.

«**Жаңбыр**» (Музыкасы Д. Ботбаев, сөзі И. Сапарбай) Музыка жетекшісі әнді орындайды. Ән қайта орындалғанда әннің мәтініне сәйкес балалардың қосылып жасауын талап етеді. «Көктен тырс –тырс жауасың» деген жерде алақандарын жайып, екінші қолмен жауған жаңбырды бейнелейді.

«Біз ойнайтын ауланың,

Тазартасың ауасын», - Дегенде қолдарын жоғары көтереді.

«**Жаңбыр мен күн**» ойыны. Жеңіл музыка ойналып, балалар жүгіреді, музыка ауысып, күн күркіреп, жауын жауғанда қолшатырға тығылады.

Музыка жетекшісі ауа райының құбылыстарын, *жаңбыр, бұлт* сөздерін тағы естеріне түсіріп, қорытындылайды. Балаларды мақтау, мадақтау.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: Ауа райында кездесетін жауын – шашын түрлерін.

Игереді: Жаңбыр, бұлт, жаңбырдың тырсылынын ажыратуды.

Меңгереді: Күн мен жаңбырдың музыка тілінде дыбысталуын.

Күні: 19 - 22.10.21ж

Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Музыка

Тақырыбы: «Күз ырғағы»

Мақсаты: Созылыңқы дыбысталуға еліктей отырып ересекпен қосылып ән айту. Музыка ырғағына баулу, ойната отырып көңіл күйін көтеру

Көрнекілігі: Қоянның суреті.

Билингвалды компонент: Қоян – Заяц

Сабақтың барысы: Музыка жетекшісі балаларды қарсы алып, амандасады.

«Шеңбермен жүреміз» әнімен (Г.Абдрахманова) зал бойымен жүреді.

- Балалар, күзгі ормандағы ағаш түбінде қоян жылап отыр екен, барып қоянды жұбатайық.

«Қоян, қоян, тұра ғой,

Бізбен бірге ойнай ғой», - Деп әндетеді.

Қоян:

«Жаңбыр жауды тарсылдап.

Су боп қалдым қалтырап.

Айналада жапырақ,

Қарным ашты қалжырап».

- Балалар, қоянды бірге жүруге шақырайық, себетке жапырақтарды жинап беруге көмектесеміз бе?

Қоян: «Рақмет сендерге, достарым. Мен сендерге **«Жапырақтар»** әнін айтып берейін. Ал сендер тыңдап, бірге билеңдер, - деп қимылдарды бірге қайталауды ұсынады. – Мен сендерге жапырақтарды сыйлаймын».

Қолдарына екі жапырақтан береді. *«Жапырақтар»* әуенді – қимылды қозғалысы (сөзі мен музыкасын жазған Г.Абдрахманова)

«Жапырақтар» әнін қимылды қозғалыспен үйренеді.

Балаларды **«Бала, бала, балапан»** әнін қайталап айтуға шақырады.

- Балалар, қоян сендермен ойнағысы келеді.

«Сәбіздермен ойнаймыз» ойыны ұйымдастырылады.

Қоян: «Мен сендерге сәбіздерімді бір-бірден беремін, ал сендер музыкамен секіріп жүріп, сәбізді көрсетесіңдер. Музыка тоқтағанда, сәбізді жасырып қалыңдар. Кім үлгермесе, мен алып қоямын». Ойын 2-3 мәрте қайталанады. -

Балалар, сендерге жапырақтар ұнады ма?

- Қоян нені жақсы көреді?

Жетекші балалардың ән айтып, билеп, ойнағандарына ризашылығын білдіреді, мақтайды.

- Балалар, сендерге жапырақтар ұнады ма? - Ұнады.

- Қоян нені жақсы көреді? - Сәбізді

Жетекші балалардың ән айтып, билеп, ойнағандарына ризашылығын білдіреді, мақтайды.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: Музыканы тыңдауды, еске түсіруді, еске сақтауды білуі керек.

Игереді: «себет», «жапырақ», «сәбіз» сөздерін әуенмен айтуды игереді.

Меңгереді: музыкаға ілесе отырып, қимыл-қозғалыстарын бірге жасау дағдыларын меңгереді.

Күні: 05.11.21ж

Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Музыка

Тақырыбы: «Кел, балақан»

Мақсаты: Музыка тыңдауға қызығушылықты және түрлі жанрлы музыкалық шығармаларды ән полька, марш, вальс, баяу көңілді әндер тыңдау ережесін қалыптастыру. Ырғақты сезінуге «жәй және тез», «ақырын және қатты» ұғымдарын түсінуге үйрету.

Көрнекілігі: Балалардың суреті.

Билингвалды компонент: Балалар – дети.

Сабақтың барысы: Үнтаспада көңілді әуен ойналып, музыка жетекшісі балаларды есік алдынан күтіп алады.

Кәне,кәне тұрайық,
Шеңбер жасап құрайық!-

Деп, шеңбер бойымен тұруға дағдыландырады.

Әшекейленген қораптағы сылдырмақтарды көрсетіп, балаларға ұсынады. Өз беттерімен еркін қимылдап, сылдырлатуға ерік береді, қадағалайды, мақтайды.

«Сылдырмақты сылдырлат,
Аяғыңды нықтап бас!»-

деп, балаларды нық басып жүруге үйретеді. Би қимылдарын көрсетіп, қайталауды ұсынады.

«Сылдырмақпен би» (халық әні «Жайдарман», өңдеген К.Қуатбаев)

«Сылдырмақты аламыз,
Қорапшаға саламыз», -

деп, балаларды сылдырмақтарын жинауға, реттеп қоюға дағдыландырады.

«Кел, балақан, кел енді,
Ән тыңдайық біз енді», -

деп, ән тыңдауға шақырады.

«Кел, балақан» әнін (сөзі А.Асылбеков, музыкасы К.Қуатбаев)

орындап, педагог әннің мәтініне сай және қатты шапалақтап, аяқты жай басуды, топылдатуды көрсетіп, балаларға бірге қайталауды ұсынады. Ән қайталанып, балаларға жай және қатты шапалақтап көрсетіп, ырғақпен қосыла қимылдауға машықтандыра түседі.

Музыка жетекшісі:

«Басқа қарап тұрмайық,

Кел, балақан, ойнайық!»-

деп шақырып, «Үйшігіңді тап» ойынын ұйымдастырады. Ойын шартын көрсетіп, балаларға «Епті аяқтар» (А.Токсанбаев) әуеніне тез, жеңіл жүгіруді ұсынады. Шығыршықтарға бөлініп, топтасуларын қадағалайды.

-Балалар, бүгін жақсы билеп, ән айттыңдар. Біз қалай жүгірдік? Қалай қол шапалақтадық? Аяқтарымызды қалай топылдаттық?-деп сұрап, қимылдарды тағы көрсетулерін сұрайды. Өткізілген оқу іс-әрекетін пысықтайды.

Балаларды мақтап, мадақтайды. Балалар қуана жүгіріп, қол шапалақтап көрсетеді. Аяқтарын топылдатып, қайталап көрсетуге талпынады.

Балалар көңілді қоштасып, шығып кетеді. Балаларды мақтау, мадақтау.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: ырғақпен шапалақтау, тез және ақырын аяқты топылдата білуі керек.

Игереді: «жай-жай», «тез-тез», «шарт-шарт», «топ-топ» ұғымдарын түсініп, игереді.

Меңгереді: сылдырмақта еркін ойнайды, көппен бірге қимыл-қозғалыс жасайды, жүгіріп жете алады.

Күні: 12.11.21ж

Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Музыка

Тақырыбы: «Күзгі бақта»

Мақсаты: Әуеннің басталуы мен аяқталуына меңгеру. Сагердің дауыс ырғағына еліктеу, әннің сөздері мен жеке буындарды айту. Ән арқылы, ойын арқылы балалардың қызығушылығын арттыру, күзгі бақ туралы түсінік беру.

Көрнекілігі: Жемістердің суреті.

Билингвалды компонент: Күзгі бақ –осенний сад.

Сабақтың барысы: Балалармен сәлемдесу. Балаларды шеңбер бойына шақыру. «Жүгіреміз, жүреміз» Г.Абдрахманова Әуенді қимылмен жүреді. Балаларды отырғызып, дайындалған, сурет муляждарды көрсетіп ұстау, жемістерді ажырату.

Жемістерді тереміз,

Көкөністә жинаймыз.

Алақай-ау, алақай,

Күзгі бақта ойнаймыз. Музыка жетекшісі «Жемістер мен көкөністер» (Г.Абдрахманова) әнін орындап береді. Жетекші муляждарды кезек-кезек көрсетіп: «Алма –ля-ля-ля, Алмұрт –ля-ля-ля, Қияр-ля-ля-ля, Сәбіз-ля-ля-ля» деп айтқызып үйретеді. Созылатын «ал» деген сөзге дыбыстың созылатынын анықтап айтқызады және эмоция арқылы көрсетеді. «Жемістер мен көкөністер» әнін айта жүріп, қимылдауға үйретеді. Мысалы: «Отырып себетке саламыз, жинаймыз, саусақтармен би билеп, айналамыз» деп, әннің мәтініне қарай қимылдар жасап көрсетеді. «Балалар мен жаңбыр» әнін естеріне түсіреді, қайталайды.

«Келіндер, келіндер
Ойын ойнап көріңдер,
Жемістерді шашылған
Жылдам жинап беріңдер»

-Балалар қарандаршы жемістер мен көкөністер шашылып кетіпті. Сендердің көмектеріңмен жемістер мен көкөністерді бөліп, екі себетке салайық.

«Жемістер мен көкөністерді» ажырат ойыны.

Әннің мәтініне әлесе отырып, қызыл себетке жемістерді, сары себетке көкөністерді салып беріңдер. (себеттерді түспен белгілеу-қызыл себет және сары себет). Музыка ойналады, балаларға жемістер мен көкөністердің аттарын ажыратып салуға үйретеді. -Балалар сендерге ән ұнады ма? Жемістерді жылдам атап беріңдерші? Көкөністерді кім атап береді? Серуенге шыққанда, топта өткен әндерді, ойындарды қайталап айтуды ұсынады. Жетекші балаларға деген көңілі мен қуанышын эмоция арқылы білдіреді. Балаларды мақтайды, мадақтайды.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: әнді тыңдауды, дыбыстарды қайталауды.

Игереді: жемістерді, көкөністерді, музыка әуенімен жинауды, теруді, ажыратуды, тыңдауды игереді.

Меңгереді: әнді айтып, мәтініне қарай қимылдарды қайталап, эмоцияға беріле отырып қимыл жасауды біледі.

Күні: 16 - 19.11.21 ж

Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Музыка

Тақырыбы: «Менің анам тамаша»

Мақсаты: Өннің сөздері мен жеке буындарды айту, созыңқы дыбысталуға еліктей отырып, ересекпен қосылып ән айту. Музыка қабілетін дамыту, ырғақты қимылдарды есте сақтау, эстетикалық сезімге тәрбиелеу.

Көрнекілігі: Ананың суреті

Билингвалды компонент: Ана- мать

Сабақтың барысы: Музыка жетекшісі балаларды қарсы алады, амандасады. «Шеңбермен жүреміз» жаттығуымен жүру, қимылдарды қайталатады. «Үстел үсті» театры үстінен Қарагөз қуыршақ шығады. Сәлем, достар! Сендер менің анамды көрмедіңдер ме? Мен анамнан адасып қалдым, енді не істеймін? Көмектесіңдерші. Қарагөз, сен біздің қасымызға кел. Мен сендерге «Мамамның мерекесі» (музыкасын жазған Н.Тілендиев, сөзін жазған М.Мақатаев) әнін орындап берейін. Үстел үсті театрынан Қуыршақ-мама шығады. Балалар, сендердің мама туралы енді айтқандарыңды естіп келдім, осында Қарагөз қызымды кездестірдім. Енді бәріміз ән айтайық. Педагог: Біз «Наурыз келді» әнін сізге айтып береміз. Қуыршақ-мама: Сендер керемет тәртіпті екенсіңдер, аналарыңнан Қарагөзге ұқсап қашпандар. Қарагөзге ұқсап қашпандар. Қарагөз сендерге көп қуыршақ алып келіпті, бәріміз қосылып «Қуыршағым-ай» әнін ұнтаспадан тыңдап, билеп көрейік. «Мен бақытты баламын» ұнтаспасы. 1-бөлім «Құршағым-ай» (әнін, сөзін жазған И.Сапарбай). Кім келді? Не істедіңдер? Не ұнады? Қарагөз: -Рақмет, достар, тағы менімен ойнайсыңдар ма? «Өз қуыршағыңа жет» ойыны Қарагөз: Достар! Сау болыңдар! Келесі жолы тағы да келемін. Музыка жетекшісі: -Сендер енді айтып, жақсы биледіңдер, егер де жақсы қатыссаңдар Қарагөз тағы да келеді.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: әнді еске сақтауды, әнді айтуды, музыкалық шығарманы тыңдауды.

Игереді: қуыршақты ұстауды, өз орнын таңдауды. Музыканы тыңдап, қимыл жасауды.

Меңгереді: музыка арқылы қимылдауды, қолдарын, аяқтарын қозғауды, айналууды, дағдылануды.

Күні: 23 – 26.11.21ж

Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Музыка

Тақырыбы: «Ормандағы сұр көжек»

Мақсаты:Музыканың сүйемелдеуімен жүру және жүгіру, қол ұстасып, жұптасып, шеңбермен жүру. Ырғақты сезіне білуге, ән тыңдауға баулу, әуен ырғағымен қимыл қозғалыс жасау дағдыларын қалыптастыру, көңіл күйсезімін ояту.

Көрнекілігі: Ормандағы аңдардың суреті.

Билингвалды комп:Орман – лес.

Сабақтың барысы: Музыка жетекшісі балаларды орманға серуенге шақырады.

«Марш»(Е.Андосов)ойналып,

«Біз көңілді баламыз,

Орманға бірге барамыз»- Деген кезде екеуден қол ұстасып жүруді

ұсынады.Әуен аяқталғанда: «Міне, орманға да жеттік», -деп тоқтайды. Бұта түбінде отырған қоянды байқап қалғандай, таңданып:

-Балалар, қараңдаршы, мұнда отырған не, білесіңдер ме? –деп сұрайды. -Бұл көңілді сұр қоян. Ойыншық қоянды қолына алып:

«Мен қоянмын, қоянмын,

Сәбізге мен тоямын.

Қыста жейтін азықты,

Күзден жинап қоямын», - дейді.

-Балалар, қоянмен бірге секіріп, көңіл көтерейік, -деген ұсыныс айтады.

«Қояндар»(Ломова) әуенінің ырғағына билеуге шақырады.

-Жарайсыңдар, балалар! Енді қоянға арнап ән айтып берейін, сендер де тыңдаңдар.

«Сұр қоян» әні(муз. жазған А.Филиппенко, өңдеген К.Үбанұлы) орындап береді. Әнді екінші рет орындап, балаларды қоянмен бірге билеуге шақырады.Әннің барлық шумақтарында тәрбиеші мәтінге сәйкес қимылдарды көрсетеді, балаларға қайталауды ұсынады.Жетекші орындық артында жасырылған ойыншық түлкіні алып көрсетеді:

«Жүрген жері күлкі,

Бізге келді түлкі».

Түлкінің даусын салып:

«Кел сұр қоян, тойлайық,

Балалармен ойнайық», - деп, балаларды ойынға шақырады.

«Қояндар мен қу түлкі» ойыны ұйымдастырылады. Педагог-түлкі,балалар-қояндар рөлінде (атрибуттар киеді). Музыка жетекшісі ойын шартын қадағалайды. «Түлкіге ұсталып қалмаңдар!»-деп ескертеді Түлкі-педагог: -Рақмет,балалар! Маған көңілді болды.Қоян-музыка жетекшісі: -Балалар,сендер тез жүгіріп,секіре алады екенсіңдер! Сендер маған ұнадыңдар!Мен сендерге тағы да қонаққа келемін,сау болыңдар!-деп балалармен қоштасады.

Күтілетін нәтиже:

Біледі:әуен ырғағымен секіру,жеңіл жүгіру,би қимылдары қайталап көрсете білу керек.

Игереді: қоян,түлкі кейіпкерлерін ажырата біледі,іс-әрекеттерін көрсете алады, әнің сөзін,әуенін қайталап айтады.

Меңгереді:қосаяқтап секіреді,тез әуенге ілесе жүгіреді,қуып жетеді,ырғақты сезіне аяқтарын топылдатады.

Күні: 03.12.21ж

Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Музыка

Тақырыбы: «Көңілді барабан»

Мақсаты: Әнді жеке және топпен айту, әуеннің жеке екпінін және ырғақты дұрыс жеткізу дағдыларын қалыптастыру.

Көрнекілігі: Ойыншық барабан

Билингвалды компонент: Барабан – барабан

Сабақтың барысы: Көңілді әуен ырғағымен балалар залға кіреді.

- Сәлеметсіңдер ме, балалар! Бүгін бізге ала мысық қонаққа келді:

«Тікірейіп құлағы, меннен бұрын тұрады.

Бойын жазып, керіліп, беті – қолын жуады, - деп,ойыншықты қозғалтып, қимылын көрсетеді.

Балалар, ала мысықпен серуенге шығайық, жүріңдер! – деп, шеңбер бойымен мысықтың қимылын салып жүруді ұсынады. «Серуендеп, би билейміз» муз. (Э. Раухвергер) «Ала мысық айлалы, дыбыстайды ол қалай?» - деп сұрайды. Балалар, ала мысық мияулап шақырып тұр. Мұнда не бар екен? – деп қараған болып, барабанды «тауып алады». Балалар, мысық бізге сыйлық әкеліпті. Сазгер балаларға кілемге жайғасып отыруды ұсынады. Барабан аспабын көрсетеді, барабанда дауысын

шығара ойнап береді. Балаларды шақырып, барабан аспабын ұстап көруге, ойнап көруге мүмкіндік береді. Ала мысықты қуантып ән айтып берейік, ал мысығымыз отырып тыңдасын, - деп орындыққа ойыншықты қояды. «Барабан» әні (муз.Б. Дәлденбай,сөзі .Ж. Әбдрашев) орындалады. «Соқ» сөздерін қосылып айтуға тырысады. 3-4 балаға барабанда ойнап, әнді «сүйемелдеуді» ұсынады. «Мысық пен Мысықай» ойыны. «Көңілді ырғақ» биін(Еркем-ай) бірге Билеуге шақырады. Балаларға таныс биді ұсынады. Балалар, барабанды қалай соғамыз? Ойын сендерге ұнады ма? Ала мысыққа сендердің дауыстарың ұнапты.Ол бізге қайта қонаққа келемін деп отыр! Мысықпен қоштасайық! – деп, балаларды шығарып салады.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: ырғақты ажырата білуді, дыбыстарды қайталай білуді.

Игереді: барабан аспабының дауысын ажыратуды, жеке сөздерді, дыбысты есте сақтап қайталауды игереді.

Меңгереді: барабан аспабын меңгереді, ырғақты сезіне қимылдайды, ән мәтініне сай іс–әрекеттер көрсете алады.

Күні: 10.12.21 ж

Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Музыка

Тақырыбы: «Біз - өмірдің, гүліміз!»

Мақсаты: Әнді жеке немесе топпен айту, әуеннің жеке екпінін және ырғақты дұрыс жеткізу дағдыларын қалыптастыру. Ырғақпен нық басып жүруге, әуенді сезіне білуге баулу. Би қимылдарын қайталап, көрсетуге дағдыландыру.

Көрнекілігі: Түрлі – түсті жалаушалар.

Билингвалды компонент: Жалауша – флажок

Сабақтың барысы: Сазгер балаларды маршпен қарсы алады. Сазгер балаларға түрлі -т үсті жалаушаны беріп, аяқты нық басып жүруге дағдыландырады. Жалаушамен қимыл жасайды. «Біз – өмірдің, гүліміз!» әнін хормен айтады. Әнді айғайламай, екпінді айтуы тиіс. Балаларға ән тыңдауды ұсынады. «Отаным» әнін тыңдап,балалар әнді жылдам немесе баяу екенін ажырата білуі тиіс.Әнді екінші рет орындар алдында балаларды шеңбер бойымен тұрғызады.Әннің сөзіне балалар қимыл

жасайды.Ән саз жетекшісі:

«Босқа қарап тұрмайық,

Кел, балақай, ойнайық!

– деп шақырып, «Үйшігіңді тап» ойынын ұйымдастырады. Ойын шартын көрсетіп, балаларға «Елті аяқтар» (А.Тоқсанбаев) әуеніне тез, жеңіл жүгіруді ұсынады. Балалар, бүгін жақсы билеп, ән айттыңдар. Біз қалай жүгірдік? Сұраққа жауап берді. Өткізілген оқу іс – әрекетін пысықтайды. Балаларды мақтап, мадақтау. Балалар көңілді қоштасып, шығып кетеді.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: Ырғақпен жүгіруді, жалаушамен қимыл жасауды.

Игереді: Жалаушамен жаттығу жасауды игереді

Меңгереді: Көппен бірге қимыл – қозғалыс жасайды.

Күні: 14 - 31.12.21ж

Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Музыка

Тақырыбы: «Желбіреді, жалауша»

Мақсаты: Ән айтуды уақытында бастап, аяқтау.Музыканы есте сақтау, тыңдай білуді, ырғақпен нық басып жүруге,әуенді сезіне білуге баулу.Би қимылдарын қайталап көрсетуге дағдыландыру.

Көрнекілігі:түрлі түсті жалаушалар,паравоз маркеті.

Билингвалды компонент: Жалауша – флажок.

Сабақтың барысы: Үнтаспада «Бақытты балалық шақ»

әні (муз. жазған С.Қалымов,сөзін жазған И.Исабаев)ойналып,балаларға өз беттерінше еркін билеу ұсынылады. Музыка жетекшісі түрлі түсті жалаушалар таратып, балаларды көңілді серуенге шақырады.

«Жалаушамен келеміз,

Біз көңілді жүреміз»,- деп, жалаушаны көтере аяқты нық басып жүруге дағдыландырады.

«Қазақ маршы» (А.Затаевич) әуеніне «Жалаушамен жаттығу» би қимылдары үйретіледі. Ән саз жетекшісі көрсетіп, балалардың бірге қимылдауын қадағалайды. Жаттығудан соң балаларды отырғызып,ән тыңдауды ұсынады.«Жалауша» әні (муз. А.Тоқсанбаев,сөзін жазған И.Сапарбаев). Әнді екінші рет орындар алдында балаларды шеңбер бойымен тұрғызады.Әнді

орындап, шумақ соңында «бір-екі» деп қайталап, қосылып айтуды үйретеді. «Пойызға біз барайық, Вагоннан орын алайық», -деп, пойызбен жолға шығатындарын түсіндіреді. Паровоз макетіне жалғастыра орындықтар тізбектеліп қойылады.

Музыка жетекшісі «Пойыз» (музыкасын жазған К.Қуатбаев, сөзін жазған Ж.Смақов) әнін орындап, педагог мәтінге сәйкес қимыл-қозғалыстарды көрсетеді, балалардан қайталауды сұрайды. Балалар көңілдене «пойызға» отырып, «вагондарға» жайғасады. Орындық – вагондарда отырып, ән қимылдарын бірге жасауға талпынады, «пыш-пыш», «гу-гу» дыбыстарын айтуға тырысады. Ән аяқталысымен «пойыздан» түсіп, балаларды қыдыруға шақырады. «Бақытты балалық шақ» әні үнтаспада қайта ойналып, балаларға екеуден қол ұстасып, «серуендеуге» зал ішінде еркін жүруге мүмкіндік береді. Музыка жетекшісі: -Балалар, пойыз қалай жүреді? - Балалардың жауабы гу-гу.

Паровоз қалай тоқтайды?-деп сұрап, балаларды әңгімеге тартады.

Балалардың жауабы паровоз пыш – пыш етіп тоқтайды. Пойыздың тезірек жүруіне сендер көмектестіңдер, менің сендерге сыйлығым бар!-деп, қатты қағаздан жасалған кішкене жалаушалар береді.

«Тізбектеліп тұрайық,

Вагондарды құрайық,

Көңілденіп бәріміз,

Енді топқа барайық!» -деп, балаларды шығарып салады.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: әнді қосылып айта, ырғақпен қозғалу, қимылдарды қайталай білуі.

Игереді: нық басып жүру, ойын шарттарына сай қимылдау.

Меңгереді: жалаушаны ұстап билейді, дыбыстарды қайталап айтады, ойын шартын орындауды біледі.

Күні: 21 – 24.12.21 ж

Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Музыка

Тақырыбы: «Біз балдырған»

Мақсаты: Әнді жеке немесе топпен айту, әуеннің жеке екпінін және ырғақты дұрыс жеткізу дағдыларын қалыптастыру. Ырғақпен нық басып жүруге, әуенді сезіне білуге баулу. Би қимылдарын қайталап, көрсетуге дағдыландыру.

Көрнекілігі:Түрлі – түсті жалаушалар.

Билингвалды компонент: Жалауша – флажок

Сабақтың барысы: Сазгер балаларды маршпен қарсы алады. Сазгер балаларға түрлі -т үсті жалаушаны беріп, аяқты нық басып жүруге дағдыландырады. Жалаушамен қимыл жасайды.

«Біз балдырған» (А.Асылбек) әнін хормен айтады. Әнді айғайламай, екпінді айтуы тиіс. Балаларға ән тыңдауды ұсынады.

Ән үйрену«Біз балдырған» әнін тыңдап,балалар әнді жылдам немесе баяу екенін ажырата білді.Әнді екінші рет орындар алдында балаларды шеңбер бойымен тұрғызады.Әннің сөзіне балалар қимыл жасайды.

Сазгер: «Босқа қарап тұрмайық,

Кел,балақай, ойнайық! – Деп шақырып,

«Үйшігіңді тап» ойынын ұйымдастырады. Ойын шартын

көрсетіп,балаларға «Епті аяқтар»(А.Тоқсанбаев) әуеніне тез,жеңіл жүгіруді ұсынады.

- Балалар, бүгін жақсы билеп, ән

айттыңдар.

Біз қалай жүгірдік?

Өткізілген оқу іс – әрекетін пысықтайды. Балаларды мақтап, мадақтау.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: Ырғақпен жүгіруді, жалаушамен қимыл жасауды.

Игереді: Жалаушамен жаттығу жасауды игереді

Меңгереді: Көппен бірге қимыл – қозғалыс жасайды.

Күні: 14. 01. 21ж

Білім саласы:Шығармашылық.

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Музыка.

Тақырыбы: «Ботақан»

Мақсаты:ән арқылы үй жануарларының енесін,төлін ажырата білуге үйрету.Есте қабілетін дамыту.

Көрнекілігі: үй жануарларының топтамасы, қой мен қозының суреті.

Билингвалды компонент: Ботақан - верблюдажар

Сабақтың барысы: Көңілді музыка әуенімен музыка залына келеді.

Амандасу,шеңбер бойымен бірінің соңынан бірі тізіліп жүреді.

Жүгіру, айналу, әуен арқылы тізені бүге қимыл жасату. Балаларға ботаның суретін көрсетеді. Балалар шеңбер бойымен жүреді, жүгіреді, тізені бүгіп, қолды белге ұстап қимыл жасайды. Балалар суретті қызықтайды. - Балалар, біз сендермен ботақан, лақ туралы әндер айтып, ойындар ойнадық. Бүгін сендермен танысуға қошақан келіп отыр. Кәне, бәріміз қайталайық. Музыка жетекшісі «Төлдер» әнін орындап береді (музыкасы жазған Б. Бекзатов, сөзін жазған Ө. Өмірбеков). Ән қайта орындалғанда музыка жетекшісі қимылмен көрсетеді. «Қайда қалып қойдың?» деген жерде қолдарын жаяды «Бұлтиып тұр бүйірің» деген жерде іштерін көрсетеді. «Өз анаңды тап» ойыны ойналады. Қалташықтың бірінде жануарлардың бірі, жанында бірнеше төлдер жатады. Бала сол жануарлардың төлін тауып қасына суреттерін қою тиіс. Ойын басқа жануарлармен қайталанады. Балалар әнді тыңдайды. Балалар музыка жетекшісіне ілесіп, қолдарын жайып, бүйірлерін көрсетіп, қимылдар жасауға тырысады. Бала ботаның жанына түйенің суретін қоюға тырысады және атын атайды. Ән сендерге ұнады ма? Қорытындылау, балаларды, бағалау, мадақтау.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: үй жануарларының атын атай білу керек

Игереді: жануарлардың төлдерін атай білуді игереді.

Меңгереді: музыкаға ілесіп әннің қимылдарын көрсетуді меңгереді.

Күні: 18 - 21.01.22ж

Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Музыка

Тақырыбы : «Шымшық»

Мақсаты: Музыканы тыңдай білуді, таныс әндерді және оларға тән ерекшеліктерін тани білуді қалыптастыру. Балалардың үй жануарларына деген сүйіспеншілігін арттыру, музыкалық қабілеттерін дамыту.

Көрнекілігі: Құстардың суреті

Билингвалды компонент: Торғай – воробей.

Сабақтың барысы: Марш (М. Раухвергер) ойналып, балалардың ырғақпен нық басып жүрулерін сұрайды.

Нық басып келеміз,

Бір, екі, үш!

Көңілді жүреміз,

Бір, екі, үш! – деп, әндетіп, балаларды қосылып айтуға икемдейді. Кенет музыка жетекшісі үйшік үстінен торғайды көріп қалғандай болады.

Балалар, мұнда келіңдер,

Қызықты көріңдер!

Торғай ұшып келінті,

Үй үстіне қоныпты, - деп таңқалған болады. Ұнтаспадан торғайлар дауысы естіледі. («Табиғат әуендері» жинағынан)

Шиқ-шиқ етіп дауыстайды,

Ешбір құстан қалыспайды, - деп балаларға торғайдың даусын қайталауды ұсынады.

Тұмсығымен жем шоқып,

Тары, бидай тереді, - деп торғайды ұстап, жем шоқыған қимылын көрсетіп, балаларға қайталап көрсетулерін сұрайды.

«Құстар жем шоқиды» (Е. Тиличеева) әуені ойналып, торғайлардың қимылын бірге көрсетулерін сұрайды.

«Шымшық» (Г.Абдрахманова) әні орындалып, тыңдалады. Әнді қайталап айтып, балалардың мәтінге сай өз беттерінше қимыл көрсетулерін сұрайды.

Келесі кезекте балаларға торғай атрибуттары кигізіледі.

Кәне, қанат жазайық,

Көк аспанда самғайық, - деп әуенге ілесе торғайдың ұшқанын, қанат қаққанын көрсетеді. «Құстар» (Л. Банникова) әуенінің ырғағымен ілесе, қолдарын созып, «ұшуларын» сұрайды. Музыка жетекшісі үйшік шатырындағы отырған ойыншық мысықты көрсетіп:

Ала мысық пырылдап,

Жалықпайды, ұйықтайды.

Торғайды аңдып шатырдан

Күні бойы шықпайды.

Мияу-мияу... - деп балаларды – «торғайларды» мысықтан сақтандырады.

«Мысық пен торғайлар» ойыны ұйымдастырылады. Ойын барысында торғайлардың мысықтан қашып барып, «сымға» - ұзын жіпке тізіліп, қонып үлгерулерін қадағалайды.

Шиқ –шиқ еткен торғайды.

Қорғамасақ болмайды, - деп балаларға торғайды сипаттайды.

Қамқорлыққа алайық,

Ұясына салайық! – деп, торғайды ұясына апарып кіргізеді.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: Шымшықтың даусын салып, қайталау, әннің сөзін анық айту, көпшілікпен бірге ырғақты сезіне қозғалуды.

Игереді: сюжетті-рөлді ойындарға белсене қатысуды.

Меңгереді: қолдарын созып, «қанат қағып», жеңіл жүгіру – «ұшуды», әннің жеке сөздеріне қосыла айтуды, кейіпкер – торғайлар рөлін көрсете білуді.

Күні: 25 .01.22ж

Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Музыка

Тақырыбы: «Қаршақыз, бізде қонақта»

Мақсаты: Музыканы тыңдай білуді, таныс әндерді және оларға тән ерекшеліктерін тани білуді қалыптастыру. Есте сақтау қабілетін дамыту, ырғақты сезіну.

Көрнекілігі: Аязата, Қаршақыз.

Билингвалды компонент: Аяз ата – дедушка мароз

Сабақтың барысы: Музыка жетекшісі топқа барып амандасып, балаларды қуыршақ театрына шақырады. Алдын ала педагогпен сабақ барысын жоспарлап дайындайды. Музыка жетекшісі театр ішінде дауыс шығарады.

-Балалар! Балалар! Мен келе жатырмын! Сәлеметсіңдер ме, кішкентай достарым! Менің атым- Қаршақыз! -Ой мынау қандай әдемі

шырша, ойыншықтарының жылтырауын-ай! (Шырша жанып, айналатын болуы керек.) Қаршақыз: -Кәне, шыршаға шапалақ соғайық, аяғымызды

топылдатайық. Қаршақыз: -Балалар! Сендер шырша туралы ән білесіңдер ме? «Жасыл шырша» (муз: жазған Қ.Қуатбаев, сөзін жазған К.Шалқаров.)

-Әнін бәріміз айтайық, ал сендер шеңбермен жүріңдер. Қаршақыз:

- Рахмет, балалар, енді мен сендерге ән айтып беремін, ал сендер тыңдаңдар.

Ән үйрену: «Қаршақыз бен балалар» (Г. Абдрахманова)

Қуыршақ- Аязата сөйлеп шығады.

- Балалар! Балалар!

Айналайын балалар.

Өлең, тақпақ айтыңдар.

Маған билеп берсеңдер,

Сыйлығым бар сендерге!

Қаршақыз: Әннің сөзін айтамыз. Аязата, ля-ля-ля! Қайталатады. Сазгер

балаларды жұппен тұрғызады, билеуге үйретеді. Қаршақыз: - Балалар,

сендерге көп-көп рахмет, енді біз орманға кетейік, өйткені жылыдан еріп

бара жатырмыз. Аязата: - Қош-сау болыңдар! Мен сендерге тағы да келемін,

Сыйлық әкелемін. Ал сендерге көп қар сыйлаймын,- деп, қар беріп кетеді.

«Ойнаймыз, ойнаймыз, Жаңа жылды тойлайыз» -Балалар, сендерге кім келді?

Бізге Аяз атамен, Қаршақыз келді. Педагог екеуі «Қар атыспақ» ойынын ұйымдастырады, ойнауға үйретеді. -Жарайсыңдар, балалар!-деп мадақтайды.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: әнді есте сақтауды, ырғақтарды сезінуді.

Игереді: шырша, ойыншықтар, қармен ойнауды.

Меңгереді: шеңбермен жұптасып жүруді.

Күні: 28. 01. 22ж

Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Музыка

Тақырыбы: Шырша мен ойыншықтар

Мақсаты: Музыканы есте сақтау, кейіпкерлерді иллюстрация және әңгіме бойынша тану дағдыларын қалыптастыру.

Көрнекілігі: Ойыншықтардың суреті.

Билингвалды компонент: Ойыншықтар-игрушки

Сабақтың барысы: Балалармен сәлемдесіп, «Шеңбермен жүреміз», «Жүгіреміз, жүреміз». (Г.Абдрахманова) әуенді қимылдарын қайталап қарсы алады. Үстел үсті театры арқыл шыршаны және ойыншықтарды көрсете отырып, шыршаға таппақ айтады.

Тауда туып, тауда өскен

Шырша келді ортаға .

Әдемілеп біз ілген

Ойыншықтар тізілген

Музыка тыңдау: «Қаршақыз бен балалар» (Г.Абдрахманова) әнін қайталауын сұрайды. (Қаршақыздың әуенін қуыршақ Қаршақызды ұстап айтады.)

Ән үйрену: «Жасыл шырша» (музыкасы К.Қуатбаев, сөзі К.Шалқаров) әнін орындап береді.

1-шумағында шыршаны айналады.

2-шумағында жақындайды.

3-шумағында алақанды шапалақтайды, қол көтереді, билеп үйренеді. Жетекші балаларға шыршада ілулі тұрған ойыншықтарды көрсетеді.

«Мысық, торғай, күшік, Мынау ілінген қандай ойыншық?» - Деген сұрайды.

Балалар әнді айтуға тырысады. Балалар әнді мұқият тыңдайды. Балалар шеңбермен жүріп тыңдайды. Ортаға жақындайды. Шапалақтауға

тырысады.Ойыншықтарға қарап,жауап береді.

Мысық қалай дыбыстайды? «Мияу – мияу»

Торғай қалай дыбыстайды? «Шиқ – шиқ»

Күшік қалай дыбыстайды? «Әуп – әуп»

Егер дұрыс дыбыстасандар,ойыншықтар ілініп тұрады.Ал дұрыс болмаса, қашып кетеді.

«Ойын ойнап көрейік,

Жүгірейік, жүрейік,

Егер қасқыр ұлыса,

Жылдам қашып кетейік»,- деп жетекші үлкен ақ матаны алып, балалардың астына жасырынып қалуын сұрайды. «Ненің даусы?» ойыны. - Қасқыр келгенде алдаймыз, мысық болып мияулаймыз,торғай болып шиқылдаймыз, күшік болып үреміз, - деп,орыннан орынға ауысып, «төмен», «жоғары» дыбыстарды айтқызуға үйретеді. - Балалар,бүгін сендер әнді тыңдап, дыбыстарды жақсы айтып бердіңдер.Келесі тағы да ән айтамыз, ойнаймыз. Жарайсыңдар!-деп мадақтайды.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: тыңдайды, төмен, жоғары дыбыстарын білуі керек.

Игереді: жасырынуды, қашуды, алдауды.

Меңгереді:жүгіруді, отыруды, тұруды.

Күні: 04.02.22ж.

Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Музыка

Тақырыбы : «Күн мен Жаңбыр»

Мақсаты: ән айтуды уақытында бастап, аяқтау; алға шығып немесе қалып қоймау, кідірісті сақтау. Ойы арқылы көңілді, көңілсіз әуендерді тыңдау, сезінуге баулу.

Көрнекілігі: Күннің суреті

Билингвалды компонент: Күн – Солнце, жаңбыр – дождь.

Сабақтың барысы: Музыка жетекшісі балалармен сәлемдесіп, «Шеңбермен жүреміз» қимылды қозғалысымен жүруді ұсынады.

Тәрбиеші күннің шуағын көрсетеді. Жетекші әндете: - Балалар, сендер не көріп тұрсыңдар? Кәне, бәріміз Күнге жақындап тұрайық. (Жетекші бұлт

суретін шығарады). Ұнтаспадан күннің күркірегені, жаңбыр тырсылы естіледі. Балалар, мен сендерге **«Балалар мен жаңбыр»** әнін (Г.Абдрахманова) айтып берейін. Ән мәтініне сай қимыл-қозғалыстар жасауды ұсынады. Балалар, сендерге Күн қуанып, бірге ойнауға шақырып тұр. Көңілді әуен ойналғанда, секіріп ойнауды, ал күн тығылып, бұлт шыққанда отырып қалуды ұсынады. (Екі қолын жоғары көтеріп түйістіріп шатыр жасауға немесе қолшатырды пайдалануға болады).

«Жапырақтар» (Г.Абдрахманова) әнін қайталап айтуға шақырады.

«Күн» (М.Т. Потапенко) (Көңілді шығарма).

«Жаңбыр» (музыкасы Ә.Телғозиев) әуенін тыңдай жүріп ойнауға үйретеді.

Ойынды бірнеше рет қайталауды ұсынады.

«Күннің көзі күлімдеп,

Бізге қарай ашылды.

Жылуымен жылытып,

Шуақтары шашылды».

- Балалар, Күн шуағы сендерге қуанып, келесі жолы тағы да келіңдер деп шақырып жатыр. Кәне, Күнмен қоштасайық. Сендер бүгін көңілді әуен тыңдап, өте жақсы ойын ойнадыңдар, - деп мақтайды.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: музыканы тыңдау, көңілді, көңілсіз әуенді сезіне ажырата білуі керек.

Игереді: музыканы тыңдап, ойын шартын бұзбай, мәтінге сай қимыл жасап, ілесе айтуды игереді.

Менгереді: көңілді әуенге секіруді, жүгіруді, музыка өзгерген кезде жасырынуды менгереді, дағдыланады.

Күні: 11.02.22ж

Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Музыка

Тақырыбы : «Көңілді пойыз»

Мақсаты: Дербес ойындар мен әрекеттер кезінде ойнаған аспаптардан дыбыстар шығаруға талпыну. Ойын арқылы балалардың есту, сезіну, ән айту қабілеттерін қалыптастыру. Ойыншық кейіпкерлер арқылы шығармашылыққа баулу.

Көрнекілігі: паровоз макеті, ойыншық қоян, қонжықтың үйшігі.

Билингвалды компонент: көңілді пойыз – веселый поезд

Сабақтың барысы: Үнтаспада «Қуырмаш» әні ойналып, музыка жетекшісі балаларды қарсы алады.

- Балалалар, біз бүгін қоңыр қонжыққа қонаққа барамыз. Қонжық алыста, орманда тұрады,- деп түсіндіреді. Орманға жету үшін мына «Көңілді пойызға» отырайық, - деп пойыз макетін көрсетеді.

«Пойызымызға біз барайық,

Вагоннан орын алайық», - деп «вагондарға» - тізбектелген орындықтарға жайғасуларын сұрайды.

«Ал паровоз бастайды,

Пыш- пыш, пух- пух,

Ән айтып біз қостайық.», - деп, «Пойыз» (К.Қуатбаев, Ж.Смақов)

орындайды. Балаларда орманға келеді. Сазгер ойыншық қоянды ұстап тұрып:

«Мен қоянмын, қоянмын,

Сәбізге мен тоямын.

Қыста жейтін азықты,

Күзде жинап қоямын, - дейді. - Балалар, сұр қоянмен бірге секіріп, көңіл көтерейік - деп, ұсынады. «Сұр қоян» (А. Филипенко, сөзі Қ.Үбанұлы) орындалып, балаларға би қимылдарын көрсетулерін сұрайды.

«Қоңыр аю қорбаңбай» (Б.Дәлденбай)

Аю: « Мен аюмын қорбаңбай,

Қимылмаймын қорбаңдай.

Омартаны көргенде,

Бас қоямын ойланбай». (А.Асылбеков) - Сәлеметсіңдер ме, балалар?

Сазгер балаларға аюдың қимылын қайталауды ұсынады.

Ән аяқталысымен балаларды көңілді ойынға шақырады.

«Қонжық және қоянмен»

Ойын ойнап күлейік,

Достарымыз қуансын,

Тату болып жүрейік», - деп, «Қояндар мен аю» ойыны

ұйымдастырылады. Сазгер балаларға «Көңілді пойызға» отырып, жолға шығатындарын ескертеді. Әуен ырғағымен «пойыз» әні қайтадан орындалады. Біз қандай көлікке отырдық? Паравозға отырдық.

Паравоз қалай жүреді екен? Балалардың жауабы. Саяхаттың аяқталғанын, бүгінгі күннің көңілді өткенін айтып, балалармен қоштасады.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: паровоз, пойыз туралы ұғынып, білуі керек.

Игереді: пойызға отыру, өзін-өзі ұстай білу, бірге қуану, риза болу.

Меңгереді:сөздерді қосыла айту, қайталау, ойыншық кейіпкерлердің қимыл-қозғалысын жасап көрсету (қосаяқтап секіру, әуенге тез жүгіру, қорбандап жүру).

Күні: 15 - 18.02.22ж

Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Музыка

Тақырыбы: « Сылдырмақтар»

Мақсаты: Музыкалық шығарманы эмоциямен қабылдау. Музыкаға деген қызығушылығын арттыру, ән айту іскерлігін дамыту, сылдырмақты ырғақты сезіне ойнауға дағдыландыру. **Көрнекілігі:** Сылдырмақ , безендірілген қорап.

Билингвалды компонент: Сылдырмақ – погремушка

Сабақтың барысы: Үнтаспада «Айгөлек» әні орындалып, балаларды көңілді қарсы алады. Сазгер балаларды көңілді серуенге шақырып, қол ұстасып жүрулерін сұрайды.

«Серуендейміз, демаламыз» әуені (М.Красев) ойналып, 1- бөлімде қол ұстасып зал ішінде еркін жүрулерін қадағалайды. Әуеннің 2- бөлімінде бір орында тұрып, қол шапалақтайды.

- Балалар, қараңдаршы мынау қорапқа Ішінде не бар екен? Келіндер, бірге көрейік. Сазгер қораптан сылдырмақты алып :

Қызыл, жасыл, сылдырмақ,

Үн қатады сылдырлап. - деп сылдырмақты сылдырлатып көрсетеді.

«Сылдырмақты серуен»(С.Тезекбаев)

Сылдырмақты алайық,

Әсем әнге салайық!

Ән тыңдау: «Сылдырмақ» (А.Тоқсанбаев, И. Сапарбай) Әннің 1- шумағында қойталап, балалардың сылдырмақты ырғақпен соғып көрсетулерін талап етеді. Әннің соңғы шумағында балаларға сылдырмақтарын жерге қойып, қолдарымен беттерін жабуды ұсынды. Ортада әлі ойын бар,

Кәне, шыға қойыңдар! – деп әндетіп, балаларды келесі ойынға шақырады. «Сылдырмақпен ойын»(А.Майкаппар) педагоктің

көрсетуімен ұйымдастырылады. Екі бөлімді әуенге өз еріктерімен қимылдарды ауыстыра білуе үйретеді. Балаларға ойын соңында шығыршықтарға кіріп, жасыр-ынып үлгеру керек екенін түсіндіретін.

Ойы-нды екі рет қайталауға болады.

Апайларды тыңдаймыз,

Сылдырмақты жинаймыз!- Деп,балаларға сылдырмақтарды қорапқа салуға көмектесулерін сұрайды.

-Сылдырмақтардың даусы қандай?

-Бүгінгі серуен ұнады ма? Балалардың жауабы. Сұрақтар қойып,балалардың сөйлеп,жауап беріп дағдылануына ықпал етеді.

«Серуендейміз,демаламыз» (М.Красев) ойналып,балалар қол ұстасып шығады.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: екеуден қол ұстасып жүруді,айналуды,көппен бірге әнге қосылуды.

Игереді: жылдам және жай әуендерді ажыратуды,әртүрлі сипаттағы әндерді әуенімен жеке және хормен айтуды.

Меңгереді:сылдырмақты ырғақпен сілкіп,қозғап ойнай алуды,ауыспалы әуенді тыңдай білуді.

Күні: 22 - 25.02.22ж

Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Музыка

Тақырыбы: «Кел, билейік»

Мақсаты: Музыканы есте сақтау, кейіпкерлерді иллюстрация және әңгіме бойынша тану дағдыларын қалыптастыру. Ән – әуенге әсерлену, қызығушылығын арттыру, көпке ілесе қимылдауға, екеуден айналауға дағдылану, көтеріңкі көңіл күй сыйлау.

Көрнекілігі : Бишілердің суреті.

Билингвалды компонент: Би – Танец

Сабақтың барысы: Музыка жетекшісі балаларға сандықшаға салынған түрлі түсті орамалдарды ұсынып, таңдап алуға мүмкіндік береді.

«Келіңдер, келіңдер,

Шеңбер құрып беріңдер!» - деп балаларды дөңгелене тұруға бейімдейді. «Орамалмен билейміз» әні. Орамалды оң қолға ұстауды, жоғары көтеруді, қозғауды, бір орында айналуды көрсетіп, қайталауды талап етеді.

«Қызыл, жасыл, сары, көк,

Орамалды алайық,

Қолды көкке созайық,

Қозғап, қозғап қалайық!» - деп, әндетіп, әуенге ілесе би қимылдарын

орындауды сұрайды. Балалар көңілді әуенге ілесе, орамалдармен би

қимылдарын жасайды. Би соңында жетекшісі: *«орамалды аламыз,*

сандықшаға саламыз», - деп сандықшаға орамалды жинайды. Музыка

жетекшісі бұрышта тұрған үйшікті көрсетіп: - Қандай әдемі үйшік!

Мұнда кім тұрады екен? – деп ақырындап барып үйшікке жақындап,

үйшік есігін қағып, «Мұнда кім тұрады?» - деп сұрайды, - балалар,

шапалақтап дыбыстайық, мүмкін естіп, шығатын болар, - деп ұсынады. –

енді аяғымызды қатты топылдатайық. Үйшік терезесінен педагог

Меруерт - қуыршақты көрсетіп: - Сәлеметсіңдер ме, балалар? – деп

амандасады. Музыка жетекшісі әдемі қуыршақты бірге ойнауға

шақыруға ұсыныс жасайды. Қуыршақ «қуана келісіп», балаларға қосылады.

«Полька» (Ю.Слонова) орындалады. Музыка жетекшісі немесе педагог

қуыршақтың қолдарын қозғап, шапалақтап, айналып, балалармен бірге

«билетеді». Би аяқталысымен Жәмила-қуыршақ:

- Балалар! Сендер әсем билейді екенсіңдер. Маған өте көңілді болды!

Сау болыңдар, балалар! – деп иіліп қоштасады. Балалар қуана қол

шапалақтайды. Көңілдене қол бұлғап қоштасып, шығады.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: әуенді тыңдап, әсер алу, ырғақты сезіне білуі керек.

Игереді: Жәмила-қуыршақпен қызығушылықтары артып, көпке ілесуді игереді:

Меңгереді: ән мәтініне сәйкес іс-әрекеттер көрсетеді, екеуден айналады, орамалмен би қимылдарын жасайды.

Күні: 04.03.22 ж

Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Музыка

Тақырыбы: «Әжем келді ауылдан»

Мақсаты: Ән айтуды уақытында бастап аяқтау. Әже арқылы балаларға наурыз туралы мәліме беру, балаларды музыка ырғағына сай қимыл жасауға үйрету.

Көрнекілігі: дөңгелек үстел, ұлттық тағамдар, қазақы үй жабдықтары.

Билингвалды компонент: Әже – бабушка.

Сабақтың барысы: Музыка залында дөңгелек үстел жанында әже балалады көңілді әуенмен қарсы алады. Амандасады.

Халық әні: «Еркем ай».

«Жайдарымыз бәріміз,

Дастарқанда дәміміз.

Көжесі көп, қыры көп

Қандай жақсы наурыз!»

- Балалар, мен сендерге әдейі ауылдан келдім, бүгін – мереке.

Міне, дастарқан қазақтың ұлттық тағамдарына толы: бауырсақ, құрт, жент, ірімшік. Ал ондай болса сендерге ән орындап берейін. Әже ән орындайды.

«Наурыз – біздің жаңа жыл» (музыкасы мен сөзін жазған Ж. Қалжанова).

- наурыз мерекесі болғанда күн жылынады, ағаштар жапырақ жаяды, гүлдер құлпырады, малдар төлдейді. Ал енді барлығымыз орнымыздан тұрып, осы әнге қимылдар жасайық. 1-шумақ орындалғанда балалар шеңбер бойымен жүруі тиіс. Қайырмасында әже қол шапалақтайды. Балалар да әжеге қосылып, қол шапалақтауға тырысады.

2-шумағы орындалғанда әже балалармен біре қол ұстасып, кіші шеңбер жасайды, одан кейін шеңбеді үлкейтуін сұрайды.

Қайырмасында тоқтап, балаларға қол шапалақтауды ұсынады. **«Бәйге»**

ойыны. Балалар кезекпен ортаға шығып, ойыншық атқа мініп жарысады. Әже балаларға ризашылығын білдіреді.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: Наурыз мерекесі туралы мәліметтерді.

Игереді: наурыз, ұлттық тағам түрлері туралы түсініктерді игереді.

Меңгереді: атқа мініп жарысу дағдыларын меңгереді, шеңберді кішірейту, кеңейтуді

Күні: 11.03.21 ж

Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Музыка

Тақырыбы: «Лағым»

Мақсаты: музыканы есте сақтау, кейіпкерлерді иллюстрация және әңгіме бойынша тану дағдыларын қалыптастыру. Жеңіл музыка әуеніне ілесіп лақтың қимылын, жасауға денені жеңіл ұстауға үйрету. Жануарлардың қимылын, дыбысталуын музыка үніне ілесе жасауға дағдыландыру.

Көрнекілігі: үй жануарларының суреттері, ойыншық лақ, ойыншық күшік.

Билингвалды компонент: лақ – козленок

Сабақтың барысы: Балаларды музыка әуенімен қарсы алу. Музыка әуеніне сәйкес қимылдар жасайды. Жеңіл әуенмен секіру. Музыка тоқтағанда қимылды тоқтату. Балаларды ойыншық лақ күтіп алады.

«Жалт-жұлт етіп, лақ,

Жағалайсың құрақ.

Секірем деп бірақ

Қала көрме құлап». (А. Асылбек)

- Балалар, сендерді ақ лақ күтіп отыр. Лақ – ешкінің төлі. Бәріміз «лақ» деп айтайық.

«Лақ» (муз. жазған Д. Ботбаев, сөзін жазған А. Асылбек).

Әнді мұқият тыңдаймыз. Музыка жетекшісі ойыншық лақты қолға ұстап отырып әнді айтады. «Шұнақпын» деген сөзді айтқанда құлағын көрсетеді.

«Мә-ә» сөздеріне мән бере айтады. Әнді қайталап айтқан кезде «селтендеген» деген секіріп деген мағынаны білдіретінін, «шұнақпын» дегені – құлағы кішкентай екенін түсіндіреді. «Мә-ә» деген сөзді алдымен ойнап, анасы мен төлін ажыратуға үйретеді. Қазір бәріміз музыка үнімен лақ болып секірейік. Лақ кішкентай болғандықтан, қорқақ келеді.

Байқаусыздан күшік шыға келсе, секеңдеп қаша жөнеледі.

«Лақ пен күшік» ойыны. Бәріміз музыка ырғағымен жеңіл секірейік.

Күшік алдын ала дайындалған үйшігінде тығылып отырады. Тәрбиеші музыка өзгергенде күшік болып балаларды қуады. Музыка жетекшісі күшікке жақындап: «Лақтар кішкентай, қума» деген ескерту жасайды.

Бүгін біз лақ туралы ән айттық, лақ болып ойнадық, күшіктен қаштық. Бәрің жақсы ойнадыңдар. Балалар көтеріңкі көңіл күймен топтарына тарайды.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: үй жануарларының төлдерін атай білуі керек. Дыбыстарын ажырата білулері керек.

Игереді: музыка үніне сәйкес секіруді, ырғақты сақтауды игереді.

Меңгереді: музыка әуенін ести отырып қаша білуді, төлдерді атай білу дағдыларын меңгереді.

Күні: 15 - 18.03.22ж

Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Музыка

Тақырыбы: «Әлди- әлди, ақ бөпем»

Мақсаты: Музыканы есте сақтау, кейіпкерлерді иллюстрация және әңгіме бойынша тану дағдыларын таныстыу. Музыкаға деген сезімдерін ояту, «бәсең» және «көтеріңкі» дыбыстарды айтуға дағдыландыру.

Көрнекілігі: бесік, бөпе- қуыршақ, сылдымақтар.

Билингвалды компонент: Бөпе – ребенок.

Сабақтың барысы: Сазгер балаларды қолындағы қуыршақ бөпесімен қарсы алады, амандасады. Бөпе ұйықтап жатыр екен. Сазгер: «Шеңбермен жүреміз» жаттығуын бастайды. Балалар, біз қазір жаттығуды «бәсең» дыбыспен жүріп жасаймыз, өйткені бөпеміз оянып кетеді. (Әлдидің жылаған даусы естіледі) Балалар, біздің бөпеміз оянды «көтеріңкі» дыбыспен жаттығуымызды жасайық. - Балалар, енді бөпемізді бесігімізге жатқызайық, Оның ұйқысы келіп тұр. Ал сендер бесік жырын тыңдадыңдар. Халық әні «Құлыным». (Р.Рымбаева. «Сезон» А.А.Қ 2003ж) Балалар, сендерге ән ұнады ма? Балалардың жауабы.

Олай болса орнымыздан тұрып, «Сылдырмақ» әнін қайталайық. Қолдарына сылдырмақты алып, билейді. Балалар әнді бірінші «бәсең» айтамыз, өйткені бөпеміз оянып кетпесін. Ал балалар бөпемізде оянып кетті, енді «көтеріңкі» дауыспен айтамыз, бөпемізді жұбатайық. Балалар жаңа кім жылады? Балалардың жауабы. Кәнеки, бөпемізге «Қуыршағым- ай» биін билеп берейікші. - Балалар сендер бөпені жақсы жұбаттыңдар, сендерге көп- көп рахмет. Келесі жолы жақсы билеп, ән айтсаңдар, бізге көп ойыншықтар келуі мүмкін, -деп мадақтайды.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: музыканы тыңдауды, еске түсіруді, «бәсең» және «көтеріңкі» дыбыстарды.

Игереді: әлдилеулді, сылдырмақты ұстауды, қуыршақты ұстауды.

Меңгереді: шеңбер жасауды, отырып – тұруды, жүгіруді, музыкамен билеуді.

Күні:25-29.03.22ж

Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Музыка

Тақырыбы: «Көктем гүлі көрікті»

Мақсаты: музыка сипатына сәйкес қозғалады, музыка басталғаннан қимылдарды бастай алады. Әуенге ілесе жеңіл би қимылдарын (тербелу, бір орында айналу) жасауға үйрету, көктем мезгілі туралы түсінік беру.

Көрнекілігі: автобус макеті, себетке салынған қауырсын гүлдер, қолшатыр, «жаңбыр тамшылары» - көгілдір лента ілінген таяқшалар.

Билингвалды компонент:Көктем – весна.

Сабақтың барысы: Музыка жетекшісі балаларды себет толы әдемі көктем гүлдерімен қарсы алады. Балаларға гүлдерді таратып береді.

«Гүлді ұстап көрейік,

Ақырындап жүрейік», - деп, өз еріктерімен гүлдерді ұстап, қызықтап көруге мүмкіндік береді. **«Вальс»** (Қ. Шілдебаев) ойналып, балаларды гүлдермен биге шақырады.

«Көктем гүлі көрікті,

Би билеік көңілді!»

Музыка жетекшісі **«Көктем гүлдері»** биінің қимылдарын көрсетіп, балаларға қайталап, бірге билеулерін сұрайды. Би соңында балаларға гүлдерді жинап, себетке салуды ұсынады. Жетекші балалардың назарын далаға, күн нұрына аударып, көңілді дауыспен: -

Балалар, қараңдаршы далаға,

«Күннің көзі ашылды,

Алтын нұры шашылды!» - деп балаларды ұнтаспадағы көңілді ырғаққа (**«Айгөлек»** әні, Р.Рымбаеваның орындауында) билеуге шақырады. Тербелу, секіру, екеуден қол ұстасып айналу қимылдарын көрсетіп, балалардың іс-әрекеттерін бақылай жүреді. Ұнтаспада күннің күркірегені, жаңбыр тамшыларының дыбысы естіледі.

«Жаңбыр жауды себелеп

Дала қандай керемет!» - деп, қолшатырды ашады.

«Қолшатырға қаш-қаш,

Аяғыңды бас-бас!» - деп, балаларды қолшатыр астына жасырынуға шақырады. Бұл кезде сазгер жаңбыр тамшыларын бейнелеп, «тамшы»-таяқшаларды қозғай зал ішінде жеңіл жүгіреді. Ойынды 2-3 рет қайталауға болады. Ойын соңында:

*«Күннің көзі ашылды,
Жаңбыр жауып басылды!»*

- енді қалада көлікпен қыдырайық, - деп автобус макетін көрсетіп, «көлікке – автобусқа жайғасып отыруға шақырады.

Жетекші **«Көлікке мінеміз»** ойынын ұйымдастырады.

«Машина» әнін (музыкасын жазған К. Қуатбаев, сөзін жазған Т. Тұяқбаев) орындап, «бип-бип» сөздерін қосыла айтуға үйретеді. - Балалар, сендерге жаңбыр ұнады ма? Жаңбыр қалай жауады? Күн қайда? Бүгін бәрің де жақсы билеп, ән айттыңдар, ойнадыңдар, жарайсыңдар! – деп мадақтайды.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: әуен ырғағын сезіну, әнге қосыла айта білуі керек.

Игереді: «гүлдер әдемі, жаңбыр жауады, күн жарқырайды» түсініктерін ұғынады.

Меңгереді: гүлдерді ұстап, әуенге ілесе жеңіл би қимылдарын жасайды, қолшатырға жасырынуды, көлікке отыруды меңгереді.

Күні: 01.04.22ж

Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Музыка

Тақырыбы: «Әңгелек»

Мақсаты: Музыканы есте сақтау, кейіпкерлерді иллюстрация және әңгіме бойынша тану дағдыларын таныстыу. Музыкаға деген сезімдерін ояту, «бәсең» және «көтеріңкі» дыбыстарды айтуға дағдыландыру.

Көрнекілігі: бесік, бөпе- қуыршақ, сылдымақтар.

Билингвалды компонент: Әңгелек.

Сабақтың барысы: Сазгер балаларды залда қарсы алады, амандасады.

Сазгер: «Шеңбермен жүреміз» жаттығуын бастайды. Балалар, біз қазір жаттығуды «бәсең» дыбыспен жүріп жасаймыз, өйткені әніміз баяу.

Есікті ұрған дыбыстың даусы шығады, Есіктен атамыз кіріп келеді.

Қолында әңгелегі бар. Сәлемдеседі балалар, атамен амандасады. Балалар

тақпақ айтып, би билеп береді. Ата қуанғаннан балаларға әңгелегін

балаларға тастап кетеді. Олай болса орнымыздан тұрып, «Әңгелек» әнін қайталайық. Балалар әнді айтып үйренеді.

Ән тыңдау: «Әңгелек» әні (М.Қуанышбековтікі) Ән үйрену пианиномен

әнді айту арқылы балалар дауыс жаттығуын жасады.Өткен сабақтардағы әндерді еске түсіріп айтып үйренді. Әнді сылдырмақпен айта білді.Сылдырмақты әнмен бірге сылдырлатып әннің ырғағымен дұрыс тарта білді. «Жұптасу» биін биледі.

– Балалар бізге қонаққа кім келді? Балалардың жауабы.

– Әңгелекті сендерге кім әкеліп берді?

Балаларды мақтау,мадақтау.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: музыканы тыңдауды, еске түсіруді, «бәсең» және «көтеріңкі» дыбыстарды.

Игереді: сылдырмақты дұрыс ұстауды,

Меңгереді: шеңбер жасауды, отырып – тұруды, жүгіруді, музыкамен билеуді.

Күні: 08.04.22ж

Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Музыка

Тақырыбы: «Бесік жыры»

Мақсаты: Музыканы тыңдай білуді, таныс әндерді және оларға тән ерекшеліктерін тани білуді қалыптастыру.Бесік жыры арқылы балалардың анаға деген сүйіспеншілігін ояту, музыкалық қабілеттерін арттыру. **Көрнекілігі:** қуыршақ,, бесік, бала тербеткен ана.

Билингвалды компонент:Бесік жыры – колыбельная песня

Сабақтың барысы: Сазгер балаларды «Әлди-әлди, ақ бөпем,ақ бесікке жат бөпем»,- деп бесікті тербетіп, әндете қарсы алады.Бесікте кішкентай қуыршақ жатады. «Бесіктегі бала ұйықтайын деп жатыр»,- деп,тыныштық сақтауларын сұрайды.

Әлди,әлди, бөбегім,

Ақ бесікке бөледім.

Ай мен күнге теңедім.

Ақтарылған өлеңім.

Сазгер балаларға бесікті тансытырып, кішкентай бөбектер ұйықтар алдында «әлди-әлди» деп бесік жырын айтып ұйықтататынын мәлімет береді. «Ұйықта, бөпем» (Қ.Шілдебаев,А.Асылбек) Бала ұйықтаған кезде дауысты көтермей,жәй сөйлеу керектігін түсіндіру. «Қуыршақпен ойын» Балаларға ойыншықты беріп,олардан қуыршақты ұйықтатуын

сұрайды.Музыка аяқталғанда алдарына жатқызады. «Ойын» музыкасы ойналғанда балалар қуыршақпен көңілдене билеуі керек. Ойын 2 – 3 рет ойналады. Бүгін кімді ұйықтаттыңдар? Бөпемізді деп жауап берді. Қуыршақ ұйықтағанда қалай әндеттіңдер? Ұйықта бөпем әнін айттық. Қорытындылау,балаларды мадақтау.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: бала ұйықтар алдында «әлди – әлди» әні орындалатынын білуі керек.

Игереді: «бесік», «қуыршақ», «әлди – әлди» деген сөздердің мағыналарын игереді.

Меңгереді: қуыршақпен билеуді, ұйықатуды, бесік тербету дағдыларын меңгереді.

Күні: 12 - 15.04.22ж

Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Музыка

Тақырыбы: «Ормандағы көбелектер»

Мақсаты:Музыканың сүйемелдеуімен жүру және жүгіру, қол ұстасып, жұптасып,шеңбермен жүру. Ырғақты сезіне білуге,ән тыңдауға баулу,әуен ырғағымен қимыл қозғалыс жасау дағдыларын қалыптастыру, көңіл күй сезімін ояту.

Көрнекілігі: Ормандағы жәндіктер мен көбелектің суреті.

Билингвалды компонент: Көбелек – бабочка

Сабақтың барысы: Музыка жетекшісі балаларды орманға серуенге шақырады. «Марш»(Е.Андосов)ойналып,
«Біз көңілді баламыз,

Орманға бірге барамыз»- деген кезде екеуден қол ұстасып жүруді ұсынады.

Әуен аяқталғанда: «Міне,орманға да жеттік»,-деп тоқтайды. Балалар «ұшып жүрген» көбелекті көріп, қуанады. Көбелекке жақындап, қызықтайды.

Қанаттарын ұстап көруге талпынады.

Ән тыңдау: «Ұшты көбелек» (сөзі А.Асылбек, әні А.Дүйсенов) Ән мәтініне сәйкес педагогпен бірге қимыл- қозғалыс жасауларын бақылайды.

«Гүльзарыдағы көбелектер» ойыны.

Көбелек ау, көбелек,

Ұшасың сен көлбеңдеп.

*Қызыл, жасыл керемет,
Гүлге қоншы көбелек!* – деп, балаларды ойынға шақырады. «Вальс» ойналып (А. Аренский), ырғақпен жеңіл қозғалуларын бақылайды. Әуен соңында:
*Ақ қанатты көбелек,
Көк қанатты көбелек,
Бақшамызға қона кет!* – деп, «Көбелектерді» гүлдерге қондыру қажеттігін түсіндіреді. «Гүльзарыдағы көбелектер» ойыны.
Көбелек ау, көбелек,
Ұшасың сен көлбеңдеп.
*Қызыл, жасыл керемет,
Гүлге қоншы көбелек!* – деп, балаларды ойынға шақырады. «Вальс» ойналып (А. Аренский), ырғақпен жеңіл қозғалуларын бақылайды. Әуен соңында:
*Ақ қанатты көбелек,
Көк қанатты көбелек,
Бақшамызға қона кет!* – деп, «Көбелектерді» гүлдерге қондыру қажеттігін түсіндіреді.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: әуенді тыңдай білу, қимыл-қозғалысты көппен бірге, ырғақты сезіне жасау.

Игереді: музыканы сезіне тыңдауды, әнді нақышына келтіре айтуды, ойын шарттарын ретімен орындауды.

Меңгереді: көркем-ойындық бейнені сезіну, көбелек болып «ұшу, қону», әуенмен ілесе жеңіл қимылдауды.

Күні: 19 - 22.04.21ж

Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Музыка

Тақырыбы: «Құлыншақ»

Мақсаты: Ұйымдастырылған оқу іс әрекеті кезінде үйренген әнді айта отырып, сәйкес қимылдарды қайталау. Балаларды үй жануарларын сүйе білуге, ән арқылы төлдердің қимылдарын жасай білуге үйрету.

Көрнекілігі: Ат және құлынның суреті.

Билингвалды компонент: Құлыншақ – жеребёнок

Сабақтың барысы: Балаларды музыка үнімен, музыка залында қарсы алады. Әуеніөзгеруіне сәйкес қимылдар жасайды. Музыка тоқтағанда қимылын тоқтатады. Көңілді музыка әуенімен балалардың көңіл – күйі көтеріледі. Ойыншық аты қолға ала отырып, музыка жетекшісі өлең оқиды.

«Еркетайы даланың,

Мен – құлыншақ боламын.

Серігімін, досымын,

Өздеріңдей баланың. (И. Сапарбай) - Балалар, көрдіңдер ме, менде ат бар. Ат сендерге доспын деп отыр. Міне, қараңдаршы қандай әдемі ат. Суреттен аттың суретін көрсетіп, жанына кішкентай төлін қояды. Міне аттың кішкентай «құлыншақ» дейді. «Құлыншақ» әнін орындайды. (музыкасын жазған Е.Ташев, сөзін жазған Ә.Тәжібаев). Ән қайталап орындалғанда ән мәтініне сәйкес балаларға қимылдар жасауды ұсынады. «Құстай қанат қағады», - деп, балаларға ат секілді шабуды көрсетеді.

- Ал енді кімнің атқа мініп шапқысы келеды? «Бәйге» ойыны. Алдын ала әзірленген аттың басына мініп, балалар жарысады. - Балалар, көрдіңдер ме, менде ат бар. Ат сендерге доспын деп отыр. Міне, қараңдаршы қандай әдемі ат. Суреттен аттың суретін көрсетіп, жанына кішкентай төлін қояды. Міне аттың кішкентай «құлыншақ» дейді.

«Құлыншақ» әнін орындайды. (музыкасын жазған Е.Ташев, сөзін жазған Ә.Тәжібаев). Ән қайталап орындалғанда ән мәтініне сәйкес балаларға қимылдар жасауды ұсынады. «Құстай қанат қағады», - деп, балаларға ат секілді шабуды көрсетеді.

Белсене қатысқан балаларды мақтау, мадақтау. Қорытындылау.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: үй жануарларының төлдерін білуі және оларды ажырата білу.

Игереді: үй жануарларының төлдерін ажыратуды игереді.

Меңгереді: музыка үнімен жануарлардың қимыл- қозғалыстарын салу дағдыларын меңгереді.

Күні: 06.05.22ж

Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Музыка

Тақырыбы: «Ағайынбыз, бәріміз!»

Мақсаты: Әнді жеке немесе топпен айту, әуеннің жеке екпінін және ырғақты дұрыс жеткізу дағдыларын қалыптастыру. Ырғақпен нық басып жүруге, әуенді сезіне білуге баулу. Би қимылдарын қайталап, көрсетуге дағдыландыру.

Тақырыбы: «Ағайынбыз, бәріміз»

Көрнекілігі: Әр ұлттың балаларының суреті.

Билингвалды компонент: Ағайын – родственник

Сабақтың барысы: Сазгер балаларды маршпен қарсы алады. Сазгер балаларға түрлі -т үсті жалаушаны беріп, аяқты нық басып жүруге дағдыландырады. Жалаушамен қимыл жасайды. «Бүлдіршіндер әні» әнін хормен айтады. Әнді айғайламай, екпінді айтуы тиіс. Балаларға ән тыңдауды ұсынады. «Отаным» әнін тыңдап, балалар әнді жылдам немесе баяу екенін ажырата білді. Әнді екіншірет орындар алдында балаларды шеңбербойымен тұрғызады. Әннің сөзіне балалар қимыл жасайды. Сазгер: «Босқа қарап тұрмайық, Кел, балақай, ойнайық! –деп шақырып, «Үйшігінді тап» ойынын ұйымдастырады. Ойын шартын көрсетіп, балаларға «Епті аяқтар» (А.Токсанбаев) әуеніне тез, жеңіл жүгіруді ұсынады. Ойынға көңілді қатысып, қызығушылықтары артады. Жеңіл жүгіріп, «үйшіктеріне» жетуге тырысты. Балалар, бүгін жақсы билеп, ән айттындар. Жалаушамен жақсы қимыл жасадыңдар жарайсындар. Өткізілген оқу іс – әрекетін пысықтайды. Сұраққа жауап берді. Балаларды мақтап, мадақтау. Балалар көңілді қоштасып, шығып кетеді.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: Ырғақпен жүгіруді, жалаушамен қимыл жасауды.

Игереді: Жалаушамен жаттығу жасауды игереді

Меңгереді: Көппен бірге қимыл – қозғалыс жасайды.

Күні: 13.05.22ж

Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Музыка

Тақырыбы: «Айгөлек»

Мақсаты: Ұйымдастырылған оқу іс – әрекеті кезінде үйренген әнді айта отырып, сәйкес қимылдарды қайталау. Балаларды үй жануарлармен, оның төлдермен таныстыру. Ән арқылы жан- жануарларды тани білуге, сүйе білуге тәрбиелеу. Дыбыс биіктерін ажыратуға үйрету.

Көрнекілігі. Биші қыздардың суреті.

Билингвалды компонент: Би - танец

Сабақтың барысы: Балалардың музыка үнімен, музыка залында қарсы алады. Әуен өзгеруіне сәйкес қимылдар жасайды. Музыка тоқтағанда қимылын тоқтатады. Көңілді музыка әуенімен балалардың көңіл күйі көтеріледі. Айгөлек әніне балалар би үйренеді.

Ән тыңдау: «Айгөлек» (Әні Б.Байқадамовтікі)

Ән үйрену: «Кең дала» (И.Нүсіпбаевтікі) «Шөжелерім» биін билеп үйренеді. Дидактикалық ойын «Ұшты ұшты не ұшты» ойыны. Балалар көңілді ойнады. Белсене қатысқан балаларды мақтау, мадақтау.

Қорытындылау.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: үй жануарларының төлдерін білуі және оларды ажырата білуі.

Игереді: үй жануарларының төлдерін ажыратуды игереді.

Менгереді: музыка үнімен жануарлардың қимыл-қозғалыстарын салу дағдыларын менгереді.

Күні: 17 - 20 .05.22ж

Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Музыка

Тақырыбы: «Менің мысығым»

Мақсаты: Әнді жеке немесе топпен айту, әуеннің жеке екпінін және ырғақты дұрыс жеткізу дағдыларын қалыптастыру. Әуенді тыңдауға, есте сақтау қабілеттерін арттыруға, ырғақты ажыратуға үйрету. Әуеннің ырғағына сай жәй басып жүруге, жүгіруге дағдыландыру.

Көрнекілігі: Ойыншық мысық

Билингвалды компонент: Мысық – кошка

Сабақтың барысы: Көңілді әуен ырғағымен сазгер балаларды ойыншық мысықпен қарсы алады. - Сәлеметсіңдер ме, балалар! Бүгін бізге ала мысық қонаққа келді. Қарандаршы, қандай әдемі мысық!

Кәне, кәне, тұрайық,

Шеңберді құрайық.

Ала мысықпенен

Біз де танысайық, - деп, балаларды шеңбер бойымен тұрғызады.

Тікірейіп құлағы,

Меннен бұрын тұрады,

Бойын жазып, керіліп,

Беті – қолын жуады. Өлең мәтініне сәйкес қимылдарды көрсетіп,

балаларға қайталауды ұсынады. - Балалар, бізді ала мысық серуендеуге

шақырып тұр! Жүріңдер! – деп шеңбер бойымен мысықтың қимылын

салып жүруді ұсынады. «**Билейміз**» әуені (Е. Андосов) орындалады. «Ала

мысық айлалы, дыбыстайды ол қалай?»- деп сұрайды. Балаларға кілемге

жайғасып отыруды ұсынады. Мысықты орындық үстіне отырғызып: Мен

ән айтып берейін. Ала мысықта сендер мен бірге ән тыңдасын, - дейді.

«**Мысық**» әні орындалады (муз: Б. Дәлденбай, сөзі: Ж. Әбдірашов) Екінші

рет ән орындалғанда балаларға «мияу – мияу» сөздерін қосылып

айтуларын сұрайды. - Балалар, ала мысық ойын ойнағысы келіп отыр

екен! Көңілді ойынға шығыңдар, - деп шақырады. «Мысық және

мысықай» дауыстарын салған. Салған балаларды мадақтайды. Балалар,

ала мысық қалай дыбыстайды екен? Ойын сендерге ұнады ма? – деген

сұрақтар қойылады. Ала мысық сендерді ұнатыпты. Ол бізге тағы

қонаққа келмекші. Мысықпен қоштасайық! – деп, балаларды шығарып

салады.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: жеңіл жүруді, дыбыстарды қайталауды білуі керек.

Игереді: ойыншық мысық және мысықаймен танысып, іс – әрекеттерін көрсете біледі, дыбысты есте сақтап, қайталай алады.

Меңгереді: ырғақты сезінеді, ән мәтініне сай іс – әрекеттерді көрсетеді.

Күні: 24 - 27. 01. 22ж

Білім саласы:Шығармашылық.

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Музыка.

Тақырыбы: «Қошақаным»

Мақсаты:ән арқылы үй жануарларының енесін,төлін ажырата білуге үйрету.Есте қабілетін дамыту.

Көрнекілігі: үй жануарларының топтамасы, қой мен қозының суреті.

Билингвалды компонент: қошақан-ягненок

Сабақтың барысы: Көңілді музыка әуенімен музыка залына келеді.

Амандасу, шеңбер бойымен бірінің соңынан бірі тізіліп жүреді.

Жүгіру,айналу, әуен арқылы тізені бүге қимыл жасату. Балаларға қозы мен қойдың суретін көрсетеді. -Балалар,біз сендермен ботақан,лақ туралы әндер айтып, ойындар ойнадық.Бүгін сендермен танысуға қошақан келіп отыр.Кәне,бәріміз қайталайық. Қошақан-қойдың төлі. Музыка жетекшісі «Төлдер» әнін орындап береді (музыкасы жазған Б.Бекзатов, сөзін жазған Ө.Өмірбеков). Ән қайта орындалғанда музыка жетекшісі қимылмен көрсетеді. «Қайда қалып қойдың?» деген жерде қолдарын жаяды «Бұлтиып тұр бүйірің» деген жерде іштерін көрсетеді. «Өз анаңды тап»ойыны ойналады.Қалташықтың бірінде жануарлардың бірі,жанында бірнеше төлдер жатады.Бала сол жануарлардың төлін тауып қасына суреттерін қою тиіс.

Ойын басқа жануарламен қайталаанады.

Ән сендерге ұнады ма? Балалардың жауабы.

Қорытындылау,балаларды,бағалау,мадақтау.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: үй жануарлары-қой мен қозының атын атай білу керек

Игереді:жануарлардың төлдерін атай білуді игереді.

Меңгереді:музыкаға ілесіп әннің қимылдарын көрсетуді меңгереді.

МКҚК «Балғын» балабақшасы

«Бекітемін»



Балабақша меңгерушісі:

Т.Жақыпбекова



Перспективалық жоспар

Ортаңғы «Ақжелкен» тобы

2021 – 2022 оқу жылы

Музыка(1,5с)	Қыркүйек	«Менің балабақшам»	«Менің достарым»	«Менің сүйікті ойыншықтарым	«Жиназдар»
Өтпелі тақырып	«Менің балабақшам»	Күні:03.09.21ж Тақырыбы: «Бақшаға барамын.» Мақсаты: Түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдау.Бала лардың музыкаға деген құштарлығын арттыру, сүйікті балабақшасы туралы ән айтуға үйрету.	Күні: 10.09.21ж Тақырыбы: «Көңілді достар». Мақсаты: Әуенмен бірге би қозғалыстарының қарапайым элементтерін орындау. Қуыршақ кеіпкерлер арқылы музыкаға қызығушылығын арттыру, шығармашылыққа баулу, әуенді тыңдап, сипатын ажыратуға үйретуді әрі қарай жалғастыру.	Күні: 14.09.21ж Тақырыбы: «Менің сүйікті ойыншықтарым» Мақсаты: Балалар аспаптарының, музыкалық және шулы ойыншықтардың дыбысталуын ажыратады. Қуыршақ арқылы балаларды ұқыптылыққа тәрбиелеу, музыкалық қабілетін дамыту. Күні: 17.09.21ж Тақырыбы: «Менің сүйікті ойыншықтарым» Мақсаты: Балалар аспаптарының, музыкалық және шулы ойыншықтардың дыбысталуын ажыратады. Қуыршақ арқылы балаларды ұқыптылыққа тәрбиелеу, музыкалық қабілетін дамыту.	Күні: 21.09.21ж Тақырыбы: «Ғажайып сылдырмақтар». Мақсаты:Балалар музыкалық аспаптарын ажыратады және атайды: металлофон, сылдырмақ, бубен, барабан, қоңырау. Сылдырмақты ырғаққа сай сылдырлатып үйрену, музыка әуеніне сай қимыл жасауға дағдылану. Күні: 24.09.21ж Тақырыбы: «Ғажайып сылдырмақтар». Мақсаты:Балалар музыкалық аспаптарын ажыратады және атайды: металлофон, сылдырмақ, бубен, барабан, қоңырау. Сылдырмақты ырғаққа сай сылдырлатып үйрену, музыка әуеніне сай қимыл жасауға дағдылану.

Музыка(1,5с)	қазан	«Менің отбасым,ата-аналар еңбегі»	«Менің көшем»	«Үйдегі және көшедегі қауіпсіздік»	«Алтын күз»
Өтпелі тақырып	«Менің отбасым»	Күні:01.10.21ж Тақырыбы: «Менің отбасым» Мақсаты: Дыбыстаудың бірінғай күшімен бірдей қарқында ән салу, ән мазмұнымен байланысты дыбыстаудың түрлі сипатын беру. Отбасы мүшелерін атауға, білуге үйрету, отбасы мүшелеріне деген сүйіспеншіліктерін ән айту арқылы жеткізуге тырысу.	Күні: 08.10.21ж Тақырыбы: «Кәне, қызық ойын бар» Мақсаты:Жоғары және төмен дыбыстарды ажырата біледі, оны ойын әрекеттерімен көрсетеді.Музыка ырғағына сай кимылдар жасауға үйрету, музыкалық есту қабілеттерін арттыру.	Күні: 12.10.21ж Тақырыбы: « Жау жаңбыр» Мақсаты: Музыкалық шығарманы эмоциямен қабылдау. Бір қарқында ән салу, ересектермен бәрге ән салу, аспаптармен қосыла отырып, оның даусына бейімделе отырып, ән салу дағдыларын қалыптастыру. Музыканы тыңдау, естесактау, әнді айту, дауыстың биік және төмен ырғақтарын ажырату. Күні: 15.10.21ж Тақырыбы: «Жау жаңбыр» Мақсаты: Музыкалық шығарманы эмоциямен қабылдау. Бір қарқында ән салу, ересектермен бәрге ән салу, аспаптармен қосыла отырып, оның даусына бейімделе отырып, ән салу дағдыларын қалыптастыру. Музыканы тыңдау, естесактау, әнді айту, дауыстың биік және төмен ырғақтарын ажырату.	Күні: 19.10.21ж Тақырыбы: «Жаңбыр жауды себелеп» Мақсаты:Әнді жеке және топпен айту, әуеннің жеке екпінін және ырғақты дұрыс жеткізу дағдыларын қалыптастыру. Ауа райының құбылыстарымен байланыстыра білуге, музыкалық қабілеттерін арттыруға дағдыландыру. Күні: 22.10.20ж Тақырыбы: «Жаңбыр жауды себелеп» Мақсаты:Әнді жеке және топпен айту, әуеннің жеке екпінін және ырғақты дұрыс жеткізу дағдыларын қалыптастыру. Ауа райының құбылыстарымен байланыстыра білуге, музыкалық қабілеттерін арттыруға дағдыландыру.

	қараша	«Өзім туралы»	«Дұрыс тамақтану. Дәрумендер»	«Өзіңе және өзгелерге көмектес»	«Біз күштіміз, ептіміз»
Өпелі тақырып	«Дені саудың жаны сау»	Күні: 05.11.21ж Тақырыбы: Күзгі қойма Мақсаты: Музыкалық шығарманы эмоциямен қабылдау. Аспаптарды тыңдау және олардың дыбыстық диамикасын ажырату. Музыканы тыңдата отырып, ішкі сезімін ояту. Дыбыстарды бірте-бірте көтеру, қимылдарды ілесе қайталау.	Күні: 12.11.21ж Тақырыбы: Күзгі қойма Мақсаты: Музыкалық шығарманы эмоциямен қабылдау. Аспаптарды тыңдау және олардың дыбыстық диамикасын ажырату. Музыканы тыңдата отырып, ішкі сезімін ояту. Дыбыстарды бірте-бірте көтеру, қимылдарды ілесе қайталау.	Күні: 16.11.21ж Тақырыбы: «Мерекелік ән мен би» Мақсаты: Қимыл қарқынын өзгерте отырып қимылдау. Түрлі сипаттағы әдердің мазмұны мен күйін қабылдау. Балаларға мерекелік көңіл-күй сыйлау, белгілі әуенге қимылдар жасау үйрету Күні: 19.11.21ж Тақырыбы: «Мерекелік ән мен би» Мақсаты: Қимыл қарқынын өзгерте отырып қимылдау. Түрлі сипаттағы әдердің мазмұны мен күйін қабылдау. Балаларға мерекелік көңіл-күй сыйлау, белгілі әуенге қимылдар жасау үйрету	Күні: 23.11.21ж Тақырыбы: Жемістер бағында Мақсаты: Музыкалық шығарманы эмоциямен қабылдау. Ертегінің көңілді мазмұнына эмоцияны көңіл-күй танытады, музыкаға деген сезімін ояту. Күні: 26.11.21ж Тақырыбы: Жемістер бағында Мақсаты: Музыкалық шығарманы эмоциямен қабылдау. Ертегінің көңілді мазмұнына эмоцияны көңіл-күй танытады, музыкаға деген сезімін ояту.
	Жел-тоқсан	«Тарихқа саяхат»	«Туған өлкем»	«Астана- отанымыздың жүрегі»	«Тәуелсіз Қазақстан»

	«Менің Қазақстаным»	Күні: 03.12.20 ж Тақырыбы: «Әй –әй ата» Мақсаты: Аспаптарды тыңдау және олардың дыбыстау динамикасын ажырату.Киелі домбыра аспабымен таныстыру. Күй жанры туралы мағлұмат беру.	Күні: 10. 12.21ж Тақырыбы: Орманға саяхат Мақсаты: Ән мазмұнымен байланысты дыбыстаудың түрлі сипатын беру, бір қарқында ән салу. Ойын арқылы балалардың есту, сезіну, ән айту қабілеттерін қалыптастыру. Сюжеттік ойындық кейіпкерлер арқылы шығармашылыққа баулу.	Күні :14.12.21ж Тақырыбы: «Гүлжазира – Қазақстан» Мақсаты: Музыканы тыңдау, есте сақтау,әнді айту, дауыстың биік және төмен ырғақтарын ажырату. Қарапайым би кимылдары: шапалақтау және бір уақытта аяқпен тарсылдату, жартылай отыру,аяқтан аяққа тербелу Күні : 31.12.21ж Тақырыбы: «Гүлжазира – Қазақстан» Мақсаты: Музыканы тыңдау, есте сақтау,әнді айту, дауыстың биік және төмен ырғақтарын ажырату. Қарапайым би кимылдары: шапалақтау және бір уақытта аяқпен тарсылдату, жартылай отыру,аяқтан аяққа тербелу	Күні: 21.12.21ж Тақырыбы: Отаным Мақсаты: Музыканың сипатын сезінеді, ән, марш. Төменгі және жоғары дыбыстарды ажырата біледі. Бубенді ырғакка сай сылдырлатып үйрену, музыка әуеніне сай қимыл жасау.Балаларды патриоттық сезімін ояту. Күні: 24.12.21ж Тақырыбы: Отаным Мақсаты: Музыканың сипатын сезінеді, ән, марш. Төменгі және жоғары дыбыстарды ажырата біледі. Бубенді ырғакка сай сылдырлатып үйрену, музыка әуеніне сай қимыл жасау.Балаларды патриоттық сезімін ояту.
	Қаңтар	«Айналамызда-ғы Өсімдіктер»	«Жануарлар әлемі»	«Құстар біздің досымыз»	«Ғажайып қыс»

	«Табиғат әлемі»		Күні:14.01.22ж Тақырыбы: «Әдемі көбелек» Мақсаты: көркем – ойындық бейнелерге сай қимылдарға еліктеу, әуенді есту, сезіну, ән айту қабілеттерін әрі қарай дамыту. Музыкалық шығарманы эмоциямен қабылдау.	Күні: 18.01.22ж Тақырыбы: «Төлдер» Мақсаты: Музыкалық шығарманы эмоциямен қабылдау. Театр арқылы дыбыстарды таза айтқызу, тындау, «жоғары» және «төмен» дыбыстарын айыру, екі бөлімді әнді ажырата білуге үйрету. Күні: 21.01.22ж Тақырыбы: «Төлдер» Мақсаты: Музыкалық шығарманы эмоциямен қабылдау. Театр арқылы дыбыстарды таза айтқызу, тындау, «жоғары» және «төмен» дыбыстарын айыру, екі бөлімді әнді ажырата білуге үйрету.	Күні: 25.01.22ж Тақырыбы : «Торғайлар» Мақсаты: әуенге эмоциялық үн қосуға, сюжетті рөлді ойындарға белсене қатысуға, ырғақты ажырата білуге дағдыландыру. Қимыл қарқынын өзгерте отырып қимылдау, бір-біреулеп, жұптаса отырып би қимылдарын орындау, жануарлардың би қимылдарын ұқсату. Күні:28.01.22ж Тақырыбы: «Торғайлар» Мақсаты: әуенге эмоциялық үн қосуға, сюжетті рөлді ойындарға белсене қатысуға, ырғақты ажырата білуге дағдыландыру. Қимыл қарқынын өзгерте отырып қимылдау, бір-біреулеп, жұптаса отырып би қимылдарын орындау, жануарлардың би қимылдарын ұқсату.
	6-апта Ақ-пан	«Ғажайыптар әлемі»	«Көліктер»	«Электроника әлемі»	«Мамандықтың бәрі жақсы»

	«Бізді қоршаған орта»	Күні:04.02.22ж Тақырыбы: «Күн мен Жаңбыр» Мақсаты:Музыка-лық шығарманы эмоциямен қабылдау. Балаларға арналған музыкалық аспаптарды ажырата біледі және атын атай алады. Ойын арқылы көңілсіз, көңілді әуендерді сезіндіру.	Күні: 11.02.22ж Тақырыбы: «Пойыз» Мақсаты:Балаларға арналған музыкалық аспаптарды ажырата біледі және атын атай алады. Ойын арқылы балалардың есту, сезіну, ән айту қабілеттерін қалыптастыру. Ойыншық кейіпкерлер арқылы шығармашылыққа баулу.	Күні: 15.02.22ж Тақырыбы: «Көңілді би» Мақсаты: Жоғары және төмен дыбыстауды ажырату,оны ойын әрекеттерімен байқау.Би қимылдарын еркін орындауға,түрлі сипаттағы әуенді қабылдауға баулу,дыбыс ұзақтығы,тембрі туралы ұғымын қалыптастыру. Күні: 18.02.22ж Тақырыбы: «Көңілді би» Мақсаты: Жоғары және төмен дыбыстауды ажырату,оны ойын әрекеттерімен байқау.Би қимылдарын еркін орындауға,түрлі сипаттағы әуенді қабылдауға баулу,дыбыс ұзақтығы,тембрі туралы ұғымын қалыптастыру	Күні: 22.02.22ж Тақырыбы: «Ғажайып сылдырмақтар» Мақсаты: Музыкалық шығарманы эмоциямен қабылдау. Музыкаға деген қызығушылығын арттыру, ән айту іскерлігін дамыту, сылдырмақты ырғақты сезіне ойнауға дағдыландыру. Күні:25.02.22ж Тақырыбы: «Ғажайыпты сылдырмақ-тар» Мақсаты: Музыкалық шығарманы эмоциямен қабылдау. Музыкаға деген қызығушылығын арттыру, ән айту іскерлігін дамыту, сылдырмақты ырғақты сезіне ойнауға дағдыландыру.
	Наурыз	«Қазақстан халқының салттары мен дәстүрлері»	«Ертегілер елінде.Театр әлемі»	«Өнер көзі халықта»	«Нұр төккен,гүл Көктем»

	«Салттар мен фольклор»	Күні: 04.03.22ж Тақырыбы: «Не қалай дыбыстайды?» Мақсаты: музыкалық шығарманы эмоциямен қабылдайды. Музыка сипатына сай қимылдау іскерліктерін дамыту, әуенді ойын әрекеттерін сахналауға, хормен ән айтуға дағдыландыру.	Күні: 11.03.22ж Тақырыбы: «Тауық пен балапандар» Мақсаты: қимыл қарқынын өзгерте отырып қимылдау, бір-біреулеп, жұптаса отырып би қимылдарын орындау, жануарлардың бикимылдарын ұқсату. Дыбыс әуезділігін қалыптастыру. Аспаптардың дыбысталу тембрін айыру. Әнді орындауға баулу.	Күні: 15.03.22ж Тақырыбы: «Шуақты көктем» Мақсаты: музыкалық шығарманың қарқынын айыра алу. Әуенді есту, сезіну қабілеттерін әрі қарай дамыту, қарапайым би қимылдарын орындауға дағдыландыру, табиғи дауыспен ән айтуға үйрету. Күні: 18.03.22ж Тақырыбы: «Шуақты көктем» Мақсаты: музыкалық шығарманың қарқынын айыра алу. Әуенді есту, сезіну қабілеттерін әрі қарай дамыту, қарапайым би қимылдарын орындауға дағдыландыру, табиғи дауыспен ән айтуға үйрету.	Күні: (22.03-демалыс) Күні: 25.03.22ж Тақырыбы: «Шуақты көктем» Мақсаты: музыкалық шығарманың қарқынын айыра алу. Әуенді есту, сезіну қабілеттерін әрі қарай дамыту, қарапайым би қимылдарын орындауға дағдыландыру, табиғи дауыспен ән айтуға үйрету.
	8-апта Сә-уір	«Аялайық гүлдерді»	«Ас атасы – нан»	«Жәндіктер мен қосмекенділер әлемі»	«Еңбек бәрін жеңбек»

	«Біз еңбеккер баламыз»	Күні: 01.04.21ж Тақырыбы: «Біз, өмірдің гүліміз!» Мақсаты: Музыкалық шығарманы эмоциямен қабылдау. Әуенді есту, сезіну қабілеттерін әрі қарай дамыту, қарапайым би қимылдарын орындауға дағдыландыру, табиғи дауыспен ән айтуға үйрету.	Күні: 08.04.21ж Тақырыбы: «Біз, өмірдің гүліміз!» Мақсаты: Музыкалық шығарманы эмоциямен қабылдау. Әуенді есту, сезіну қабілеттерін әрі қарай дамыту, қарапайым би қимылдарын орындауға дағдыландыру, табиғи дауыспен ән айтуға үйрету.	Күні: 12.04.22ж Тақырыбы: «Бұл қай кезде болады?» Мақсаты: Түрлі қарқындағы музыканы тыңдау. Музыка шығармаларын эмоциямен қабылдау.Әуенді сергек айту, тыңдау, ойын – қимыл арқылы ырғақты сезіндіру Күні: 15.04.22ж Тақырыбы: «Бұл қай кезде болады?» Мақсаты: Түрлі қарқындағы музыканы тыңдау. Музыка шығармаларын эмоциямен қабылдау.Әуенді сергек айту, тыңдау, ойын – қимыл арқылы ырғақты сезіндіру	Күні: 19.04.22ж Тақырыбы: «Мысық қашады, күшік қуады» Мақсаты: Музыкалық шығарманы эмоциямен қабылдау.Түрлі сипаттағы музыкаға ден қойып тыңдауын дамыту, ынтасын тәрбиелеу. Күні: 22.04.22ж Тақырыбы: «Мысық қашады, күшік қуады» Мақсаты: Музыкалық шығарманы эмоциямен қабылдау.Түрлі сипаттағы музыкаға ден қойып тыңдауын дамыту, ынтасын тәрбиелеу.
	9-апта Ма-мыр	«Достық – біздің тірегіміз»	«Отан қорғаушылар»	«Көңілді жаз»	«Мен жасай аламын»

	«Әрқашан күн сөнбесін»	Күні: 06.05.22ж Тақырыбы: «Ағайынбыз, бәріміз!» Мақсаты: Сипаты мен мазмұны жағынан алуан түрлі екі шығарманы эмоциялық тұрғынан қабылдай салыстыра білу.Балалардың эстетикалық талғамын қалыптастыру, түрлі сипаттағы музыкалық шығарманы ажырата білуге үйрету.	Күні: 13.05.21ж Тақырыбы: «Ағайынбыз, бәріміз!» Мақсаты: Сипаты мен мазмұны жағынан алуан түрлі екі шығарманы эмоциялық тұрғынан қабылдай салыстыра білу.Балалардың эстетикалық талғамын қалыптастыру, түрлі сипаттағы музыкалық шығарманы ажырата білуге үйрету.	Күні: 17.05.21ж Тақырыбы: «Әрқашан күн сөнбесін» Мақсаты: қимыл қарқынын өзгерте отырып қимылдау, бір-біреулеп, жұптаса отырып би қимылдарын орындау, жануарлардың би қимылдарын ұқсату. Балаларды Отанын, жерін сүйуге баулу. Ән арқылы қуана білуге үйрету. Әнді көңілді, ынталы жеткізе білуге дағдыландыру. Күні: 20.05.21ж Тақырыбы: «Әрқашан күн сөнбесін» Мақсаты: қимыл қарқынын өзгерте отырып қимылдау, бір-біреулеп, жұптаса отырып би қимылдарын орындау, жануарлардың би қимылдарын ұқсату. Балаларды Отанын, жерін сүйуге баулу. Ән арқылы қуана білуге үйрету. Әнді көңілді, ынталы жеткізе білуге дағдыландыру.	Күні: 24.05.22 ж Тақырыбы: «Доп» Мақсаты: Музыкалық шығарманы эмоциямен қабылдау. Ә уенді есту, сезіну қабілеттерін әрі қарай дамыту, қарапайым би қимылдарын орындауға дағдыландыру, табиғи дауыспен ән айтуға үйрету.Ойыншықты ұқыпты ұстауға, оларды әнге қосып айтуға үйрету. Күні: 27.05.22ж Тақырыбы: «Доп» Мақсаты: Музыкалық шығарманы эмоциямен қабылдау. Әуенді есту, сезіну қабілеттерін әрі қарай дамыту, қарапайым би қимылдарын орындауға дағдыландыру, табиғи дауыспен ән айтуға үйрету.Ойыншықты ұқыпты ұстауға, оларды әнге қосып айтуға үйрету.
--	------------------------	---	---	---	---

МКҚК «Балғын» балабақшасы

«Бекітемін»

Балабақша меңгерушісі:

Т.Жақыпбекова



Күнделікті жоспар

Ортаңғы «Ақжелкен» тобы

2021 – 2022 оқу жылы

Күні: 03 .09.21ж

Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Музыка

Тақырыбы: «Бақшаға барамын»

Мақсаты:Түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдау.Балалардың музыкаға деген құштарлығын арттыру, сүйікті балабақшасы туралы ән айтуға үйрету.

Көрнекілігі: Балабақшаның суреті.

Билингвалды компонент: Балабақша- детский сад.

Сабақтың барысы: Музыка залында балаларды көңілді музыка әуенмен қарсы алады. Шеңбер бойымен жеңіл әуенге ілесіп аяқтың ұшымен жүгіру, серіппелі қозғалыс жасау, айналу.

Бізге тәртіп үйреткен,
Ән салдырып билеткен,
Әріптермен, суретпен
Таныстырған біздерді
Педагог тәтеміз.

(О. Асқар)

Музыка тыңдау: «Сәби қуанышы» (Е. Құсайынов)

- Балалар, музыка көңілді ме, көңілсіз бе?

- Бұл музыкаға қандай қимыл жасауға болады?

Ән айту. Өткен әндерді қайталау.

«Бақшаға барамын» (Ө. Байділдаев, К. Сүлейменов). Алдымен мәтінін үйреніп, әуенді анық айтуға үйрету. Әннің бірінші шумағын үйреніп, екінші шумағын келесі сабақта жалғастырылады.

Әуенді қимыл-қозғалыс: «Достастық» (Р. Рустамов) Алдымен бір-біріне арқаларын беріп, өкпелеп тұрады. Аяқтарымен жерді ұрады. Әуен өзгергенде бір-біріне қарап қолдарын шапалақтайды, соңында құшақтасып татуласады. Балабақшада балалар бір-бірімен кейде ренжісіп, өкпелеп қалады. Содан кейін көп ұзамай татуласады. Қазіргі үйренетін биіміз «Достастық» деп аталады. Қорытындылау, балаларды мақтау, бағалау. Балалар қуана қоштасып шығады.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: сүйікті балабақшалары туралы.

Игереді: көңілді, көңілсіз, өкпелеу, достастық деген түсініктерді

Меңгереді: би қимылдары арқылы өкпелеу, татуласу қимылдарын меңгереді.

Күні: 10.09.21ж

Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Музыка

Тақырыбы: «Көңілді достар»

Мақсаты: Әуенмен бірге би қозғалыстарының қарапайым элементтерін орындау. Қуыршақ кеіпкерлер арқылы музыкаға қызығушылығын арттыру, шығармашылыққа баулу, әуенді тыңдап, сипатын ажыратуға үйретуді әрі қарай жалғастыру

Көрнекілігі: Балалалардың суреті

Билингвалды компонент: Дос – друг

Сабақтың барысы: Үнтаспада «Кеш жарық» әні орындалады. Жетекші балаларды қорапқа салынған сылдырмақпен қарсы алады. Балалар залға кіріп, тізбектеле жүріп, шеңбер бойымен тұруға талпынады. Қолдарына сылдырмақты алып сылдырлатып көреді.

Қарандаршы сылдырмаққа,

Сылдыр – сылдыр етеді,

Қолымызға алып, ап.

Ән шығардық билеп ақ.

Деп ойынға шақырады.

Сазгер балалардан жан достарын сұрайды. Бір – біріне достарын айтады.

Ән айту: «Бүлдіршіндер» әні. Балалар көңілдене айта білді.

Әуенді – ырғақты қимыл. «Биге шақыру» Сазгер бір баланы ортаға шақырып, өзіне сыңар іздетеді. Балалар өз достарын жасырмай айта білді. Әнді көңілдене айта білді. Әннің мәтінін жаттап, әуенмен айтуға тырысады. Бала қалаған досын биге шақырып, аяқтарын бірге топылдатады. Музыка тез ойнағанда бірге айналады. Музыка аяқталғанда, екеуі қайтадан екі баланы шақырады. Осылай балалар түгел биге қатысады. Түлкіні қуана қарсы алады. Жеңіл жүгіріп түлкіден қашып кетуге тырысады. Қимылды ойынды қайталап ойнады. Балаларға қонаққа Түлкі келеді. Сәлемдесіп, өзінің өлеңін айтады.

Мен сұлу түлкімін,

Жәй өтпес бір күнім.

Ішінде жүремін,

Айғай-шу, күлкінің!

- Достар, бәріміз көңілді ойын ойнайық! **«Қояндар мен қу түлкі»** ойыны ұйымдастырылады.

- Балалар, қонақтармен қоштасып, шығарып салайық.

- Балалар сендерге ән, ойындар ұнады ма? Балалардың жауабы.

Түлкімен қош айтысады. Балалар шамасы келгенше жауап беруге тырысады. Балаларды мақтап, мадақтау.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: Әнді тыңдап, мазмұнын түсіну, қимылмен көрсете білу.

Игереді: Музыканың сипатын ажыратуды, ырғақты сезіне еркін

қимылдауды. **Менгереді:** Өз еркінше кейіпкерлердің жүрісін, қимылын салуды.

Күні: 14-17.09.21ж

Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Музыка

Тақырыбы: «Менің сүйікті ойыншықтарым»

Мақсаты: Балалар аспаптарының, музыкалық және шулы ойыншықтардың дыбысталуын ажыратады. Қуыршақ арқылы балаларды ұқыптылыққа тәрбиелеу, музыкалық қабілетін дамыту.

Көрнекілігі: Ойыншықтардың суреті

Билингвалды компонент: Ойыншықтар – игрушки

Сабақтың барысы: Балалар музыка залына көңілді әуенмен кіреді. Үстел үстінде қуыршақ отырады. Қуыршақтың үсті-басы лас.

Жуын, жуын, жуынсақ,

Қандай жақсы, қуыршақ!

Әйтпегенде, бөпешім,

Кірлеп кеткен екенсің.

Қазір аппақ баласың,

Қуанады анашың. (М. Жаманбалинов)

Балалармен тазалық туралы әңгіме өткізу.

Музыка тыңдау: «Бесік жыры» (Ж.Тұрсынбаев, Е.Өтетілеуұлы).

Бесік жыры қай кезде айтылады? Оны орындағанда қалай отыру керек?

Балалар жауап бере алмаса, музыка жетекшісі өзі көмектеседі. Баланы ұйқтатар алдында баяу дауыспен ән салып, бесікті жәй тербетеді.

«Кір қуыршақ» әні (И.Нүсіпбаев, Ж.Қашқынов) Ән айтар алдында дауысты қалыпқа келтіріп алу. Әнді айта отырып, балаларға адамершілік тәрбиесін беру. Тазалыққа, әдептілікке шақыру. Әрқашан жуынып, таза жүру керек, айтқанды тыңдап, үлкендердің мазасын алмау керек.

«Бала уату» ойыны. (Е.Өміров). Балалар шеңбер жасап, тізені бүгіп отырады. Көздерін жұмады. Ортада 2-3 бала ойыншық ұстап тұрады. Әуен

ойналғанда ортадағы балалар отырған балаларға білдірмей алдарына ойыншықтарды қояды. Алдында ойыншық тұрған бала ойыншықты алып, ортаға шығуы қажет. Ойын қайталанады. Ән саз жетекшісі іс-әрекетке белсене араласқан балаларға мақтау айтады, мадақтайды.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: әнді барынша таза айтуды.

Игереді: бала уату, қуыршақ, бесік жыры деген түсініктерді.

Меңгереді: шеңбер жасап отыруды, көздерін жұмып, музыка әуенін тыңдай білу дағдыларын меңгереді.

Күні: 21 -24.09.21ж

Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Музыка

Тақырыбы: «Ғажайып сылдымақтар»

Мақсаты: Музыкалық шығарманы эмоциямен қабылдау. Музыкаға деген қызығушылығын арттыру, ән айту іскерлігін дамыту, сылдырмақты ырғақты сезіне ойнауға дағдыландыру.

Көрнекілігі: Сылдырмақ, безендірілген қорап.

Билингвалды компонент: Сылдырмақ – погремушка

Сабақтың барысы: Үнтаспада «Айгөлек» әні орындалып, балаларды көңілді қарсы алады. Сазгер балаларды көңілді серуенге шақырып, қол ұстасып жүрулерін сұрайды. **«Серуендейміз, демаламыз»**

әуені (М.Красев) ойналып, 1- бөлімде қол ұстасып зал ішінде еркін жүрулерін қадағалайды. Әуеннің 2- бөлімінде бір орында тұрып, қол шапалақтайды.

- Балалар, қараңдаршы мынау қорапқа Ішінде не бар екен? Келіндер, бірге көрейік. Сазгер қораптан сылдырмақты алып :

Қызыл, жасыл, сылдырмақ,

Үн қатады сылдырлап. - деп сылдырмақты сылдырлатып көрсетеді.

«Сылдырмақты серуен»(С.Тезекбаев)

Сылдырмақты алайық,

Әсем әнге салайық!

Ән тыңдау: **«Сылдырмақ»** (А.Токсанбаев, И. Сапарбай) Әннің 1- шумағында қойталап, балалардың сылдырмақты ырғақпен соғып көрсетулерін талап етеді. Әннің соңғы шумағында балаларға сылдырмақтарын жерге қойып, қолдарымен беттерін жабуды ұсынды. Ортада әлі ойын бар, Кәне, шыға қойыңдар! – деп әндетіп, балаларды келесі ойынға

шақырады. **«Сылдырмақпен ойын»**(А.Майкаппар) педагоктің көрсетуімен ұйымдастырылады. Екі бөлімді әуенге өз еріктерімен қимылдарды ауыстыра білуе үйретеді. Балаларға ойын соңында шығыршықтарға кіріп, жасыр-ынып үлгеру керек екенін түсіндіретін. Ойынды екі рет қайталауға болады.

Апайларды тыңдаймыз,

Сылдырмақты жинаймыз!- Деп,балаларға сылдырмақтарды қорапқа салуға көмектесулерін сұрайды.

-Сылдырмақтардың даусы қандай?

-Бүгінгі серуен ұнады ма? Балалардың жауабы. Сұрақтар қойып,балалардың сөйлеп,жауап беріп дағдылануына ықпал етеді.

«Серуендейміз,демаламыз» (М.Красев) ойналып,балалар қол ұстасып шығады.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: екеуден қол ұстасып жүруді,айналуды,көппен бірге әнге қосылуды.

Игереді: жылдам және жай әуендерді ажыратуды,әртүрлі сипаттағы әндерді әуенімен жеке және хормен айтуды.

Меңгереді:сылдырмақты ырғақпен сілкіп,қозғап ойнай алуды,ауыспалы әуенді тыңдай білуді.

Күні: 01.10.21ж

Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Музыка

Тақырыбы: «Менің отбасым»

Мақсаты: Дыбыстаудың бірінғай күшімен бірдей қарқында ән салу, ән мазмұнымен байланысты дыбыстаудың түрлі сипатын беру. Отбасы мүшелерін атауға, білуге үйрету, отбасы мүшелеріне деген сүйіспеншіліктерін ән айту арқылы жеткізуге тырысу.

Көрнекілігі: Отбасының суреті

Билингвалды компонент: Отбасы - Семья

Сабақтың барысы: Музыка залында әже болып киінген музыка жетекшісі балаларды күтіп алады. Ортаға дөңгелек үстел үстіне бауырсақ қояды. Әже балалармен амандасады. Балалардан үйлерінде кімдер тұратынын сұрайды. Жауап беруге мүмкіндік жасау. *Мамам, папам* деген сөздерді алдымен айтқызып, *әже, ата* сөздерін айтуға жетелейді. Балалар, мен бәріңнің

әжелеріңмін. Қазір ән айтып беремін, сендер ол әннің не туралы екенін айтасындар.

Музыка тыңдау: «Бауырсақ» (муз. Ә.Бейсеуов, Н.Арынова).

-Сендердің ауылда әжелерің бар ма, келіп тұра ма? Әркім өз әжесі туралы айтады. Әжелеріңді жақсы көресіңдер ме? Балалардың жауабы. Өткен сабақта үйреткен **«Кәне, қызық ойын бар»** әнін қайталау. Әже балаларға жаңа ән ала келген екен.

Жаңа ән: «Топ-топ, балақан» (муз. М.Арынбаев, сөзі А.Асылбек) әні орындалады.

- Ән кімдер туралы айтылған? Балалар туралы.

Әже әнді алдымен өзі орындап береді. Мәтінін қайталап, әуенге қосылып үйретеді. «Топ-топ, балақан, шапалақта алақан» деген жерінде орындарынан тұрып, алдымен аяқтарын топылдатып, содан соң алақандарын шапалақтайды. Соңғы шумағын айтқанда қолдарын жоғары көтере шапалақтайды. «Жұлдыз болып жанамыз» деген жерде – екі қолды аспанға көтереді. **«Айна» ойынын** ойнау. Қазақтың халық әні **«Қамажай»** (өңдеген К.Қуатбаев) Балалар шеңбер жасап, әуенге қосылып жүреді. Әже ортада тұрады. Музыка тоқтағанда әже жүн сабау, киіз басу, ұршық иіру, айнаға қарау қимылдарын көрсетеді. Балалар әжені қайталайды. Ойынды балалар жалғастырады. Балалар әженің көрсеткен қимылдарын: жүн сабауды, ұршық иіруді, айнаға қарауды қайталайды. Әже балалармен қоштасып, әже балаларды мақтайды, марапаттайды.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: Отбасы мүшелерін: әжесін, атасын, әке-шешесін біледі.

Игереді: Отбасы деген түсінікті.

Меңгереді: Би қимылдарындағы тұрмыстық қимылдарды көрсету дағдыларын меңгереді.

Күні: 08.10.20ж

Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Музыка

Тақырыбы: «Кәне, қызық ойын бар»

Мақсаты: Жоғары және төмен дыбыстарды ажырата біледі, оны ойын әрекеттерімен көрсетеді. Музыка ырғағына сай қимылдар жасауға үйрету, музыкалық есту қабілеттерін арттыру.

Көрнекілігі: Балалардың суреті

Билингвалды компонент: Ойын – Игра

Сабақтың барысы: Балаларды көңілді әуенмен қарсы алады. Музыка әуеніне ілесіп қимылдарды нақты, дәл жасауға талпыну. Амандасады. Шеңбер бойымен жүгіреді. Музыка әуеніне ілесіп қимылдар жасайды.

- Балалар, мына суреттерге қараңдаршы, кімдерді көріп тұрсыңдар?

- атқа мінген адамдар, ат шабысын көріп тұрсыңдар.

Музыка тыңдау: «Төрттаған» (музыкасын жазған Б.Дәлденбай).

- аттың шабысына ұқсай ма? Аттың шабысын көз алдарыңа елестетіндерші.

Аттың төрт аяғының шабысын музыка тілінде беруге тырысады. Өткен әндерді қайталау. Ән айтар алдында денені түзеп, басты тік ұстап, қатты айғайламай, әуенді дұрыс айтуға тырысу. Өткен сабақтағы әндерді естеріне түсіріп, мәтінін анық, толық айту.

Ән үйрену: «Кәне, қызық ойын бар» (эстонның халық әні, өңдеген А.Ромере, аударған И.Сапарбай) Әннің мәтінін жаттап, әуенін үйрену.

Әуенді айта отырып қимыл жасау. Қайыrmасында қолдарын буыннан қозғалтып, орындарында тұрып айналу.

«Қолымызды жаяйық, құстай қанат қағайық» деген жерінде қолды жайып, қанат секілді қағу керек. Қимылдарды бірдей жасауға үйрету.

«Атжарыс» ойыны. «Төрттаған» музыкасымен балалар жарысып ойнайды. Екі-екі баладан жарысады, кім бірінші болып мәреге келсе, сол бала жеңіске жетеді. Музыка жетекшісі сабақты қорытындылап, балаларды мақтайды, мадақтайды.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: Әнмен қосылып қимыл жасауды.

Игереді: төрттаған, атжарыс деген ұғымдарды түсінуді игеруді.

Меңгереді: аттың шабысын, атқа отырып шабу дағдыларын меңгереді.

Күні: 12-15.10.21ж

Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Музыка

Тақырыбы: «Жау жаңбыр»

Мақсаты: Музыкалық шығарманы эмоциямен қабылдау. Бір қарқында ән салу, ересектермен бәрге ән салу, аспаптармен қосыла отырып, оның даусына бейімделе отырып, ән салу дағдыларын қалыптастыру.

Музыканы тыңдау, естесактау, әнді айту, дауыстың биік және төмен ырғақтарын ажырату.

Көрнекілігі: Жаңбырдың суреті.

Билингвалды компонент: Күн – солнце, күз – осень.

Сабақтың барысы: Балаларды «Сәлем, сәлем, балақай» әуенімен қарсы

алу. Шеңбер бойымен жүріп, қатарласып тұруды, әуенге қосыла қайталап айтуды үйрету. Балаларға әуеннің сәлемдесу әні екенін айтып түсіндіру. Балаларға «**Жау жаңбыр**» әнін (Г. Абдрахманова) қайталату. Зал іші көктем мезгілі бейнеленген және Күннің жарқырап күліп тұрған суреттерімен безендіріледі.

Күн жайлы айтылғанда шапалақ соғуды сұрау. Шуақтармен ырғақтарды қайталап көрсету. Жаңбыр жайлы «тырс-тырс» деп айта отырып, оң қол саусақтарын сол қол алақанына тырсылдатуды естеріне түсіреді, үйретеді, қайталатады. Әнді еркін айтуды сұрайды.

«Күн мен жаңбыр» ойыны

(«Ақ желкен СД»). Үнтаспадан жаңбыр үні естілгенде қолшатыр астына тығылу. Әннің қайырмасына жеңіл секіріп, би қимылдарын жасау.

Ойын екі-үш рет қайталанады. - Балалар, сендер қандай әуен естідіңдер?
- Сендер жақсы ән айтып, билеп бердіңдер, - деп мақтайды.

Қоштасады.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: музыканы тыңдауды, есте сақтауды, әнді сүйемелдеумен ілесе айтуды.

Игереді: әуеннің ыңғайына қарай жасырынуды, таяқшаларды ұстауды, саусақтарын тықылдатып соғуды.

Меңгереді: шапалақ соғуды, шуақтарды ұстап сермеуге дағдыланады.

Күні: 19-22.10.21ж

Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Музыка

Тақырыбы: «Жаңбыр жауды себелеп»

Мақсаты: Әнді жеке және топпен айту, әуеннің жеке екпінін және ырғақты дұрыс жеткізу дағдыларын қалыптастыру. Ауа райының құбылыстарымен байланыстыра білуге, музыкалық қабілеттерін арттыруға дағдыландыру.

Көрнекілігі: Күз мезгілінің суреті.

Билинвалды компонент: Жаңбыр – Дождь

Сабақтың барысы: Музыка залында музыкалық дыбыс шығарады.

Үйренген қимылдарды таныс әуенге ілесіп орындайды.

Күн болып жанайық,

Жаңбыр болып жауайық,

Гүл болып жайнайық,

Жүгіріп- жүгіріп алайық.

Шеңбер бойымен жүгіреді, әуенге сай қимылдар жасайды. Тізені бүгу, қолды буыннан бұрап айналдыру, т.б. Музыка жетекшісі жаңбырдың суретін көрсетеді. Балаларға «жаңбыр» сөзін қайталатады.

- Жаңбыр қалай жауады? Тырс-тырс-тырс.

«**Жаңбыр**» (Муз. Д. Ботбаев, сөзі И. Сапарбай)

Музыка жетекшісі әнді орындайды. Ән қайта орындалғанда әннің мәтініне сәйкес балалардың қосылып жасауын талап етеді.

«Көктен тырс –тырс жауасың» деген жерде алақандарын жайып, екінші қолмен жауған жаңбырды бейнелейді.

«*Біз ойнайтын ауланың,*

Тазартасың ауасын», - Дегенде қолдарын жоғары көтереді.

«**Жаңбыр мен күн**» ойыны. Жеңіл музыка ойналып, балалар жүгіреді, музыка ауысып, күн күркіреп, жауын жауғанда қолшатырға тығылады.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: Ауа райында кездесетін жауын – шашын түрлерін.

Игереді: Жаңбыр, бұлт, жаңбырдың тырсылын ажыратуды.

Меңгереді: Күн мен жаңбырдың музыка тілінде дыбысталуын.

Күні: 05 -12.11.21ж.

Білім саласы: Шығармашылық

Білім бөлімі: Музыка

Тақырыбы: Күзгі қойма

Мақсаты: Музыкалық шығарманы эмоциямен қабылдау. Аспаптарды тыңдау және олардың дыбыстық диамикасын ажырату. Музыканы тыңдата отырып, ішкі сезімін ояту. Дыбыстарды бірте-бірте көтеру, қимылдарды ілесе қайталау.

Көрнекілігі: Күзгі қойманың суреті

Билингвалды компонент: Күзгі қойма- осеннее хранилище

Сабақтың барысы: Балаларды «Салем, балақай» әнімен қарсы алу.

- Балалар, «Алма» ертегісіне барғанымыз естеріңде ме? Енді бүгін өздерің сол кейіпкерлерді ойнайсындар, келістік пе? - Олай болса, бәріміз отырып, «Куз» атты шығарманы тыңдайық, ертегімізді бастайық. Балалар, «Алма» ертегісін есімізге түсірейік. Балаларды үш топқа отырғызу. (Қояндар, кірпілер, қарғалар) «Балалар биі» (муз. А. Майкапар) Балаларға жаттығуларын айтқызу, қимылдату.

Ән айту: «Қоянның келуі», «Қарғалардың әуені», «Кірпіні шақырамыз»,

1- Жаттығу ырғақтарын көрсету.

Алма, алма түсеғой. Сегіздік нотаны

Қысқа қайырып, төрттік нотада тұрып қалып, қолдарын жоғарыға көтереді.

2. –жаттығу Қояндарды отырғызып, ортаға қарғаларды шақырады. «Алма» әнін айтады.

3-жаттығу «Кірпінің келуімен» басталады, кірпілер тізерлей жүріп кіреді.

Тағыда бір айналып, орындарына барады. Жаттығуды бірте-бірте жоғары, бірте-бірте төмен айтқызып үйрету.

4.-жаттығу «Аюдың келуі» әнін (.Н.Гуваджи. Ж.Қалжанова) айады.

Аю, аю, аюдың

Ақылы көп басында

Ынтымақпен аңда жүр

Тірлігін жасап қасында,

Педагог Аю рөлінде ойнап кіреді.

Алманы кім түсірді?

Алманы кім ұстап алды?

Аю: Бәріңдер, бәріңдер,

Бірдей бөліп көрейін,

Бәрің де, бәрің де,

Т ату-тәтті жүріңдер.

«Сиқырлы дорба» ойыны. Балалардың көзін байлауға болады. Қолын дорбаға салып, қарамай, нені ұстағанын айтады. « Сиқырлы дорба» сендерге жемісін сыйлайды. Мақтайды, мадақтайды. Балалар, өте кермет ойнадыңдар,

Күтілетін нәтиже:

Біледі: Музыканы тыңдауды, дыбыстарды бірте – бірте көтеруді біледі.

Игереді: Музыка ырғағымен кейіпкерлердің дауысын салуды, әндетуді игеруді.

Меңгереді: Аю болып қорбаңдап жүруді, қоян болып секіруді, кірпі болып тізерлеуді, шеңбермен жүруді.

Күні: 16 - 19.11.21ж

Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Музыка

Тақырыбы: «Мерекелік ән мен би»

Мақсаты: Қимыл қарқынын өзгерте отырып қимылдау. Түрлі сипаттағы әдердің мазмұны мен күйін қабылдау. Балаларға мерекелік көңіл-күй сыйлау, белгілі әуенге қимылдар жасау үйрету

Көрнекілігі: Бишілердің суреті

Билингвалды компонент: Мереке – Праздник

Сабақтың барысы: Музыка залына қолдарына жалауша алып, көңілді маршпен кірген балаларды қарсы алады. Атша шабуға үйрету. Он аяқ алда, сол аяқ оң аяқты қуатынын айту, қимылмен көрсету.

-Балалар, біз аттың шабысын салдық. Сендер кішкентай адамсындар, яғни баласындар. Ал аттың кішкентайын құлыншақ дейді.

Музыка тыңдау: «Құлыншақ» (муз. Қ. Шілдебаев, И. Сапарбай)

-Құлыншақ өздеріндей балалардың досы әрі серігі. Ән айту: Балалар музыка тыңдайды. Құлыншақ туралы әңгімелейді. Өткен сабақтағы әндерді естеріне түсіреді. Балалар сазгерге қарап, көрсеткенін қайталап, бірге жасауға тырысады. Өткен әндерді қайталау. Дауысты қатты айғайламай шығару.

Ән үйрену: «Мерекелік ән мен би». Әннің мәтінін үйрету. Жалаушалармен жаттығу жасату.

1. Қолды екі жаққа жайып жоғары көтеру, қайта түсіру.

2. Қолды жоғары көтеріп, денені оңға, солға иілу.

3. Жалаушаны ұстап жүру.

- Бүгін қандай ән айтылды, ән ұнады ма? Ия, ұнады.

- Қандай малдың төлі туралы ән тыңдалды? Құлыншақ

Қорытындылау, мақтау, мадақтау.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: Мерекелік көңіл күйді сезінуді.

Игереді: Мерекелік жалаушаның түсін ажыратуды.

Меңгереді: Жалаушалармен қимыл жасау дағдыларын меңгереді.

Күні: 23 - 26.11.21ж

Білім саласы: Шығармашылық

Білім бөлімі : Музыка

Тақырыбы: Жемістер бағында

Мақсаты: Музыкалық шығарманы эмоциямен қабылдау. Ертегінің көңілді мазмұнына эмоцияны көңіл-күй танытады, музыкаға деген сезімін ояту.

Көрнекілігі: алма ағашы, алма, аю, қоян, кірпі, қарға жылжымалы суреттер, жемістер.

Билингвалды компонент: Жемістер – фрукты.

Сабақтың барысы: Балалармен көңілді амандасу.

Балалар, келіңдер,

Ертегі тыңдап көріңдер! («Алма» В.Сутеева)

- Күз мезгілінде бау-бақшадағы піскен жемістер жиналады. (Фланелеграф бойынша суреттерді жылжыта отырып әңгімелейді)

- Күздің соңында ағаштардың бәрі босаған, ал мына ағаштың басында жалғыз алма қалыпты. Қоян секіріп, алмаға жете алмайды. Содан кейін ұшып бара жатқан қарғаға: «Маған алманы алып бер!» - деп бұйырыпты. Қарға алманы үзіп жатқанда жерге түсіріп алады. Алма жорғалап бара жатқан Кірпінің үстіне түсіп, оны Кірпі алып кетеді. Ал, балалар, жүріңдер, Әнді тыңдап көріңдер, - деп Г.Абдрахманованың ертегіге арнап жазылған «Алма, саған ризамыз дөңгелене қоршаймыз» әнін орындау. Балаларды шеңбермен алып жүру, қимылын көрсетіп, әнді айтуға үйрету. -

Балалар, алманы алуға не келді?

- Онда қоян болып секірейік.

- Одан кейін не келді?

- Кәне, кәне, ұшайық, қанатымызды қағайық.

- Тағыда не келді?

- Алманы қайсысы алып кетті?

Музыка тыңдау: «Күз» (С.Кибирова) Балалар, ертегіні әрі қарай музыка әуенімен тыңдап, не болғанын білейік. Бұл шығарма өте баяу, созыңқы, нәзік екен. Сөйтіп, Кірпі алманы алып бара жатса, Қоян мен Қарға жібермей «Менікі, менікі», - деп аласыпты. Осы кезде алдынан Аю шыға келіпті.

- Мені оятып жіберген кім, а-а-а?!

- Балалар, кәне бәріміз орнымыздан тұрып, Аюмен бірге қорбандап жүріп ән айтайық.

Музыка тыңдау: «Қоңыр аю қорбаңбай» (Муз. Б.Дәлденбай) Аю ойланып алманы бәріне бөліп береді.

Ойнаймыз, ойнаймыз,

Ойынға біз тоймаймыз.

«Қандай жеміс жетпейді?» ойыны. Қоян бізге жемістер беріп жіберіпті. Балаларға жемістерді көрсетіп, атап айтқызу. Бәрін көрсетіп, барып бетін орамалмен жабады. Сездірмей бір жемісті алып қояды да, қайталап сұрайды. Бұл есте сақтау қабілетіне арналған ойын.

Күтілетін нәтиже:

Біледі:Музыканы тыңдауды,әңгімелеп айтуды.

Игереді: музыка әуенімен Аю, Қоян, Қарға қимылдарын жасауды, жемістерді ұстауды.

Меңгереді:Музыка ырғағымен шеңбермен жүру, шеңберді кішірейту,

Күні : 03.12.21ж

Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Музыка

Тақырыбы: «Әй –әй ата»

Мақсаты: Аспаптарды тыңдау және олардың дыбыстау динамикасын ажырату.Киелі домбыра аспабымен таныстыру. Күй жанры туралы мағлұмат беру.

Көрнекілігі:домбыра аспабы, арқан.

Билингвалды компонент: аспап – инструмент

Сабақтың барысы: Балаларды музыка әуенмен қарсы алу. Шеңбер бойымен бірінің соңынан бірі тізіліп жүреді. Амандасу, музыка әуеніне сай қимылдар жасау.Күй келген себебін айтады ойналып,ішке ата кіреді, балалармен амандасып,. Ата:Балалар, бүгін мен ауылдан әдейі сендердің балабақшада не үйренгендеріңді көру үшін келдім. Ал балалар, мен сендерге құралақан келген жоқпын, өзім қолдан жасаған киелі домбырамды да,ала келдім. Бұл домбыра арқылы халқымыз қуанышпен, қайғысын бөлісіп отырған. Ата домбыраны шертіп көрсетеді.Музыка тыңдау:«Қосалқа» күйі (Даулеткерей)Бұл күйде қыздың әдемі жүрісін, сыңғырлаған сырғаларын бейнелеп отыр..Сазгер атаға балалардың әнін тыңдауды ұсынады.Ана туралы, әже туралы әндерін айтып береді. - Ата бүгін біз өзіңіз туралы ән айтуды үйренеміз.

Ән айту: «Әй-әй ата»(Муз.Ө.Байділда,сөзі Ж.Смақов.)

Сазгер әнді орындап береді. Балалардан ән кім туралы екенін сұрайды.Алдымен мәтінін қайталап, әуенді бөліп үйретеді. Әуенді мәтінімен қосып айтады. Ата өзі туралы айтылған әнге алғысын білдіреді. - Рахмет,балалар, өнерлерің өрге сүйресін. Енді күштеріңді сынап көрейін.

Өзіммен бірге арқан алып келдім. Бала кезімде арқан тартысып, күш сынасатын едік. Кәне, екіге бөлініп арқанды тартайық, «Арқан тартыс» ойыны. Ата балаларға ризашылығын білдіріп, мақтау, мадақтауларын жеткізіп, қоштасады.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: қазақтың киелі аспабы домбыра туралы білулері керек.

Игереді: күй деген ұғымды игереді.

Меңгереді: арқан тарту дағдыларын меңгереді.

Күні: 10.12.21ж

Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Музыка

Тақырыбы: Орманға саяхат

Мақсаты: Ән мазмұнымен байланысты дыбыстаудың түрлі сипатын беру, бір қарқында ән салу. Ойын арқылы балалардың есту, сезіну, ән айту қабілеттерін қалыптастыру. Сюжеттік ойындық кейіпкерлер арқылы шығармашылыққа баулу.

Көрнекілігі: Қысқы орман көрінісінің суреті.

Билингвалды компонент: Орман – лес.

Сабақтың барысы: Сазгер балаларды көңілді әуенмен қарсы алады. Балалар, біз бүгін орманға саяхатқа барамыз. Орманның алыста екенін түсіндіреді. Орманға жету үшін мына пойызбен барамыз. Пойызға біз барайық, вагоннан орын алайық. Балалардың «вагондарға»- тізбектелген орындықтарға жайғасуларын сұрайды. Ал паровоз бастайды, Ән айтып біз қостайық. Пыш- пыш, пух- пух. Сазгер «Пойыз» әнін(Қ.Қуатбаев, Ж.Смақов) орындайды. Ән аяқталысымен сазгер балаларға орманда аралауды ұсынады. - Балалар, қарандаршы, мынау тығылып отқан аңды танысыңдар ма? Ақ қоян-ау, ақ қоян, ұзын құлақ сақ қоян. Ақ қоян- ау, ақ қоян, жүйрік қоян, сақ қоян.- деп қоянды алып, балаларға көрсетеді. «Қояндар биі» ойналып, балаларға өз еркінше секіруді ұсынады. «Ақ қоян» әнін (Б.Аманжол, Н.Жанаев) Балалармен хормен айтады. «Қоңыр аю қорбаңбай»(Б.Дәлденбай) әуені орындалып, үйшіктен педагог - аю шығады.

Аю: Мен аюмын қорбаңбай,

Қимылдаймын қорбаңдай.

Омартаны көргенде ,

Бас қоямын ойланбай.

- Сәлеметсіңдер ме, балалар? Сазгер балаларға аюдың қимылын қайталауды ұсынады.

Кел, ойнайық, ойнайық,

Қызығына тоймайық.

Қоян, аю қуансын ,

Біз көңілді тойлайық.

«Қояндар мен аю» ойыны. Сазгер балалардың «Көңілді пойызға» отырып, «Пойыз» әнінің ырғағымен жолға шығатындарын ескертеді. Бүгінгі күннің көңілді өткенін айтып, балалармен қоштасады.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: Әуенді естіп, сезінуді, ойын барысындағы әнді, би қимылдарын есте сақтауды.

Игереді: пойызға ұқыпты отыруды, қоян, аюмен достықты, бірге қуануды, ойын шарттарын сақтауды.

Меңгереді: Музыканы сезініп, әнге қосыла айтуды, қайталауды, кейіпкерлердің қимыл-қозғалысын көрсетуді қосаяқтап секіру, әуенге жылдам жүгіру, қорбаңдап жүру.

Күні: 14-31.12.21 ж

Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Музыка

Тақырыбы: «Гүлжазира - Қазақстан»

Мақсаты: Музыканың сипатын сезінеді, ән, марш. Төменгі және жоғары дыбыстарды ажырата біледі. Бубенді ырғаққа сай сылдырлатып үйрену, музыка әуеніне сай қимыл жасау. Балаларды патриоттық сезімін ояту.

Көрнекілігі: Бубен, Еліміздің суреті

Билингвалды компонент: Отан – Родина

Сабақтың барысы: Балаларды көңілді әуенмен музыка залында қарсы алады. Шеңбер бойыменен жүру, жүгіру, жеңіл секіру т.б.

Жайнап өскен гүліндей,

Ұлымын кең даланың.

Өзім өскен үйімдей,

Аунап – ойнап аламын.

Музыка тыңдау: «Гүлжазира – Қазақстан!» (сөзі: Ө.Тәжібаев)

- Балалар, Отан деген сөздің мағынасы Өзіңнің кіндік тамған жерің деген сөз. Ән айту: «Отаным» сазгер әнді орындап береді. Ән орындау

ережелерін естен шығармау. Бірін-бірі ести отырып, үндесіп айтуға үйрету. Балалар кезекпен бубенді алып, әнді айта білді. Ән үйрену: «Отаным» жаңа әнді сазгер орындап береді. Не туралы айтылғанын сұрайды. Әннің сөзін үйретіп, екі жолын әнге қосады. Бубенді ырғаққа үйлестіре отырып қимыл жасау. Ән баяу айтылады, бубенді баяу ұрамыз. Балалар қызыға ойнайды. «Бубенмен ойын» Шеңбер жасап, қолдарына бубенді алады. Музыка ырғағына сай бубенді сылдырлатып, арттарына жасырып, шеңбер бойымен жүгіреді. Музыка аяқталғанда аяқ бүгіп отыра қалады. Қандай аспапбен таныстыңдар? Бубенмен
- Қандай ән айттыңдар? Отаным әнін айттық.
- Қандай ән тыңдадыңдар? Гүлжазира – Қазақстан!
Қорытындылау, мақтау, мадақтау.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: музыканы тыңдауды, әнді есте сақтауды.

Игереді: музыкамен бубенді жоғары көтеруді, артына жасыруды, отыра қалуды.

Меңгеруді: әуенмен ілесе ырғақты қимылдар жасауды.

Күні: 21- 24 .12.21ж

Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Музыка

Тақырыбы: «Отаным»

Мақсаты: Музыканың сипатын сезінеді, ән, марш. Төменгі және жоғары дыбыстарды ажырата

біледі. Бубенді ырғаққа сай сылдырлатып үйрену, музыка әуеніне сай қимыл жасау. Балаларды патриоттық сезімін ояту.

Көрнекілігі: Бубен, Еліміздің суреті

Билингвалды компонент: Отан – Родина

Сабақтың барысы: Балаларды көңілді әуенмен музыка залында қарсы алады. Шеңбер бойыменен жүру, жүгіру, жеңіл секіру т.б. Балалармен штық шеңберін жасау.

Жайнап өскен гүліндей,

Ұлымын кең даланың.

Өзім өскен үйімдей,

Аунап – ойнап аламын. Музыка тыңдау: «Атамекен» (сөзі: Е.Хасанғалиев)
Балалар, Отан деген сөздің мағынасы : Өзіңнің кіндік тамған жерің деген

сөз. Ескендір аталарың «Атамекен» әнінде, өзіңнің туған жерің, жайлауың, өскен елің туралы айтылған. Ән айту: «Отаным» сазгер әнді орындап береді. Ән орындау ережелерін естен шығармау. Бірін-бірі ести отырып, үндесіп айтуға үйрету. Балалар кезекпен бубенді алып, әнді айта білді. Ән үйрену: «Отаным» жаңа әнді сазгер орындап береді. Не туралы айтылғанын сұрайды. Әннің сөзін үйретіп, екі жолын әнге қосады. Бубенді ырғаққа үйлестіре отырып қимыл жасау. Ән баяу айтылады, бубенді баяу ұрамыз. Балалар қызыға ойнайды. «Бубенмен ойын» Шеңбер жасап, қолдарына бубенді алады. Музыка ырғағына сай бубенді сылдырлатып, арттарына жасырып, шеңбер бойымен жүгіреді. Музыка аяқталғанда аяқ бүгіп отыра қал. Қандай аспапбен таныстыңдар? Бубен. - Қандай ән айттыңдар? Отаным. Қорытындылау, мақтау, мадақтау.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: музыканы тыңдауды, әнді есте сақтауды.

Игереді: музыкамен бубенді жоғары көтеруді, артына жасыруды, отыра қалуды.

Меңгеруді: әуенмен ілесе ырғақты қимылдар жасауды.

Күні: 14.01.22ж

Білім саласы: Шығармашылық

Білім бөлімі: Музыка

Тақырыбы: «Әдемі көбелек»

Мақсаты: көркем – ойындық бейнелерге сай қимылдарға еліктеу, әуенді есту, сезіну, ән айту қабілеттерін әрі қарай дамыту. Музыкалық шығарманы эмоциямен қабылдау.

Көрнекілігі: Үлкен Күн, үлкен бұлт, бала санына қарай шуақтар.

Билингвалды компонент: Күн – Солнце, Жаңбыр – Дождь.

Сабақтың барысы: Балалармен амандасу. Күн шуағын көрсетіп, әндетеді:

Күннің көзі күлімдеп,

Бізге қарай ашылды.

Жылуымен жылытып,

Шуақтары шашылды.

Балалармен амандасу. Күн шуағын көрсетіп, әндетеді:

Күннің көзі күлімдеп,

Бізге қарай ашылды.

Жылуымен жылытып,

Шуақтары шашылды.

- Балалар, Күн шуағы сендерге рақмет айтып, келесі жолы тағы да келіңдер деп шақырып жатыр. Күнмен қоштасайық. Сендер өте жақсы қатыстыңдар. Балалар Күнге бас иеді.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: көңілді әуенді сезінуге үйренеді.

Игереді: музыка әуенімен күннің шуақтарын ұстауды.

Меңгереді: музыка ырғағымен би қимылдарын жасауды

Күні: 18 – 21.01.22ж

Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдасырылған оқу қызметі: Музыка

Тақырыбы: Төлдер

Мақсаты: Музыкалық шығарманы эмоциямен қабылдау. Театр арқылы дыбыстарды таза айтқызу, тыңдау, «жоғары» және «төмен» дыбыстарын айыру, екі бөлімді әнді ажырата білуге үйрету.

Көрнекілігі: Текшелер

Билингвалды компонент: Төлдер – детеноша животных

Сабақтың барысы: «Марш»(Е.Брусиловский) 1-2 тактілерде «Сәлем, сәлем, балалар!»- деп марш ырғағымен амандасу. Бірінің артынан бірі, шеңбер бойымен марш ырғағымен жүруді үйрету. 3-4 тактілері музыка тоқтағанда, тоқтау керек, музыка ойнағанда әрі қарай маршты жалғастыру. .
- Балалар, орнымызға жайғасып отырайық.

Ән тыңдау: «Төлдерді шақыру».(Д.Ботбаев) Текше арқылы балалармен әндете отырып, төлдерді шақыру. Балаларды екі топқа бөліп, бір-бірінен сұратып, жауап беруге үйрету. Текшелерді бөліп беру. Барлық төлдерді айтқызып, орындарын ауыстырып қайталалатады.

«Төлдерді тап» ойыны. Балаларға төлдердің ежелері салынған суретті беру. Пүшәйт-пүшәйт, шөре-шөре, құрау-құрау, аухау-аухау, көс-көс деп төлдерін еркелетіп, енесінің суретінің қасына қою. Бірінші топ: Қойдан жуас бозымды шақырамын қозымды. Екінші топ: Пүшәйт, пүшәйт! Балалар суреттерге

карап, төлдер текшесін қолына алып, енесіне апаруға тырысады. Балалар әнге қосылады. Балалар, мен «Төлдер» әнін (Б.Ғизатов) айтып берейін, сендер тыңдаңдар. Сөзін қайталап, әнге қосылып отырыңдар.

«Тұлпарым» әнініне қамшы ұстап билеуге үйрету. Балалар, қандай театр болғанын айтыңдаршы.

- Келесі жолы төлдерді, ежелерін өздерін ойнайсыңдар.

- Өте жақсы қатыстыңдар, жарайсыңдар. Келесі кездескенше аман сау, болыңдар.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: дыбыстардың айтылуын тыңдауды, «жоғары», «төменен» дыбыстарын айыруды.

Игереді: текшелермен жұмыс жасауды, енесін табуды, төлін табуды.

Меңгереді: би ырғақтарын қайталауды.

Күні: 25 – 28.01.22ж

Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Музыка

Тақырыбы : «Торғайлар»

Мақсаты: әуенге эмоциялық үн қосуға, сюжетті рөлді ойындарға белсене қатысуға, ырғақты ажырата білуге дағдыландыру. Қимыл қарқынын өзгерте отырып қимылдау, бір-біреулеп, жұптаса отырып би қимылдарын орындау, жануарлардың би қимылдарын ұқсату.

Көрнекілігі: Құстардың суреті

Билингвалды компонент: Торғай – воробей.

Сабақтың барысы: Марш (М. Раухвергер) ойналып, балалардың ырғақпен нық басып жүрулерін сұрайды.

Нық басып келеміз,

Бір, екі, үш!

Көңілді жүреміз,

Бір, екі, үш! – деп, әндетіп, балаларды қосылып айтуға икемдейді. Кенет музыка жетекшісі үйшік үстінен торғайды көріп қалғандай болады.

Балалар, мұнда келіңдер,

Қызықты көріңдер!

Торғай ұшып келінті,

Үй үстіне қоныпты, - деп таңқалған болады. Үнтаспадан торғайлар дауысы

естіледі. («Табиғат әуендері» жинағынан)

Шиқ-шиқ етіп дауыстайды,

Ешбір құстан қалыспайды, - деп балаларға торғайдың даусын қайталауды ұсынады.

Тұмсығымен жем шоқып,

Тары, бидай тереді, - деп торғайды ұстап, жем шоқыған қимылын көрсетіп, балаларға қайталап көрсетулерін сұрайды.

«Құстар жем шоқиды» (Е. Тиличеева) әуені ойналып, торғайлардың қимылын бірге көрсетулерін сұрайды.

«Торғай» (А. Райымқұлова) әні орындалып, тыңдалады. Әнді қайталап айтып, балалардың мәтінге сай өз беттерінше қимыл көрсетулерін сұрайды. Келесі кезекте балаларға торғай атрибуттары кигізіледі.

Кәне, қанат жазайық,

Көк аспанда самғайық, - деп әуенге ілесе торғайдың ұшқанын, қанат қаққанын көрсетеді. **«Құстар»** (Л. Банникова) әуенінің ырғағымен ілесе, қолдарын созып, «ұшуларын» сұрайды. Музыка жетекшісі үйшік шатырындағы отырған ойыншық мысықты көрсетіп:

Ала мысық пырылдап,

Жалықпайды, ұйықтайды.

Торғайды аңдып шатырдан

Күні бойы шықпайды.

Мияу-мияу... - деп балаларды – «торғайларды» мысықтан сақтандырады.

«Мысық пен торғайлар» ойыны ұйымдастырылады. Ойын барысында торғайлардың мысықтан қашып барып, «сымға» - ұзын жіпке тізіліп, қонып үлгерулерін қадағалайды.

Шиқ –шиқ еткен торғайды.

Қорғамасақ болмайды, - деп балаларға торғайды сипаттайды.

Қамқорлыққа алайық,

Ұясына салайық! – деп, торғайды ұясына апарып кіргізеді.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: торғайдың даусын салып, қайталау, әннің сөзін анық айту, көпшілікпен бірге ырғақты сезіне қозғалуды.

Игереді: сюжетті-рөлді ойындарға белсене қатысуды.

Меңгереді: қолдарын созып, «қанат қағып», жеңіл жүгіру – «ұшуды», әннің жеке сөздеріне қосыла айтуды, кейіпкер – торғайлар рөлін көрсете білуді.

Күні: 04.02.2022ж

Білім саласы: Шығармашылық

Білім бөлімі: Музыка

Тақырыбы: «Күн мен Жаңбыр»

Мақсаты: Музыкалық шығарманы эмоциямен қабылдау. Балаларға арналған музыкалық аспаптарды ажырата біледі және атын атай алады. Ойын арқылы көңілсіз, көңілді әуендерді сезіндіру.

Көрнекілігі: Үлкен Күн, үлкен бұлт, бала санына қарай шуақтар.

Билингвалды компонент: Күн – Солнце, Жаңбыр – Дождь.

Сабақтың барысы: Балалармен амандасу. Күн шуағын көрсетіп, әндетеді:

Күннің көзі күлімдеп,

Бізге қарай ашылды.

Жылуымен жылытып,

Шуақтары шашылды.

- Балалар, сендер не көріп тұрсыңдар? Кәне бәріміз Күнге жақындап тұрайық. (Бұлт суретін көрсетеді. Күркіреген найзағай, жаңбыр тырсылын ұнтаспадан тыңдатады).

Музыка тыңдау: «Балалар мен жаңбыр» (Г. Абдрахманова). Балалар әнді тыңдап, соған лайық қимылдар жасайды.

«Орамалмен билейміз» (Е. Брусиловский). Балалар сендерге Күн қуанып, бірге ойнауға шақырып тұр. Әуен көңілді ойнағанда, көңілді секіріп ойнаймыз, ал Күн тығылып бұлт шықса, бәріміз отыра қаламыз, екі қолымызды жоғары көтеріп түйістіреміз (Қолшатырды пайдалануға болады). Қолдарына орамал алып, би ырғақтарына ілесе орындауға талпынады. Ойынға көңілдене қатысады. Музыка әуені басталғанда қуанады, шаттанады. Жаңбыр әуеніне қолдарын шатыр жасап отыра қалуға тырысады.

«Күн» (М.Т.Потапенко. көңілді шығарма) ,«Жаңбыр» (А.Меңжанова).

- Балалар, Күн шуағы сендерге рақмет айтып, келесі жолы тағы да келіңдер деп шақырып жатыр. Күнмен қоштасайық. Сендер өте жақсы қатыстыңдар.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: көңілді әуенді сезінуге үйренеді.

Игереді: музыка әуенімен күннің шуақтарын ұстауды.

Меңгереді: музыка ырғағымен би қимылдарын жасауды

Күні: 11.02.22ж

Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Музыка

Тақырыбы: «Пойыз»

Мақсаты: Балаларға арналған музыкалық аспаптарды ажырата біледі және атын атай алады. Ойын арқылы балалардың есту, сезіну, ән айту қабілеттерін қалыптастыру. Ойыншық кейіпкерлер арқылы шығармашылыққа баулу.

Көрнекілігі: Пойыздың суреті

Билингвалдыкомпонент: Пойыз – поезд

Сабақтың барысы: Музыка жетекшісі балаларды көңілді әуенмен қарсы алады. Балалар, біз бүгін қоңыр қонжыққа қонаққа барамыз. Қонжыққа жету үшін мына *«Көңілді пойызға»* отырайық, - деп паровоз макетін көрсетеді.

«Пойызға біз барайық,

Вагоннан орын алайық», - деп «вагондарға» - тізбектелген орындықтарға жайғасуларын сұрайды.

«Ал паровоз бастайды,

Пыш-пыш, пух-пух,

Ән айтып біз қостайық», - деп, **«Пойыз»** әнін

(муз. К. Қуатбаев, сөзі Ж. Смақов) орындайды. Ән айтылғанда тәрбиеші мәтінге сәйкес қимыл-қозғалыстарды балаларға көрсетеді. Ән аяқталысымен балалар *«Көңілді пойыздан»* түсіп, қысқы орманда «қыдырады» Балалар «Сұр қоян» әнін еске түсіріп, ән айтайық.

«Сұр қоян» әнін (музыкасы А. Филиппенко, сөзі К. Үбанұлы) орындап, балаларға би қимылдарын көрсетулерін сұрайды.

«Қоңыр аю қорбаңбай» (Б. Дәлденбай) әуені орындалып, үйшіктен сазгер ойыншық аюды алып шығады. Ән аяқталысымен балаларды көңілді ойынға шақырады.

«Қонжық және қоянмен,

Ойын ойнап күлейік.

Достарымыз қуансын,

Тату болып жүрейік», - деп, **«Қояндар мен аю»** ойынын ұйымдастырады.

Музыка жетекшісі «Көңілді пойызға» отырып, жолға шығатындарын ескертеді. Әуен ырғағымен «пойыз» балабақшаға оралады. «Пойыз» әні қайтадан орындалады. Саяхаттың аяқталғанын, бүгінгі күннің көңілді өткенін айтып, балалармен қоштасады.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: паровоз, пойыз туралы ұғынып, білуі керек.

Игереді: пойызға отыру, өзін-өзі ұстай білуі, бірге қуану, риза болу

Меңгереді: сөздерді қосыла айту, қайталау, ойыншық кейіпкерлердің қимыл-қозғалысын жасап көрсету.

Күні:15-18. 02.22ж

Білім саласы:Шығармашылық

Білім бөлімі:Музыка

Тақырыбы:Көңілді би

Мақсаты: Жоғары және төмен дыбыстауды ажырату,оны ойын әрекеттерімен байқау.Би қимылдарын еркін орындауға,түрлі сипаттағы әуенді қабылдауға баулу,дыбыс ұзақтығы,тембрі туралы ұғымын қалыптастыру.

Көрнекілігі:үстел үсті қуыршақ театры,ойыншық қоян,түрлі түсті әшекейлер(қағаз немесе лентадан жасалып,таяқшаға бекітіледі).

Билингвалды комп:Би – танец.

Сабақтың барысы: Музыка жетекшісі балаларды есік алдынан қарсы алып,қуыршақ театрына шақырады.Театр шымылдығы ашылып,ішінен қуыршақ қоян көрінеді.Қоян балалармен сәлемдеседі.

-Балалар мені танысыңдар ма.

Мен қоянмын,қоянмын,

Сәбізді жеп тоямын.

Жемістерді көп жинап,

Қысқа сақтап қоямын.

-Балалар,менің сендермен танысықым келеді.Сенің атың кім? –деп бір баладан сұрайды.Ал сенің ше? –деп барлық балаларды өз аттарын айтуға ынталандырады.

-Балалар,сендер мен сияқты қатты қол шапалақтай аласыңдар ма?Енді жай шапалақтап көрсетіңдерші.Аяқтарыңды тез топылдата аласыңдар ма?Ал енді ақырын ,жай топылдатыңдаршы,-деген ұсыныстар арқылы балаларды дыбыс ұзақтығын,тембрін ажырата білуге үйретеді.

-Балалар,қоянға арнап тақпақ айтып берейік:

Ақ қоян,ақ қоян,

Ұзын құлақ сақ қоян,

Ақ қоян,ақ қоян,

Жүйрік аяқ сақ қоян!- Деп балалардың қимылмен көрсетулерін сұрайды.Қоян балаларды әрі қарай көңілдендіру мақсатымен:

-Сендер мен сияқты секіре аласыңдар ма?Кәне,бірге секірейікші!-деп ұсыныс жасайды. «Қояндар»(Е.Тиличеева)әуеніне ілесе секірулерін сұрайды.

-Рақмет,балалар!Мен әдемі әшекейлер ала келдім,сендерге сыйлаймын,-деп балаларға шымылдық ішінен ұсынады.

Әшекейлер әдемі

Бірге тербеледі,

Қолымызда жарқырап,

Сәнге бөленеді,- Деп әндетеді.Балаларды шеңбер бойымен тұрғызады.

«Әшекейлермен би»(А.Жилинский). Педагогтің көрсетуімен би екі рет қайталанады.Әшекейлерді дұрыс ұстап,қозғап, айналу үйретіледі.

-Ал енді қоянды көңілді биге шақырайық,балалар.

«Отырып-тұру»(эстон халық әуені,өңдеген А.Роомере,сөзін жазған

Ю.Энтин,аударған И.Сапарбай)әнін орындап,педагог қоянды ұстап,балаларға би қимылдарын көрсетеді.Балалардың жұптасып тұруларын,би қимылдарын ырғақты сезіне орындауларын бақылайды. Қоян(қайтадан театр ширмасынан көрініп):Балалар,маған сендермен бірге болған ұнады.Өнерлі,әнші,биші балалар екенсіңдер!

Музыка

жетекшісі:Қояннан не үйрендіңдер?Қоян қалай қол шапалақтайды екен?-деп сұрайды.

-Ақ қоянға рақмет айтып,қоштасайық.

Ақ қоян,ақ қоян,

Ұзын құлақ,сақ қоян.

Ақ қоян,ақ қоян

Сау болып тұр,ақ қоян! Тақпақты бірге айтып,қол бұлғап қоштасады.

Күтілетін нәтиже:

Біледі:әннің сөзін анық айтуды,көпшілікпен әнді бірге бастап,аяқтауды,би қимылдарын қайталап көрсете білу.

Игереді:қатты және ақырын,тез және жай ырғақтарын сезінуді,ауыспалы сипаттағы әнді орындауды.

Меңгереді:кейіпкер қоянмен «әңгімелесу»-диалог құруды,әшекейлер ұстап билеуді,ырғақпен айналу,иілуді.

Күні: 22 - 25.02.22ж

Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Музыка

Тақырыбы: «Ғажайып сылдырмақтар»

Мақсаты: Музыкалық шығарманы эмоциямен қабылдау. Музыкаға деген қызығушылығын арттыру, ән айту іскерлігін дамыту, сылдырмақты ырғақты сезіне ойнауға дағдыландыру.

Көрнекілігі: Сылдырмақ, безендірілген қорап.

Билингвалды компонент: Сылдырмақ – погременушка

Сабақтың барысы: Үнтаспада «Айгөлек» әні орындалып, балаларды көңілді қарсы алады. Сазгер балаларды көңілді серуенге шақырып, қол ұстасып жүрулерін сұрайды.

«Серуендейміз, демаламыз» әуені (М.Красев) ойналып, 1- бөлімде қол ұстасып зал ішінде еркін жүрулерін қадағалайды. Әуеннің 2- бөлімінде бір орында тұрып, қол шапалақтайды. - Балалар, қараңдаршы мынау қорапқа Ішінде не бар екен? Келіңдер, бірге көрейік. Сазгер қораптан сылдырмақты алып :

Қызыл, жасыл, сылдырмақ,

Үн қатады сылдырлап.

деп сылдырмақты сылдырлатып көрсетеді.

«Сылдырмақты серуен»(С.Тезекбаев)

Сылдырмақты алайық,

Әсем әнге салайық!

Ән тыңдау: «Сылдырмақ» (А.Токсанбаев, И. Сапарбай) Әннің 1- шумағында қойталап, балалардың сылдырмақты ырғақпен соғып көрсетулерін талап етеді. Әннің соңғы шумағында балаларға сылдырмақтарын жерге қойып, қолдарымен беттерін жабуды ұсынды.

Ортада әлі ойын бар,

Кәне, шыға қойыңдар! – деп әндетіп, балаларды келесі ойынға шақырады.

«Сылдырмақпен ойын»(А.Майкаппар) педагоктің көрсетуімен ұйымдастырылады. Екі бөлімді әуенге өз еріктерімен қимылдарды ауыстыра білуе үйретеді. Балаларға ойын соңында шығыршықтарға кіріп, жасыр-ынып үлгеру керек екенін түсіндіретін. Ойынды екі рет қайталауға болады.

Апайларды тыңдаймыз,

Сылдырмақты жинаймыз!- Деп, балаларға сылдырмақтарды қорапқа салуға көмектесулерін сұрайды.

-Сылдырмақтардың даусы қандай?

-Бүгінгі серуен ұнады ма?

Сұрақтар қойып,балалардың сөйлеп,жауап беріп дағдылануына ықпал етеді.
«Серуендейміз,демаламыз» (М.Красев) ойналып,балалар қол ұстасып шығады.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: Екеуден қол ұстасып жүруді,айналуды,көппен бірге әнге қосылуды.

Игереді: Жылдам және жай әуендерді ажыратуды,әртүрлі сипаттағы әндерді әуенімен жеке және хормен айтуды.

Меңгереді: Сылдырмақты ырғақпен сілкіп,қозғап ойнай алуды,ауыспалы әуенді тыңдай білуді.

Күні: 04.03.22ж.

Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Музыка

Тақырыбы: «Не қалай дыбыстайды?»

Мақсаты: музыкалық шығарманы эмоциямен қабылдайды. Музыка сипатына сай қимылдау іскерліктерін дамыту, әуенді ойын әрекеттерін сахналауға, хормен ән айтуға дағдыландыру.

Көрнекілігі: аула көрінісі, үйшік алдында күшік, мысық, жайылып жүрген ойыншық үй жануарлары.

Билингвалды компонент:дыбыс - звук

Сабақтың барысы: Музыка жетекшісі әжеге балалардың үй жануарлары туралы білгісі келетінін айтады. Әже үй жануарлары туралы өлең оқып, «Не қалай дыбыстайды?» ойыны (жинақта) арқылы балаларға сұрақтар қояды.

Секеңдеген лағым,

Лағым менің, шұнағым.

Қалай дыбыстайды?

Балаларға карточкадан лақтың суретін көрсетіп, дауысын салып берулерін сұрайды. Музыка жетекшісі лақ маңырайды деп түсіндіреді.

Күзетші күшік – саққұлақ,

Үй күзетіп шапқылап,

Дыбыс шықса қаттырақ,

Қалай, қалай үреді? (сұрақтар жалғасады) Музыка жетекшісі балаларға:

«Әжемізге өзіміздің ойыншықтарымыз туралы ән айтып берейік», - деп ұсынады. **Ән тыңдау: «Ойыншықтар»** (муз. И.Нүсіпбаев, сөзі.

Н.Әлімқұлов).Балаларға ойыншықтар ұстатып, әнді екінші рет қайталап,

мәтінге сай қимыл- қозғалыс жасауға машықтандырады. Әннің ауыспалы сипатына байланысты балалардың мимикалық қимылдарын (жымию, қабақ түю, т.б.) бақылайды.

«**Анасын тап**» ойынын (жинақта) ұйымдастырып, үй жануарлары туралы түсініктерін бекітеді. Балаларға «Бұл не?» деген сұраққа жауап беріп, карточкадағы төлдің суретін анасының суретінің қасына тауып қоюларын сұрайды. Мысалы:

*Қара көзі мөлдіреп,
Жібек жүні үлбіреп,
Анасын іздеп келеді.
Бұл не?*

Дұрыс жауап берген бала әуенге ілесе төлдің қимылын салады. Ойын әрі қарай жалғасады.

- Балалар, әжеміздің ауылы ұнады ма? - Ұнады.
- Қандай төлдер бар екен?
- Олар қалай дыбыстайды?
- Қалай жүреді екен? – деген сұрақтар қойып, еске сақтауларына ықпал етеді.
- Әжемізге рақмет айтып, қоштасып, тобымызға барайық. Құлыншаққа мініп, тез жетіп алыңдар! Үнтаспада «Тұлпарым» әні ойналады.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: әннің сөздерін анық айтуды, хормен айта білуді, төлдердің дыбысын салуды.

Игереді: ойын арқылы төлдер туралы біліп, лақ маңырайды, бұзау мөңірейді, күшік үреді сияқты түсініктерді.

Меңгереді: музыка сипатына сәйкес қозғалып, еркін қимылдайды, төлдердің қимылын сахналайды, ауыспалы ән сипатын ажырата алады.

Күні: 11 .03.22ж

Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Музыка

Тақырыбы: «Тауық пен балапандар»

Мақсаты: қимыл қарқынын өзгерте отырып қимылдау, бір-біреулеп, жұптаса отырып би қимылдарын орындау, жануарлардың би қимылдарын ұқсату. Дыбыс әуезділігін қалыптастыру. Аспаптардың дыбысталу тембрін айыру. Әнді орындауға баулу.

Көрнекілігі: тайтұяқ, асатаяқ, үйшік, баскиімдер, көңілді текше.

Билингвалды компонент: Балапан – цыпленок

Сабактың барысы: Балаларды Қ. Қуатбаевтың « Бөбектер биі» әуенмен қарсы алу; балалардың жеңіл, көңілді, жылдам ырғақпен жүруін қадағалау.

Сәлем, сәлем, балақай!

Ән айтамыз, би билейміз, алақай!

«Орман шуы» әуені тыңдалады.

Күн күледі, жадырайды,

Құстар келіп сайрайды.

Кел, балалар, келіндер,

Ертегіге еніңдер!

- Балалар, қазір бәріміз тоғайға барамыз, көбелек болып ұшамыз, қанаттарды қағамыз, гүлге келіп қонамыз.

Арықтан аттаймыз, алысқа қарамаймыз.

- Балалар, мына қырдың басында тауық сайран салады. Ән салады, ойнайды, балаларға қарайды.

«Шашу» әуенімен (Е.Брусиловский) ортаға тауық келеді.

- Балалар, біз тоғайдағы тауықтың үйіне жақындап қалыппыз.

«Тайтұяқ пен Асатаяқ» (муз. А.Райымқұлова) әнін тауық айта бастайды.

- Балалар, тауықтың әні сендерге ұнады ма? Ненің дыбысын естідіңдер?

Тауық: Қыт-қыт-қыт. Мен балаларға ұрмалы аспаптар алып келдім. (Тайтұяқ пен асатаяқты көрсетіп, бірге айтуды, ұстауды, ұруды үйретеді. Әнді қайталап айтады). Тауық: Балалар, сендер менің балапандарымды көрген жоқсыңдарма? Қайда кетті екен, ә? (Тауық кетеді). Балаларға сары баскиімдер кигізіп, оларды үйшіктің артына жасырып қою. Тауық келіп балапандарын іздейді, үй артынан көріп, қуады. Балапандар қашады. Тауық қуанып, жетекшіні биге шақырады. «Шөжелерім» (Г.Гусейнли, Н.Мұталлибов, ауд. М.Әлімбаев). Би қимылдарына үйрету.

Тауық: Балапандарым, мен сендерге «Көңілді текше» сыйлаймын.

«Көңілді текше» ойынын түсіндіру. Тауық ризашылығын білдіріп, кетеді.

- Балалар, біз бүгін қайда бардық? Тоғайға

- Нені кездестірдік ? Тауық

- Тауық бізге ән, биін, ойынын сыйлады. Келесі жолы тағы да ойын ойнап, билеп қайталаймыз. Жарайсыңдар! Қош болыңдар!

Күтілетін нәтиже:

Біледі: дыбыстарды қалыптастыруды, аспаптардың тембрін айыруды.

Игереді: аспапты ұстауды, қағуды, текшені үлестіруді.

Меңгереді: музыка әуенімен қанаттарын қағуды, аяқ ұшымен жүруді.

Күні: 15-18 .03.22 ж

Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Музыка

Тақырыбы: «Шуақты көктем»

Мақсаты: музыкалық шығарманың қарқынын айыра алу. Әуенді есту, сезіну қабілеттерін әрі қарай дамыту, қарапайым би қимылдарын орындауға дағдыландыру, табиғи дауыспен ән айтуға үйрету.

Көрнекілігі: көктем көрінісін бейнелейтін суреттер, биге қолданылатын гүлдер.

Билингвалды компонент: Көктем – весна.

Сабақтың барысы: Балаларды қарсы алып, көктемгі баққа қыдыруға шақырады. Балалар әуен ырғағымен ілесе адымдап, нық басып жүруді ұсынады. («Марш» М.Раухвергер)

Біз адымдап жүреміз,

Бір, екі, үш!

Серуендеп келеміз,

Бір, екі, үш! – Деп балаладың қосыла айтуын сұрайды.

- Балалар, баққа тез жету үшін енді жарыса жүгірейік, - деп ынталандырады.

«Кімнің жүгіргісі келеді?» (Л. Вишкарева) әуен ойналып, балалардың ырғақты тыңдай, жеңіл жүгірулерін қадағалайды.

Әуен соңында: Міне, баққа да жеттік. Енді бақ ішін аралап, қыдырайық, - деп, балаларды көктемгі бақ бейеленген көрініске жақындатады. - Қараңдаршы, балалар, бақ іші қандай әдемі! Мұнда қызыл, жасыл, алуан гүлдер жайнап тұр екен! - деп балалардың назарын аударуға тырысады.

Бақ іші қандай тамаша,

Алуан гүлдер тұр тұнып,

Демалайық отырып! –

Деп демалуға жайғастырады. Ұнтаспадан құстардың даусы естіледі

(«Табиғат әуендері» жинағынан). - Балалар, ненің даусын естіп тұрсыңдар?

Бұл – құстардың даусы. Құстар қалай дыбыстайды екен? Құстар қалай ұшады?

Қолымызды жаяйық, Құстай қанат қағайық! – деп, балаларға құстың қанат қаққанын көрсетулерін сұрайды.

Қандай қызық көктемде,

Күн шуағын төккенде.

Гүл тереміз алуан

Шығып алып бөктерге, - деп

«**Көктем**» әнінің (музыкасын жазға К.Қуатбаев, сөзін жазған А.Асылбек) 1-шумағы орындап береді. Әнді екінші рет орындағанда балаларға сазгер мәтінге сай қимылдарды көрсетіп, қайталатады. Ән аяқталысымен балаларды алдын ала «гүлдер өсіп тұрған» гүлзарға шақырып:

Қызыл, сары, жасыл, көк

Гүлдерді біз терейік, - деп гүл жинауды ұсынады.

Достығымыз жарасып,

Көңілді би билейік! «Гүлдермен би» (Т.Вилькорейская) қимылдарын көрсетіп, балаларды биге машықтандырады. Шеңбер бойымен гүлдерді жоғары көтеріп жеңіл жүгіруді, бір орында тұрып тербелуді, ортаға жиналуды, кері қарай жүру қимылдарын жасауға үйретеді.

Көктем келіп шуақты,

Балаларды қуантты.

Алақай-ау, алақай,

Құстар сайрап,

Бақтар жайнап, гүл атты!

- Балалар, сендерге бақ ұнады ма? Құстар қалай әндетеді екен? Гүлдер қандай? Мен сендерге әдемі гүлдер сыйлаймын, - деп алдын ала түрлі түсті қағаздан қиылған гүлдерді таратып береді.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: ырғақты сезіне қозғалу, ән мазмұнын түсіне көпшілікпен бірге қимылдарды көрсету, жеке сөздерді әндете айту.

Игереді: әнді әуенмен және табиғи дауыспен айтуды, баяу, сазды әуенді сезінуді.

Меңгереді: гүлдермен бір орында тұрып тербелуді, айналуды, кіші, үлкен шеңберлер жасауды, ән мәтініне сай бірге қимылдауды.

Күні: 01 – 08.04.22ж

Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Музыка

Тақырыбы: «Біз, өмірдің гүліміз!»

Мақсаты: Музыкалық шығарманы эмоциямен қабылдау. Әуенді есту, сезіну қабілеттерін әрі қарай дамыту, қарапайым би қимылдарын орындауға дағдыландыру, табиғи дауыспен ән айтуға үйрету.

Көрнекілігі: Көктем көрінісін бейнелейтін суреттер.

Билингвалды компонент: Гүлдер – цветы.

Сабақтың барысы: Балаларды қарсы алып, көктемгі баққа қыдыруға

шақырады.Балаларға әуен ырғағымен ілесе адымдап,нық басып жүруді ұсынады.(«Марш» М.Рухвергер)

Біз, адымдап жүреміз,

Бір, екі, үш!

Серуендеп келеміз,

Бір,екі, үш! – деп балалардың қосыла айтуын сұрайды. - Балалар, баққа жету үшін енді жарыса жүгірейік,- деп ынталандырады «Кімнің жүгіргісі келеді?» (Л. Вишкарева)әуені ойналып,балалардың ырғақты тыңдай, жеңіл жүгірулерін қадағалайды. Әуен соңында: Міне,баққа да жеттік. Енді бақ ішін аралап,қыдырайық,- деп, балаларды көктемгі бақ көрінісін жақындайды. Қараңдаршы,балалар, бақ іші қандай әдемі! Мұнда қызыл,жасыл, алуан гүлдер жайнап тұр екен! Бақ іші қандай тамаша, Алуан гүлдер тұр тұнып. Демалайық отырып! –деп демалуға жайғастырады.Үнтаспадан құстың даусы естіледі. - Балалар ненің даусын естіп тұрсындар? Бұл құстардың даусы. Құстар қалай дыбыстайды екен?Шиқ – шиқ – шиқ. Құстар қалай ұшады? Биікке ұшады.

Қолымызды жаяйық,

Құстай қанат қағайық! – деп, балаларға құстың қанат қаққанын көрсетулерін сұрайды.

Қандай қызық көктемде,

Күн шуағын төккенде.

Гүл тереміз алуан

Шығып алып бөктерге, - деп **«Көктем»** (Қ.Қуатбаев, А.Асылбек)

1 – шумағын орындап береді. Ән аяқталысымен балаларды алдын – ала «гүлдер өсіп тұрған»гүлзарға шақырып:

Қызыл, жасыл, сары, көк

Гүлдерді біз терейік, - деп гүл жинауды ұсынады.

Достығымыз жарасып,

Көңілді би билейік! «Гүлдермен би» қимылдарын көрсетіп, Балаларды биге машықтандырады. Шеңбер бойымен гүлдерді жоғары көтеріп жеңіл жүгіруді,бір орында тербелуді, ортаға жиналуды, кері қарай жүру қимылдарын жасауға үйретеді.

Көктем келіп шуақты,

Балаларды қуантты.

Алақай-ау, алақай ,

Құстар сайрап, бақтар жайнап,гүл атты!

-Балалар,сендерге бақ ұнады ма? Құстар қалай әндетеді екен? Гүлдер

кандай? Мен сендерге әдемі гүлдер сыйлаймын,-деп алдын ала түрлі түсті қағаздан қиылған гүлдерді таратып береді.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: ырғақты сезіне қозғалу,ән мазмұнын түсіну, көпшілікпен бірге қимылдарды көрсету, жеке сөздерді әндете айту.

Игереді: әнді әуенімен және табиғи дауыспен орындауды, баяу, сазды әуенді сезінуді.

Меңгереді: гүлдермен бір орында тұрып тербелуді, айналуды,кіші, үлкен шеңберлер жасауды,ән мәтініне сай бірге қимылдауды.

Күні: 12 – 15. 04.22ж

Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Музыка

Тақырыбы: «Бұл қай кезде болады?»

Мақсаты: Түрлі қарқындағы музыканы тыңдау.Музыка шығармаларын эмоциямен қабылдау.Әуенді сергек айту, тыңдау, ойын – қимыл арқылы ырғақты сезіндіру.

Көрнекілігі: бұлт,күн, таяқшалар.

Билингвалды компонент: Күн – солнце, бұлт – облако,жаңбыр – дождь.

Сабақтың барысы: «Колхоздағы той» әуенінің ырғағымен балалар залға кіреді. «Сәлем,сәлем,балақай» әнін айтып қарсы алу.

Айналайын балалар,

Маған қарап тұрындар.

Аяқтары тік түзеп,

Амандасып алыңдар.

Сәлем,сәлем,балақай!

Сәлем,сәлем,балақай!

Музыка залының бір бұрышы көктем лайық көрнекі құралдармен жабдықталған.

Айналаға қараңдар,

Бұл қай мезгіл балалар? Балалардың назарын дайындаған көрнекі құралдарға аударып, қызықтырып, жайғасып отыруларын сұрайды.

Үнтаспадан күркіреген найзағай мен жаңбыр дыбысы естіледі.Ілінген үлкен бұлт пен Күнге балалардың көңілін аударады.

Музыка тыңдау: «Жаңбыр» (Еденге бұлттың кішкентай пішіндері мен күннің шуақтарын араластырып, алдын ала дайындап қою).

Ән айту: «Күн мен жаңбыр». Әнді айтып беру, атрибуттарды қолдарына ұстатып, қозғалтып, қимылдарды үйретеді, қайталатады. -Балалар, балалар! Қарандаршы, Күннің көзі күліп тұр! Шуағын шашып тұр!-деп, әуенге сай қимылдарды, қозғалыстарды көрсетеді, қайталатады. Би: «Вальс» (А.Аренский) «Орамалмен билейміз», -деп, би ырғақтарын әдемілеп орындау, орамалымыздың әдемі екенін көрсету, оңға-солға бұлғау. Орамалды қолға ұстап, алға-артқа, төмен-жоғары көтеріп желпілдету. Шеңбер бойымен жеңіл жүгіру. **«Жау, жаңбыр»** ойыны. Әр балаға барабан таратылады, екі таяқшасымен барабанды соғып, «қатты», «жай» дыбыстарын тыңдатып, ажыратқызу. «Күн мен жаңбыр» әуенін ойнатып, жаңбыр жайлы айтылғанда таяқшамен барабанды жай соғып, «бұлттар төніп тұрады» деген жерінде барабанды таяқшамен қаттырақ ұрып көрсету. - Жаңбыр қай мезгілде жауады, қалай жауатынын пысықтап айтып, көрсетеді. - Сендер белсене қатыстыңдар! Жарайсыңдар! -деп мақтайды. Күн жайлы айтылғанда таяқшаларды жоғары көтеріп, бірін бірін ұрады. Басқа қимылдарды музыка жетекшісінің қалауымен дамыта түсуге болады.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: әуенді тыңдауды, айтуды.

Игереді: таяқшаларды ұстауды, барабанды ырғақпен соғуды.

Меңгереді: жүгіруді, ырғақпен шапалақтауды, қолдары мен саусақтарын қимылдатуды.

Күні: 19 - 22.04.22ж

Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Музыка

Тақырыбы: «Мысық қашады, күшік қуады»

Мақсаты: Музыкалық шығарманы эмоциямен қабылдау. Түрлі сипаттағы музыкаға ден қойып тыңдауын дамыту, ынтасын тәрбиелеу.

Көрнекілігі: алақандар, ойыншық Ақтөс, Барыс.

Билингвалды компонент: Мысық – кошка, күшік – собачка.

Сабақтың барысы: Балаларды Е.Қасанғалиевтің «Атамекен» ырғағымен қарсы алу. - Сәлем, сәлем, балалар! Балаларды отырғызып, ойын ойнауға шақыру. Музыкалық дидактикалық ойын: «Көңілді алақандар». Түрлі

сипаттағы музыкаға ден қойып, оны тыңдау, ынтасын тәрбиелеу. Картон қиындыларынан жасалған көңілді алақан суреттерін балаларға таратып береді. Алақандар не істеп жатыр? Алақандар не істей алады? Ерте, ерте, ертеде Көңілді алақандар өмір сүріпті. Алақандар бір күні ерте тұрып, таң атпай қыдырып кетіпті. Олар бірін – бірі көргеніне қатты қуаныпты. Балалар қол шапалақтайды. Музыка әуенімен қолдарын жоғары көтеріп жүреді. Алақандар бір-бірі мен амандасып, бастарын иеді. Зал бойымен жүріп, алақандарын түйістіреді.

Ән тыңдау: «Әй-эй бөпем» (халық әні) - «Көңілді алақандардың» көңіл күйі қандай екен? «Балдырғандар маршы» (Қ. Қуатбаев) «Қуанамын» (М. Ержанов) музыкасын тыңдап, алақандарын көрсетеді. - Балалар, жарайсындар, ал енді ертегі тыңдайық. Әуенді – қимылды қозғалыс: «Ақтөс пен Барыс» «Колхоздағы той» (Е. Брусиловский) әуенімен балаларды шақырып билету. - Балалар, сендерге бүгін қандай қуыршақтар келді? Көңілді алақандар келді.
- Келесі жолы өздерің ойнайсындар. «Ақтөспен Барыс» әнін жаттап келіндер. Сау болындар!

Күтілетін нәтиже:

Біледі: Музыка арқылы «ұйықтау», «қыдыру», «көңілді», «көңілсіз» сипаттарын ажырату.

Игереді: Алақандарды ұстап көрсету.

Меңгереді: Ырғақты қимылдарды.

Күні: 06 -13. 05.22ж

Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Музыка

Тақырыбы: «Ағайынбыз, бәріміз!»

Мақсаты: Сипаты мен мазмұны жағынан алуан түрлі екі шығарманы эмоциялық тұрғынан қабылдай салыстыра білу. Балалардың эстетикалық талғамын қалыптастыру, түрлі сипаттағы музыкалық шығарманы ажырата білуге үйрету.

Көрнекілігі. Ақ, сары, қара балалардың қол ұстасып тұрған суреті.

Билингвалды компонент: Ағайын – родственник.

Сабақтың барысы: Музыка залында балаларды қарсы алады.

Балалардың шеңбер бойымен жүгіруін, музыка ауысқанда сол музыкаға сай қимылдар жасауын қадағалау.

Бір шаңырақта табысқан,

Дос бауыр көп, туысқан.

Отан – ортақ үйіміз,

Көңілді ән мен күйіміз.(Е.Өтетілеуұлы)

- Балалар, достық деген сөзді қалай түсінесіңдер? Арамызда басқа да ұлттық балалары бар: қазақ, орыс, өзбек, тәжік т.б. Бірақ бір - бірімізді бөлмейміз, бірге ойнаймыз, бірге тамақ ішеміз, бірге ұйықтаймыз. Әрқашан осындай тату болуымыз керек. Қазақ жерінде тұрғандықтан, қазақтың халықтық музыкасын құрметтеуіміз керек.

Музыка тыңдау: «Жайдарман» (халық әні) ән көңілдеме, әлде көңілсіз бе? Бұл әнге қосылып ән айтуға, би билеуге болады.

Ән үйрену: «Ағайынбыз, бәріміз!» (М.Әубәкіров, Ә. Дүйсенбиев) Ортақ болсын асқар тау, Болсын жер мен су да ортақ, - деп не үшін айтылған? Бәріміз тату, дос болсақ, су да, жер де бәрімізге жетелі, бақытты өмір сүреміз, - деп отыр. «Қоңыраумен ойын» (Т.Ломова) Балалар үлкен және кішкене қоңыраумен танысады. Сазгер қоңыраулардың дыбысталуын көрсетеді. Айырмашылығына тоқталады. Балалардан музыка ойнағанда қай қоңырау сылдырлауы керектігін сұрайды. Ортаға балаларды кезек – кезек шақырып, ойнаған музыка қай қоңырауға тән екенін сұрап, сол қоңырауды алып сылдырлатуын өтінеді.

Би: «Биге шақыру» (орыс халық әні) Алдымен бір бала биге шығып, қимылдар жасайды. Музыка аяқталғанда бір баланы биге шақырады. Екеуі тағы екеуін шақырады. Осылайша бәрі түгел биге шығады. Қорытындылау, балаларды марапаттау.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: Қазақтың халық әнінен қабардар болуы, халықтық, ұлттық деген сөздерді білуі керек.

Игереді: ортақ, ақпыз, сары, қарамыз, достық деген түсініктерді.

Меңгереді: үлкен және кіші қоңыраулардың даусын ажырата биге шақыру дағдыларын.

Күні: 17 - 20.05.22ж

Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Музыка

Тақырыбы: «Әрқашан күн сөнбесін!»

Максаты: қимыл қарқынын өзгерте отырып қимылдау, бір-біреулеп, жұптаса отырып би қимылдарын орындау, жануарлардың би қимылдарын ұқсату.

Балаларды Отанын, жерін сүюге баулу. Ән арқылы қуана білуге үйрету. Әнді көңілді, ынталы жеткізе білуге дағдыландыру.

Көрнекілігі:

Бейбітшіліктің суреті

Билингвалды

компонент:күн - солнце

Сабақтың барысы: Балаларды көңілді музыкамен қарсы алады.

Амандасады. Шаттық шеңберін жасау. Жүгірту, би қимылдарынан үзінді жасату (серіппе, аяқты топылдату, т.б.)

Ән тыңдау: «Ақ кептерлер» (М.Мақатаев,Н. Тілендиев).

Ән үйрену:«Әрқашан күн сөнбесін» (Ш.Қалдаяқов, О.Әубәкіров)

Ән айту ережелерін еске түсіреді. Әнді музыка жетекшісі көңілді, жеңіл орындап береді. Көтеріңкі көңіл күймен балаларға үйретеді.

Әуенді- ырғақты қимыл: «Қосарланып билеу» (Литваның халық әні)

Балаларды жұптасып, шеңбер бойында тұрғызу. Әуенмен жеңіл жүргізу.

Әуеннің өзгерісіне қарай аяқты топылдатып, қолдарын соққызып, қол ұстатып, дөңгелетіп айналдыру. Балалардың бірдей қимыл жасауына көңіл аудару. Әнді ести алуларын, соған сай қимыл жасай білулерін қадағалау.

Сабақты қорытындылау, белсене араласқан балаларды ерекше атап өту.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: музыка арқылы өз балабақшасына деген сүйіспеншілікті сезініп, жеткізе білулері керек.

Игереді: достық, әдептілік, батылдық деген түсініктерді.

Меңгереді: әуенге сай ырғаққа ілесіп би қимылдарын жасау дағдыларын.

Күні: 24 - 27.05.22 ж

Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Музыка

Тақырыбы: «Доп»

Мақсаты: Музыкалық шығарманы эмоциямен қабылдау. Әуенді есту, сезіну қабілеттерін әрі қарай дамыту, қарапайым би қимылдарын орындауға дағдыландыру, табиғи дауыспен ән айтуға үйрету.Допты ұқыпты ұстауға үйрету.

Көрнекілігі: Доптың суреті

Билингвалды компонент: Доп – мяч

Сабақтың барысы: Балаларды музыка залында көңілді әуенмен қарсы алады.Амандасады. Шеңбер бойымен жүріп, музыка әуені ілесе қимылдар жасайды.

« Доп»

Шаршамайсың, шалдықпайсың , доп, қалай?

Секіресің, секеңдейсің тоқтамай.

Асыққанда арықтан да аттайсың,

Бірақ суға түссе тағы батпайсың. (Р. Тышқанбаев)

- Балалар, сендер доппен ойнап көрдіңдерме? Допты жерге ұрсақ, өзіне қайтып келеді. Допты теуіп ойнауға болады, бір –біріне лақтырып, қағып алып ойнауға болады.

Музыка тыңдау: «Доп» (Т. Ломова) - Музыка қалай ойналды?

Тез, көңілді, жеңіл балаларға доптың секіргенін музыка тілінде түсіндіру, ұғындыру.

Ән айту: Өткен сабақтағы әнді қайталау. Жаңа ән: «Доп» (Б. Қадірбек, А. Асылбек) Әннің мәтінін үйретіп, әуенге қосылады. Жәй қатты деген жерінде дауысты бәсеңдетіп, қаттырақ шығара айтуға дағдыландыру.

Әнді үйретіп болған соң, доппен ойнау, доппен Қимылдар жасап жалғастыру. «Допқа кім тез жетеді?» ойыны. Музыка ойналғанда сазгер допты лақтырады, балалар доптың соңынан қуады. Кім допқа тез жетсе, сол бала жеңімпаз атанады. Ойын бірнеше рет қайталанады.

Қимылды – ырғақты қозғалыс: «Кішкентай би» (Н. Александрова)

Ырғақты сезіне аяқтарын топылдатуға, алға, артқа жүруге, қол ұстасып айналуға үйрету. Қорытындылау, мақтау, мадақтау, марапаттау.

Күтілеін нәтиже:

Біледі: әуенге қосылып қимыл жасауды.

Игереді: доп туралы түсініктерді.

Меңгереді: би элементтерін жасап үйренеді.